**Аннотация.** Жұмыстың мақсаты Қазақстан Республикасында азаптаудың алдын алудың ұлттық механизмі қызмет атқаруының кейбір ұйымдастырушылық-құқықтық қырларын зерттеу. Мақалада логика, формальды-құқықтық және салыстырмалы құқықтық әдістер қолданған. Жұмыс нәтижелері заңшығарушылық, заңға сәйкес қабылданған актілерде және орындаушылық деңгейде азаптаудың алдын алудың ұлттық механизмі тиісті қызмет атқаруына жағдай жасалып жатқаны туралы деректерді анықтаудан тұрады. Азаптаудың алдын алудың ұлттық механизмін құрайтын ұйымдастырушылық-құқықтық шараларды формальды-құқықтық талдау, алғаш қарағанда, халықаралық қауымдастықтың алдында алған құқықтық міндеттемелерін орындауды мемлекетіміз жан-жақты қамтамасыз еткен сияқты. Жұмыстың нәтижелері осы саладағы ғылыми зерттеулерде, оқу үрдісінде және құқық қолдану тәжірибесінде қолданылуы мүмкін. Зерттеу нәтижелері азаптаудың алдын алудың ұлттық механизмінің тиімділігін Қазақстанға айтылған азаптауға қарсы Комитетінің ескертулеріндегі нақты мәселелерді шешуге байланысты бағалауға болады деген тұжырымдама көрініс табады.

Поступила 15.07.2015 г.

**NEWS**

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

**SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES**

ISSN 2224-5294

Volume 4, Number 302 (2015), 14 – 18

УДК 340.141 (470.68)

**«BEZHITSKY ADATS» AS A MONUMENT RIGHTS OF DAGESTAN**

**Ismailov M.A., Useinova K.R.**

Dagestan state university  
al-Farabi Kazakh national university, Almaty, Kazakhstan

**Key words:** legal culture, law, customary law, Bezhta, monuments, Kapucha.

**Abstract.** This article provides a detailed description of one of the most interesting monuments of customary law – "Bezhitsky adats". In addition an excursion to the history of Kapuchin society was conducted. On example of the articles the development of customary law of peoples of Dagestan was traced. "Bezhitsky adats" in the interpretation of F.I. Leontovich have ancient and centuries-old history, along with other monuments and require in-depth study.

**БЕЖИТСКИЕ АДАТЫ КАК ПАМЯТНИКИ ПРАВА ДАГЕСТАНА**

**Исмаилов М.А., Усеинова К.Р.**

Дагестанский государственный университет,  
КазНУ им. аль-Фараби

**Ключевые слова:** нормативно-правовая культура, право, обычное право, Бежта, памятники права, капуча.

**Аннотация.** В статье дана развернутая характеристика одному из интересных памятников обычного права – «Бежитские адаты». Кроме того сделан экскурс в историю становления капучинского общества. На примере статей свода прослежены особенности развития обычного права народов Дагестана. «Бежитские адаты» в интерпретации Ф.И.Леонтовича имеют древнюю и многовековую историю наряду с другими памятниками права и требуют углубленного исследования.

Как известно практически любая государственно-правовая система имеет свои памятники, выработанные на основе нормативно-правовой культуры в данном случае народов Дагестана. Как правило, адат создается на определенной территории жизненного пространства как в феодальном владении так в сельском обществе Дагестана как санкционированная правовая норма, сложившаяся вследствие его фактического применения в течение длительного времени и характеризующая юридический быт этноса. Ярким свидетельством этому служат памятники обычного права народов Дагестана.

Памятники права народов Дагестана начали публиковать, начиная со второй половины XIX века. Изучение адатов является необходимой предпосылкой для успешного исследования права народов Дагестана. Однако приходится признать, что сегодня историки права нередко сталкиваются с нехваткой критических, комментированных изданий таких источников, многие из которых до сих пор не введены в оборот, в том числе и многие важные источники по истории государства и права Дагестана. В данной статье речь идет о памятнике права народов (капучинцев) Дагестана- «Бежитских адатах».

В исторической и в этнографической науке бежитинцы известны под термином капучинцы. Поэтому мы будем пользоваться термином «капуча», который чаще всего встречается в литературе грузинского происхождения, откуда он был заимствован отечественными

исследователями. По сведениям средневековых письменных источников этноним «капуча» встречается задолго до их исламизации, в арабской географии «Мальтабрун» - «Дагестан или Лажжистан делится на 8 земель: Авар, Дидо, Кафучи (Капуча и Анцух), Андфис (Анди), Гумух и другие. [ 2, С. 188. ]

Существует другая версия происхождения этнонима «капуча», в переводе с турецкого «капуча» означает меч. Действительно, в прошлом бежтинцы были известными мастерами по изготовлению мечей и других металлических изделий, что свидетельствуют находки Бежтинского могильника.

При изучении истории Дагестана XVII–XIX вв. наибольший интерес исследователей вызывала социально-экономическая сторона. Правовое же развитие изучено заметно слабее. В 1877-1879 гг. М.М. Ковалевский побывал в Бежта и описал адаты, которые в данное время находятся в его архиве, откуда были извлечены и опубликованы А.С. Омаровым. [ 7, С. 23. ]

Что касается «Бежитских адатов» и того как они попали в научную библиотеку Одесского (Новороссийского) университета, то они попали в числе других сводов адатов к статс-секретарю И.Бентковскому отсюда Ф.И.Леонтовичу. Бентковский прибыл на Кавказ, сосланный после умирения польского восстания 30-х годов, затем продолжал службу в Кавказском линейном войске и в чине сотника вышел в отставку в 1857 году. Таким образом, военная служба И. Бентковского продолжалась более 25 лет. Оставив ее, он полностью посвятил себя историческому краеведению. Некоторые материалы доступные ему он передал А.Леонтовичу, который и опубликовал их.

Ф.И. Леонтович известный специалист того времени в области обычного права отмечает: «Из древнейших сборников дагестанских адатов нам известны в настоящее время четыре памятника:

1. *Сборник адатов аварского народа, составленный в XI в. (хиджры. – М.Р.) Омар-ханом (Умма-ханом) Аварским;*

2. *Сборник адатов Кайтаха XII в. Он составлен местным уцмием Рустам-ханом;*

3. *Сборник Кайтагских адатов, XVI в. Он составлен Кайтагским уцмием Ахметом, сыном уцмий Гасан – Али;*

**4. *Бежитские адаты.***

Далее он пишет: «Есть основание думать, что собственно «перевод» адатов Бежитского округа составлен в новое время (чуть ли не в 60-х годах), в виде извлечения из нескольких древних арабских сборников, бывших исстари в употреблении в отдельных «наибствах» округа и сведенных в нашем «перевод» в один общий сборник» . [7, С. 23. ]

Тут надо уточнить то что «Бежитские адаты» извлечены из архива М.М. Ковалевского и опубликованы А.С. Омаровым. «Перевод с арабского существующих в Бежитском округе адатов», – это сборник адатов Бежитского округа, а «Бежитские адаты» описаны были М.М. Ковалевским, который сделал многое для изучения обычного права народов Дагестана и в целом Кавказа.

Как известно каждый джамаат имел собственный кодекс где сведение статей не было механическим, нашли отражение нормы, одинаковые для всех сёл по уголовным, имущественным и нравственным преступлениям, а также те, которые выражали интересы союза, т.е. не могли быть содержанием кодекса отдельного джамаата [ 1, С. <sup>С.165</sup>].

Нормативно-правовая культура капучинцев отвечала уровню их социально-экономического устройства и отражает основные принципы зарождающегося социального неравенства, и «многие черты социально-экономического строя и гражданско-правового быта народов Дагестана» [ 6, С. <sup>2</sup>].

Запрет и ограничение общинника в праве свободно распоряжаться принадлежащей ему землей, естественно, тормозило развитие института частной собственности. В то же время оно свидетельствует о том, что хотя общинник ведет парцеллярное хозяйство как собственник земли, но он все же и его земля находятся под контролем общины. «Хотя шариат и позволяет продажу недвижимого имущества посторонним, – говорится в адатах капучинцев, – но по адату, которого придерживаются Капучи, продажа недвижимого имущества постороннему возможна только в том случае, если родственник по отцу не воспользуется правом предпочтительной покупки» [ 7, С. <sup>7</sup>]. Естественно, шариат для Капуча - явление позднее, примерно рубеж XVII - XVIII вв.

Видимо, институт предпочтительной покупки, выкупа в более ранний период был более развитым. Кроме того, после сбора урожая опять-таки земля общинника переходила в пользование общины. Без разрешения общины общинник не имел права пользоваться общинными угодьями.

Ограничение прав общинников даже в использовании главного средства производства – земли со всеми относящимися к ней естественными факторами и процессами, природой данными, ставило общинника в жесткие условия и зависимое положение. Общинник не мог свободно распоряжаться своим недвижимым имуществом. Согласно адатам он был поставлен в такие условия, что не мог чувствовать себя полноправным хозяином своей земли. Каждый отдельный человек являлся собственником или владельцем только в качестве звена этого коллектива, в качестве его члена. Распоряжаясь земельными угодьями, лесом и пр. община делала невозможным жизнь своего члена за пределами общины. Это было во многих адатах и согласно адатам Гумбетовского, Технуцальского общества общинник не имел права без разрешения на то джамаата даже сорвать кисть винограда из собственного сада. Такое деяние наказывалось штрафом в пользу общества в размере 1 быка [ 7,С. 23]. . В данном случае мы наблюдаем, что общинник – как личность противостоит общине в целом. Хотя здесь нет ярко выраженной эксплуатации общинниками друг друга, но община в совокупности как коллектив (государство) выступает в отношении отдельной личности как эксплуататор и насильник.

Многие работы - как-то строительство дорог, ирригационных систем, мостов, мельниц, были принудительными. За отказ от общественных работ общинника наказывали штрафом. Правда, размеры композиции были различными. Да и хозяйственные работы перегон, уборка урожая, строительство дома ставили в зависимости общинника от общины, принуждал их объединяться в различные общности и, прежде всего, в сельские общины.

Община обеспечивала также защиту от внешнего врага. Первоначально как добровольное территориальное объединение в форме сельской общины, в последующем она становится субъектом насилия и ограничения прав личности. Оберегая имущество и жизнь общинника, община выработала правовые нормы, направленные против самого общинника. «Кто начнет косить раньше общества деревни, – сказано в адатах дидойского общества, - с того взыскивается одна мера какого-нибудь хлеба в пользу деревни» [ 7,С. 58]. «Строгая ответственность за действия, признанные вредными для всего общества, многочисленность различных запретов и предписаний, нарушение которых называлось взыскиванием штрафов, – пишет А.С. Омаров, – и как крайние меры, изгнание из общества раскрывают степень зависимости личности от сельской общины» [ 6,С. 29].

С другой стороны, принятие ислама привело к дальнейшему ограничению деятельности общинника, появились новые обязанности, исполнение которых были обязательны для всех членов общества достигших 14 летнего возраста. В связи с этим в адатах появились статьи нового порядка, направленные на сохранение и исполнение религиозных обрядов.

В адатах имеются статьи, которые направлены против личности в защиту религиозных обрядов. Для примера приведем некоторые из них; «Кто нарочно пропустит молитву, с того взыскивается 5 овец, если постящийся перестанет поститься, то с него взыскиваются одна овца в пользу деревни. Кто из постящихся надумает после соединиться с женщиной, тот должен накормить 60 человек нищих. Кто украдет чего-нибудь из мечети, с того взыскивается 6 руб. серебром» [ 7,С. 2]. Приведенные нормы обычного права капучинцев свидетельствуют о том, что принятие ислама привело к дальнейшему сужению прав общинника, появлению новых запретов.

Население вольного общества могло искать справедливость у хана. В Бежитских адатах записано «До времени Шамиля обращались в трудных делах к Аварским и казикумухским ханам, которые и умиротворяли (т.е., например, к Сурхай-хану и Умма-хану аварским, Аглар-хану Кизикумухскому, а также елисейскому Даниэлю Султану)» [ 7,С. 74]. В адатах много моментов схожих со сводами многих адатов к примеру обряд примирения Описание этого обряда мы находим, в «Бежитских адатах»: «Когда дело об убийстве кончается платежом и примирением, убийца... одевался в белый саван с веревкой на шее, позади его вели быка. В этом виде он является к родственникам убитого, которые ждут его в определенном месте, сопровождают его родственники. Подходя к старшему родственнику убитого, убийца говорит ему: «Я перед вами, сделайте, что хотите». Родственники убитого могут убить его, но обыкновено прощают. И в том, и в другом случае следует прекращение мести, бычка режут и начинается угощение» [ 7,С. 76].

«Бежитские адаты» в их совокупности и разнообразии позволяют составить представление о довольно богатом и разнохарактерном опыте влияния ислама, в том числе, опыте, учитывавшем



сложившиеся в среде дагестанцев нормативно-ценностные и поведенческие стереотипы, взгляды, отношения и практиковавшиеся здесь способы и формы разрешения конфликтов и споров.

Безусловно под влиянием российской государственности также адаты видоизменились что можно проследить уже на «Адатах Бежтинского округа» Для установления достоверности и углубленного изучения сведений, представленных в сборниках адатов, необходимо в качестве контрольных данных использовать труды М.М.Ковалевского. Нет сомнения в том, что они составлены «выборочным» путем, и большое число действовавших в то время адатно-правовых норм не нашло в них отражения.

Между тем нормы обычного права могут быть правильно оценены и объективно использованы в научных исследованиях лишь исходя из основополагающего положения о том, что правовые отношения, как и формы государства, коренятся в жизненной материальной реальности.

Теперь несколько слов о другом сборнике адатов (Перевод с арабского о существующих в Бежидском округе адатов), собранных кавказской администрацией, которые были составлены с целью практического использования их в окружных судах и в областном «народном суде». Этим, пожалуй, объясняется и то, что они содержат в основном нормы уголовного, семейного и наследственного права.

Присоединение Дагестана к России и кодификация правовых норм помогли этому процессу, хотя и придали ему своеобразные черты. Практически стали возможны два способа вмешательства русской администрации в нормативно-регулятивную сферу жизни народов Дагестана. Первый, как бы, косвенный, когда администрация рассматривала конкретный частный случай (конфликтную ситуацию и способы ее разрешения, практиковавшиеся населением). Администрация давала санкцию на "традиционный" способ решения спора (или хотя бы мирилась с произошедшим инцидентом), Тем самым она не только создавала прецедент для будущего повторения аналогичных решений, но и повод обращаться к ней уже в качестве третейского судьи, если какая-то сторона оказывалась неудовлетворенной, и апеллировать к более раннему опыту.

Второй – прямое вмешательство в существовавшие обычно-правовые порядки, изменение принятого до тех пор обычая, если он не устраивал власти, вплоть до изъятия полномочий на решение отдельных спорных вопросов и конфликтов у местных общин, действовавших на основе обычая, и наделения соответствующими прерогативами русских администраторов на местах.

Следовательно, было осуществлено ограничение кровной мести и частично обеспечены гарантии личной безопасности кровника, его семьи и родственников. Военно-народная администрация постепенно изъела дела о кровомщении из ведения сельских судов.

Под воздействием российского законодательства существенные прогрессивные сдвиги происходили и в системе доказательств. Не допускалось установление ответственности соучастника по присяге семи человек, избираемых избобличенным вором. Ослабление значения присяги и соприсяги, не признаваемых русской администрацией бесспорными доказательствами, а также обычаев, устанавливающих ложность оговоров и обвинений, заметно проявились в местной судебной практике.

Происходившие изменения в социально-экономической и политической жизни вызывали необходимость реорганизации существовавшей в крае правовой системы. Вследствие судебно-административных реформ, проведенных российскими властями в 60-х годах XIX в., действие адатов было несколько скорректировано. Горцы были включены в общероссийское правовое пространство. Сохраняя обычное право в качестве одного из источников действующего права, царское правительство рассчитывало постепенно его видоизменить и приспособить для нужд своего колониального управления.

Допуская применение норм адата, царские власти предоставили кавказской администрации все полномочия по ограничению и изменению обычно-правовых норм в соответствии с интересами колониальной политики [ 9,С.176, 198.]. Новые для Дагестана правовые нормы вводились через указы. Толкованием российских законов применительно к Кавказу, решением юридических коллизий занимался наместник Кавказа по праву, предоставленному ему царем. Царские власти считали, что путем постепенного внесения в нормы адата принципов русского права они сумеют создать благоприятные условия для введения в крае общероссийского законодательства.

Придавая правовым нормам более определенное и конкретное значение, администрация, с одной стороны, смягчала суровость и несообразность отдельных правил адата, а с другой – устраняла противоречия и возможность их различного толкования.

В 1862 г. администрация официально отменила действие норм адата, основанных на принципе полной самостоятельности семьи в решении участи одного из своих членов, совершившего преступление внутри семьи. Теперь члены семьи находились в меньшей степени зависимости от патриархальной власти главы семьи, так как органы власти стремились к расширению их юридической правоспособности.

Таким образом, политические процессы оказали трансформирующее влияние, в том числе на адаты бежтинцев при утверждении и ислама и системы военно-народного управления во второй половине XIX века.

В наши дни адаты бежтинцев, в том числе и других народов Дагестана, сыграли бы, существенное значение в процессе регулирования межнациональных и межконфессиональных отношений, в установлении стабильной обстановки, в определении правил поведения, укреплении порядка, дисциплины и ответственности членов джамаата и развитии духовно-нравственной атмосферы в дагестанском обществе.

#### ЛИТЕРАТУРА

- [1] Агларов М. А. Сельская община в Нагорном Дагестане в XVII-начале XIX вв. М., 1988.
- [2] Тарки Дербент-Нами. Под редакцией Алибекова- Аварского. - Тифлис. 1898 г.
- [3] Ковалевский М.М. Закон и обычай на Кавказе. Т. 2. - М., 1890.
- [4] Леонтович Ф.И. Адаты Кавказских горцев. Одесса, 1882.
- [5] Мисроков З.Х. Адат и шариат в российской правовой системе: Исторические судьбы юридического плюрализма на Северном Кавказе. - М., 2002
- [6] Омаров А.С. Горский адат Дагестана как исторический источник. РФ. ДНЦ РАН. Ф10п.1. Ед. хр. 2944. С. 2.
- [7] Омаров А.С. Из истории права народов Дагестана Махачкала., 1968
- [8] Исмаилов М.А. Адаты Бежтинского округа. Махачкала ИПЦ ДГУ 2004
- [9] Омаров А.С. Изменения в праве и суде после присоединения Дагестана к России // Ученые записки ИИЯЛ ДФ АН СССР. Общественные науки. Махачкала, 1970. Т. 20. С.176, 198.

#### REFERENCES

- [1] Aglarov M.A. Rural communities in Nagorno Dagestan in the XVII - early XIX centuries. M., 1988. (in Russ.).
- [2] Tarqui Derbent-Nami. Ed. Alibekov- Avarsky. - Tiflis. 1898. (in Russ.).
- [3] Kovalevsky M.M. Law and custom in the Caucasus. V. 2. - M., 1890. (in Russ.).
- [4] Leontovich F.I. Adats of Caucasian highlanders. Odessa, 1882. (in Russ.).
- [5] Misrokov Z.H. Adat and Shari'a legal system in Russia: Historical destiny of legal pluralism in the North Caucasus. - M., 2002. (in Russ.).
- [6] Omarov A.S. Gorsky adat of Dagestan as a historical source. RF. DNC RAS. F10p.1. Ed. hr. 2944. p. 2. (in Russ.).
- [7] Omarov A.S. From the history of the right of peoples of Dagestan, Makhachkala, 1968. (in Russ.).
- [8] Ismailov M.A. Adats of Bezhta District. Makhachkala IPC DGU 2004. (in Russ.).
- [9] Omarov A.S. Changes in the law and the court, following the accession of Dagestan in Russia // Scientific notes ИИЯЛ DF AN SSSR. Social sciences. Makhachkala, 1970. V. 20. p.176, 198. (in Russ.).

#### БЕЖИТ АДАТЫ ДАҒЫСТАННЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЕСКЕРТКІШІ РЕТІНДЕ

Исмаилов М.А.

Әдет-ғұрып құқық зертханасының басшысы, профессор, з.ғ.д.

Усеинова К.Р.

заң ғылымдарының кандидаты, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің заң факультеті, мемлекет жәе құқық теориясы мен тарихы, конституциялық және әкімшілік құқығы кафедрасының доценті м.а.

**Аннотация.** Мақалада әдет-ғұрып құқығының ең қызықты ескерткіштердің бірі «Бежит адаты» егжей-тегжейлі сипаттама берілген. Сондай-ақ, капучин қоғамының қалыптасу тарихына әкрис жасалынған. Мақалалар жинағының негізінде Дағыстан халқының әдет-ғұрып құқығының даму ерекшеліктері зерделенген. Ф.И.Леонтовичтің түсіндіру бойынша «Бежит адаты» ежелгі және ұзақ тарихы бар, басқа да құқық ескерткіштерімен бірге және терең зерттеуді талап етеді.

**Түйінді сөздер:** нормативтік-құқықтық мәдениет, құқық, әдет-ғұрып құқығы, Бежит, құқық ескерткіштері, капуча.

ИСМАИЛОВ М.А. Руководитель лаборатории обычного права, доктор юридических наук, профессор Дагестанского государственного университета

УСЕИНОВА К.Р. и.о. доцента кафедры теории и истории государства и права, конституционного и административного права КазНУ им. аль-Фараби, к.ю.н.

Поступила 06.07.2015 г.

**NEWS**

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

**SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES**

ISSN 2224-5294

Volume 4, Number 302 (2015), 19 – 23

**LEGAL EDUCATION****Karataeva A.M.**

Al-Farabi Kazakh national university, Almaty, Kazakhstan

**Key words:** legal education, legal culture, legal civilization, legal education, the state, the public authority, the activities of the State.

**Abstract.** The paper considers the substantive part of the legal education. Also in the paper the relation to the legal culture and legal education is comprehensively researched. The paper also focuses on the formation and development of such phenomena as culture and civilization. The main conclusions and points of the author may be used in the formation and development of legal culture, to increase the legal awareness and legal education of Kazakh society.

**ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРБИЕ****Каратаева А.М.**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан

**Тірек сөздер:** құқықтық тәрбие, құқықтық мәдениет, құқықтық өркениет, құқықтық тәрбие, мемлекет, мемлекеттік орган, мемлекеттің қызметі

**Аннотация.** Жұмыста құқықтық тәрбиенің мазмұндық тұстары ашылып, қарастырылады. Сонымен қатар, құқықтық мәдениеттің және құқықтық тәрбиенің арақатынастары және ерекшеліктері талданып, жан жақты зерттелінеді.

Сондай ақ мақаланың авторы мәдениет пен өркениеттің қалыптасуы мен дамуына аса назар бөледі. Автордың қол жеткізген нәтижелері мен қорытындыларын қазақстандық құқықтық мәдениеттің қалыптасуы мен дамуына, қоғамның құқықтық санасын арттыруға, қоғамның құқықтық тәрбиесін көтермелеуге ісінде қолдануға болады.

Қоғам өміріндегі мемлекеттің функционалды рөлінің өзгеруі және оны адамның жалпы құндылықтарымен сәйкестендіру қоғамдағы құқықтың рөліне жаңаша қарауға мүмкіндік береді.

Құқықтық ғылымның ең маңызды мақсаттарының бірі – құқықтық тәрбиелеудің жалпы мемлекеттік тұжырымдамасын жасау – құқық қорғау органдарына қылмыстылықты қысқарту, соның ішінде жастар арасында, сонымен қатар, әлеуметтік бақылауда және құқық бұзушылықты алдын алуда жан-жақты көмек көрсету бағдарламасын жүзеге асыру. Құқық теориясында ең қиын және көпқырлы мәселелердің білі болып – құқықтық тәрбиелеу табылады. Кеңестік мемлекет кезінде халықтың құқықтық тәрбиелеуіне үлкен назар аударылды. Кеңес кезінде құқықтық тәрбиелеудің мына нысандары: құқықтық оқу, құқықтық насихат жүргізу, құқықтық білім беру, құқықтық тәжірибеде қоғам мүшелерінің қатысуы және т.б. дамыды және жетілдірілді. Кәсіби білімнің жетіспеушілігі (педагогикалық және заңи) құқықтық тәрбиелеудің тұжырымдамасын дамытуды баяулататын ең маңызды факторлардың бірі. Жетілдірілген, енгізілген және әрекет етуші әдістердің болмауы құқықтық тәрбиелеудің бүкіл жүйесіне кері әсер тигізеді, соның ішінде құқықтық тәрбиелеу қызметін жүзеге асыратын органдардың, мекемелердің және әлеуметтік құзыретке ие мемлекеттік тұлғалардың қызметіне, сонымен қатар, арнайы құқықтық құралдар мен әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы жүзеге асырылатын құқықтық тәрбиелеу қызметіне.

Қазіргі таңдағы құқықтық тәрбиелеудің теориясы бұрынғы зерттеулерге қарағанда қалыптасты және күрделеніліп, екі мағынада қарастырылады: кең және тар.

Кең мағынада құқықтық тәрбиелеуді қоғам мүшелерінің құқықтық мәдениеті мен құқықтық санасының қалыптасуының, оның ішінде әлеуметтік-экономикалық өмірдің әсер етуі, идеологиялық қызмет, адамгершілік атмосферасы, заңнама жүйесі және т.б. жалпы процессі ретінде қарастырады.

Тар мағынада құқықтық тәрбиелеу қоғамдық қызметтің бір түрі ретінде қарастырылады. Бұл қызмет құқықтық мәдениетке және азаматтарды тәрбиелеуге бағытталған мемлекеттік органдардың және қоғамдық ұйымдардың біріккен және ұйымдастырылған жұмысымен сипатталады.

Құқықтық тәрбиелеудің мәні болып орнатылған үміттер мен мақсаттардың қоғам үміттері мен мақсаттарына сай болуы табылады. Ол үшін тұлғаның қажеттіліктері қоғамның қажеттіліктері мен құндылықтарына қайшы келмеуі қажет.

Құқықтық тәрбиеге *құқықтық ағарту* кіреді, ол тұлғаның құқыққа қарсы, криминалды мінез-құлқын алдын алуға мүмкіндігі бар өте маңызды фактор болып табылады. Тәжірибе мен зерттеулер құқықтық салдарды алдын ала болжаудың өзі тыю шарасы екендігін көрсетеді. Дегенмен, өкінішке орай, адамға осы алдын ала болжай алу қасиеті жетіспейді. Мұның өзі құқықтық білімнің жоқ екендігін көрсетеді, себебі болжай алу құқықтық білімге сүйенеді.

Құқық және тәрбие келесідей біріктіріледі: құқықтық тәрбиелеу, бір жағынан, құқықтық мәдениеттің нормалары мен үлгілерін, ал екінші жағынан – тәрбиеленушіге өзі үміт күткен билік етуші субъектінің мінез-құлық нұсқасын ұсыну.

Құқықтық тәрбие бірнеше міндеттерге ие. Оларға мыналар кіреді: 1) қоғам мүшелеріне нормативтік ақпаратты жеткізу; 2) құқықпен реттелетін қоғамдық қатынастарда тұлғаны әлеуметтендірумен қамтамасыз ету; 3) қоғам мүшелерінің әлеуметтік-құқықтық белсенділігін дамыту [1, с. 158].

Қазіргі таңда бірінші міндет дамып, жан-жақты жүзеге асырылып жатыр. Қызығушылық танытқан тұлғаларға министрліктер мен ведомстволардың нормативтік құқықтық актілерінде көрініс тапқан құқықтық ақпарат ұсынылады. Бірақ жергілікті басқару органдарынан құқықтық ақпарат дұрыс таратылмайды. Сол себепті ғылыми әдебиеттерде және БАҚ-дағы жергілікті билік және басқару органдарының нормативтік құқықтық актілерінің жинақатрының мерзімді басылымын шығару жөніндегі ұсыныстары әбден негізделген. Құқықтық тәрбиелеудің екінші міндет тұлғаның құқықтық әлеуметтендірілуі болып табылады. Әлеуметтендіру – адамның қоғамдық қатынастарды қабылдау процессі, әлеуметтік нормаларды түсіну және әлеуметтік тәжірибені өз құндылықтарына, түсініктеріне сәйкес қабылдау. Құқыққа деген құрмет балалық шақтан тәрбиеленеді.

Құқықтық тәрбиелеудің үшінші міндет азаматтардың әлеуметтік-құқықтық белсенділіктің дамуы жатады. Бұл саналы түрде құқықтар мен міндеттердің құқықтық тәртіпке сәйкес жүзеге асырылуын білдіреді. Құқықтық насихаттаудың мақсаты – тұлғада енжар заңи мінез-құлықты қалыптастыру емес, өз құқықтары мен бостандықтарын белсенді түрде жүзеге асыруға шақыру болып табылады.

Құқықтық тәртіп тәжірибесінің анализі азаматтардың өз құқықтарын білетіндігін, бірақ көп жағдайларда оларды қалай және қандай органдар арқылы жүзеге асыралатынын, кіммен қорғалатындығы жөнінде білмейтіндігін көрсетеді. Біздің қоғамымыздың мүшелері өз құқықтарын қорғаудың тәсілдері мен құралдары туралы білмейді, білгеннің өзінде белгілі бір себептерге байланысты өз қызығушылықтарын қорғауда ешқандай белсенділік танытпайды.

Құқықтық тәрбиелеуде құқық бұзушылықтарды алдын алу шаралары ерекше орын алады. Осыған байланысты құқықтық сананы, құқықтық мәдениетті қалыптастыруда, заңға және құқық бұзушылықты алдын алу шараларына құрметпен қарауда бұқаралық ақпарат құралдары ерекше рөлі бар.

Бұқаралық ақпарат құралдары құқықтық сананың, құқықтық мәдениеттің, құқықтық тәрбиелеудің деңгейіне, қоғамдағы құқықтық тәртіптің жағдайына, құқықтық нигилизмге қарсы тұруға және заңға құрмет қалыптастыруда үлкен әсерін тигізеді.

Көптеген азаматтар көмек үшін құқық қорғау органдарына бармайды, себебі олар бұл қызметтің нәтижелігіне күмәнданады, ұзаққа созылатын қылмыстық процеске қатысқысы келмейді

және кейін пайда бола алатын жағымсыз салдардан қауіптенеді. Әсіресе, материалдық және моральдық зиянды өтеу жөнінде, қылмыс құрбандарын қорғау және оларға медико-психологиялық көмек көрсету жөнінде заңдардың қабылданбауы жағдайында, өкінішке орай, осылай ойлау әбден орынды.

Құқықтық насихаттаудың рөлін анықтау, криминалды идеологияға қарсы тұру, қоғам мен құқық қорғау органдары арасындағы қарым-қатынас, республикада мемлекет демократизацияланғанда және өзінің экономикалық жүйесін ауыстырғанда қылмыстылық саны өспейтін модельді жүзеге асыру тәжірибелік маңызға ие.

Құқықтық мәдениетті қалыптастырудың маңызды құралдарының бірі болып бұрынғы кеңес одағы мемлекеттерінде реформа кезінде кеңінен қолданылған халыққа құқықтық жалпы білім беру табылады. Құқықтық жалпы білім беру бағдарламасы құқықтық мемлекет құруға бағытталған. Заңи білім беру мемлекеттік бағдарлама ретінде Ресейде, Өзбекстанда, Қырғыстанда өткізіледі [2, 56 б.]. Қазақстан Республикасында құқықтық жалпы білім беру қаулысында «құқықтық жалпы білім беру – бұл құқықтық насихаттау және азаматтарды құқықтық тәрбиелеудің жүйесі... Құқықтық жалпы білім беру мақсаты – азаматтардың құқықтық мәдениетін арттыру және заңды сыйлау рухын қалыптастыру. Құқықтық жалпыға білім берудің негізгі қағидаларына: кешенділік; жүйелілік; құқықтық білім алуға қызығушылық және оны жүзеге асыру үшін мемлекеттік қамтамасыз ету; даралық жатады.

Сонымен қатар, құқықтық жалпы білім беруді ұйымдастырудың нысаны мен тәртібі анық регламенттелді. Бұл жағдай Қазақстан Республикасында құқықтық жалпы білім беруді өткізуге жеткілікті құқықтық базаның қалыптасуы туралы айтады.

Аталған мақсаттардың және құқықтық жалпы білім беруді ұйымдастыратын органдардың қаншалықты нәтижелі жұмыс істеп жатқандығын қарастырып көрейік. Біздің ойымызша, құқықтық жалпы білім берудің басты мақсаты – құқықтық білімнің жалпылама (массовая) насихатталуы және жалпылама халықтық құқықтық тәрбиелеу шараларын жүргізу.

Қазіргі таңда құқықтық жалпы білім беру идеясы түсіндіру шаралары, дәріс оқу, кездесулерді ұйымдастыру арқылы жүзеге асырылады. Алайда, әрқашан ұсынылушылардың құқықтық мәдениет деңгейінің өсуін, мысалы, әділет органдарында өткізілген дәрістер мөлшері жөніндегі есептілік санын; білім беру жүйесінде дайындалған заң кадрлары туралы, түрлі бағыттағы оқу орындарында құқықтық оқуға бөлінген сағаттар торын; құқықтық тақырыпта басып шығарылған кітапшалар санын анықтау мүмкін бола бермейді.

Бұдан кейін халықтың құқықтық мәдениетінің шынайы көтерілуі байқалмайды, себебі, қылмыстылық, соның ішінде, кәметке толмағандар қылмыстылығының деңгейі жоғарылауда, әлеуметтік зерттеулер заңға құрметсіздік пен басқа да жағымсыз құбылыстардың өскенін көрсетіп отыр.

Құқықтық тәрбиелеу жүйесінде заңи білім беру ерекше орын алады. Заңи білім беру жүйесі табиғи құқықтар мен бостандықтарды қамтамасыз ету жағдайында демократия, адам құқықтарын дамытудың шынайы тірегі бола алады. Иоганн Вольфганг Гетенің өткір сөзі бойынша: «Барлық заңды оқуға бел буғандардың оларды бұзуға уақыты қалмайды».

Әлемдік білім беру тәжірибесінде соңғы онжылдықтарда екі қарама-қарсы, дегенмен өзара тығыз байланысты үрдіс байқалады. Бір жағынан, халықтардың тіршілік әрекетінде білім берудің рөлі артып келеді, ал екінші жағынан - белгілі бір дәрежеде қаржылық қамтамасыз етудің жетіспеушілігі салдарынан білім беру мен оның құрылымдарының дағдарысы байқалады.

Дамыған елдерде жалпы ішкі өнімнің (ЖІӨ) бес-алты пайыздан кем емес бөлігі білім беру саласына бағытталады.

*Бүгінгі күні заңи білім берудің сапалық жағы* мәселесі ерекше өзекті болып отыр. Академик С.З.Зиманов пікірінше, «республикадағы заңи білім беру жағдайы артта қалды, стихиялы және бейберекет ұйымдастырылған. Тәртіп орнату мүмкін болмай келеді. Шешуші әрі ақылға қонымды шаралар қажет. Жоғары білім беру, соның ішінде заңи білім беру сұрақтары эмоциямен, жабық әрі субъективті шешілуде. Жаңа идеялар, жаңа оқулықтар мен білім беру стандарттары қажет» [3, с. 82] Қазақстандағы жоғары заңи білім беру сапасының құлдырауының себептері жөніндегі сұрақ, бір қарағандағыдан анағұрлым терең және байыпты. Себебі, сөз жоғары білікті заңгер мамандар

дайындаудағы жекелеген бөлектік немесе қателіктер емес, елдегі заңи білім беру жүйесінің терең дағдарысы туралы болып отыр.

Келесідей жағымсыз факторларды атап көрсетейік.

*Біріншіден*, жоғары білікті оқытушы кадрлар жетіспеушілігі мен жоғары оқу орындарындағы заңи білім беру деңгейінің күрт түсіп кетуі. Төмен жалақы, бағалардың өсуі, девальвация және өзге де әлеуметтік қолайсыздықтар заң жоғары оқу орындарының профессорлары мен оқытушыларын өмір сүрудің қосымша көздерін іздеп, екі-үш не одан да көп жерлерде жұмыс істеуге мәжбүрледі.

*Екіншіден*, көптеген заң жоғары оқу орындарының қаржылық және өзге де себептерге байланысты сапа жағымен қатар, шартты негіздегі қабылдау мен студенттердің барынша көп санының жеделдетілген бітіруін қамтитын сандық жағына бағытталуы.

*Үшіншіден*, заң жоғары оқу орындарының оқу жоспарлары мен бағдарламаларында қоғам мен мемлекеттің ұзақ мерзімді мүдделеріне сай келетін тиісті динамизмнің жоқ болуы.

*Төртіншіден*, заң мамандығын кәсіби және моральды төмендетудің көрінетін белгілерінің көптеп көрініс табуы, оның беделінің түсуі, бұл дегеніміз халықтың кең топтары арасында жоғары заң білімінің де беделі түсуі. Бүгінде қоғамдық санада заңи білім алып, құқықшығармашылық, құқыққолданушылық немесе кез келген басқа заң қызметінің түрімен айналысу үшін көп күш салу қажет емес деген пікір қалыптасқан.

*Бесіншіден*, ұлттық құқықтық жүйеге негізделген заңи бағыттың барлық пәндері бойынша оқу әдебиетінің жоқтығы және қазақстандық нарықты ресейлік, көбіне, төменгі сапалы оқу әдебиеттерінің толтыруы [1, 158 б.].

Бұл кешенді сипаттағы мәселелер кешенді жолмен, нақты айтқанда жағдайға сай заңнамалық және әрекет етуші заңнама аясында әкімшілік-қаржылық, қадағалаушылық және басқа да шаралар қабылдау жолымен шешілуі қажет. Берілген мәселені шешуде өз құзыреті шегінде сәйкес мемлекеттік органдармен қатар қоғамдық құрылымдар - мемлекеттік емес оқу орындары Ассоциациясы, Қазақстан судьялар Одағы, заңгерлер Одағы және т.б. толығымен тартылуы тиіс.

Заң жоғары оқу орындарында оқудың деңгейін көтеруде жоғары оқу орнын бітірушілер деңгейі туралы олардың «өнімін» «тұтынушылардың» - құқық қорғау органдары мен басқа да мемлекеттік органдар, коммерциялық, банктік және өзге де құрылымдардың пікірін анықтау айтарлықтай маңызды болып табылады. Елдің заң жоғары оқу орындарын жіктеу мен бағалаудың жалғыз өлшемі сапалық өлшем болуы тиіс: жоғары оқу орнының жоғары сыныпты заңгер-мамандарды дайындау қабілеті. Қазақстанның заңи білім беру жүйесі өзіндік ұлттық мазмұнға ие болуы, тамыры тарих түбіне кететін қоғамның рухани-адамгершілік құндылықтары жүйесіне, халықтың мәдени дәстүрлеріне негізделуі тиіс. Заңи білім беру мақсаты негізінде келесідей көрсеткіштер жатқан, заманауи мемлекеттік және халықаралық стандарттарға сай, экономика, бизнес пен құқық саласындағы бәсекеге қабілетті мамандар дайындау болуы қажет:

- жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде болашақ заңгер тұлғасына әлеуметтік-адамгершілік талаптар мен этикалық нормаларды анықтау;
- болашақ заңгерде патриотизм мен интернационализм сезімін тәрбиелеу;
- құқықтық дамудың әлемдік тәжірибесін меңгеруге негізделген кәсіби дүниетаным қалыптастыру;
- «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» ҚР Заңының талаптарына сәйкес мемлекеттік тілді білу;
- заманауи ақпараттық және инновациялық технологияларды меңгеру.

Жоғары заң білімі құқықтық мәдениетті көтерудің тиімді факторы болу үшін елдегі жоғары заң білімін берудің барлық жүйесін батыл өзгерту, республиканың заңи білім беру мемлекеттік стандартын жалпы қабылданған әлемдік стандарттарға сәйкестендіру қажет.

ТМД елдерінің білім беру жүйесінде әлеуметтік-гуманитарлық пәндерді оқытуға көп мән беріледі. Бірақ сонымен қатар барлық дерлік оқу орындарында білім берудің кеңестік жүйесінен мұраға қалған, студенттерген көлемді, былайынша айтқанда «энциклопедиялық» білім беруге бағытталған, ескірген әдістеме қолданылады.

Айтарлығы, әдетте, оқыту болашақ маман өз кәсіби қызметінде кездесетін әлеуметтік, психологиялық шынайылықтардан қол үзген түрде жүргізіледі. Жалпы білім беруші әлеуметтік-

гуманитарлық пәндерді оқып-үйрену АҚШ, Англия, ГФР сияқты дамыған мемлекеттердегідей студент таңдаған мамандыққа тікелей тәуелді болуы тиіс.

Құқықтық мемлекеттегі студенттің құқықтық мәдениеті құқықтық жағдайларды өз бетінше шеше алуымен ерекшеленуі тиіс. Осыған байланысты жоғары заң білімін беру жүйесі оқытудың, мәні-адам еркіндігін жалпы әлеуметте және әсіресе, оқытушы, зерттеуші, студент еркіндігі деңгейін, педагогикалық және оқыту процесінің рұқсат етілетін шығармашылық көлемінде, шындықты өз бетінше іздеу құқығында және өзіндік пікір қалыптастыру, сондай-ақ, тіпті, қателесу құқығында дамыту болып табылатын *дамұшы* әдісіне негізделуі қажет [1, 159 б.].

Құқықтық мемлекет идеясын насихаттауды өз құрдастары арасында құқықты жақсы білетін жастар, яғни заңгер-студенттер және жас мамандар бұл міндеттемені жүктеуі қажет.

Құқықтық жалпы білім беруді біздің мемлекетімізге енгізу құқықтық тәрбиелеу жекеленген субъектілердің автономдық сферадағы ұйымдасқан қызметі еместігін, және жоғары мектептің бағдарламасын өзгертуді талап ететінін көрсетеді. Көрсетілген анализ жоғары кәсіби заңгер-мамандарды даярлауға бағытталған келесідей ұсыныстарды енгізуге мүмкіндік береді:

- 1) Заңи оқу орындарында мерзімді категорияларды БАҚ-да басылған берілгендерді мемлекеттік реестрге енгізу үшін жүргізу;
- 2) Оқу бағдарламаларының мазмұнына, жаңа оқулықтар мен оқу құралдарды шығаруға, оқытушыларды қайта даярлауда және оқу ісін компьютерлендіруге ерекше көңіл бөлінуі қажет;
- 3) Оқу ісінде ең басты бағыт ретінде «заң клиникасы» атты тәжірибелік бағытты ұсыну, құқық пәндерін бір жүйеде оқу, студенттерде *дамыған құқықтық мәдениетті* қалыптастыру;
- 4) Жоғары оқу орындарында өткізілетін мемлекеттік аттестацияның және аккредитацияның ең объективті критерийін – жаңа ашылған оқу орындарында, сонымен қатар бұрыннан жұмыс істеп жатқан жоғары оқу орындарында *студенттер білімін бағалау*. Осындай бағалаудың төменгі көрсеткіштері жоғары оқу орнын жабуға және зардап шеккендердің зардабын, соның ішінде моральдік залалын өтеуге негіз болады. Бұл бағалауды жоғары оқу орнының бірінші жұмыс жылынан бастап жүргізуге болады.

Құқықты үнемі насихаттау қажет. Ақысыз студенттік заң клиникаларын, консультацияларын ашудың өзі құқықтық білім берудің барлық мәселелерін, әрине, шеше алмайды.

#### ӘДЕБИЕТ

- [1] Ибраева А.С. Правовая культура: вопросы теории и практики. – Алматы, 2006. – 235 с.
- [2] Ибраева А.С., Каратаева А.М., Сартаев С.А., Есетова С.К., Турсынкулова Д.А. Құқықтық мәдениет. – Алматы, 2013. – 123 б.
- [3] Зиманов С.З. Законотворческий процесс в Республике Казахстан: состояние и проблемы / Материалы международной научно-практической конференции. – Алматы, 2003 – С. 81-88.

#### REFERENCES

- [1] Ibraeva A.S. Pravovaja kul'tura: voprosy teorii i praktiki. – Almaty, 2006. – 235 s.
- [2] Ibraeva A.S., Karataeva A.M., Sartayev S.A., Esetova S.K., Tursynkulova D.A. Құқықтық мәдениет. – Almaty, 2013. – 123 b.
- [3] Zimanov S.Z. Zakonotvorcheskij process v Respublike Kazahstan: sostojanie i problemy / Materialy mezhdunarodnoj nauchno-prakticheskoj konferencii. - Almaty, 2003 - S. 81-88.

#### ПРАВОВОЕ ВОСПИТАНИЕ

Каратаева А.М.

Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан

**Ключевые слова:** правовое воспитание, правовая культура, правовая цивилизация, правовое воспитание, государство, государственный орган, деятельность государства

**Резюме.** В работе рассматриваются содержательные стороны правового воспитания. Также в работе всесторонне исследуются соотношение и особенности правовой культуры и правового воспитания.

В работе также особое внимание уделяется на формирование и развитие таких феноменов как культура и цивилизация. Основные выводы и положения автора могут быть использованы в формировании и развитии правовой культуры, в повышении правосознания и правового воспитания казахстанского общества.

Каратаева А.М.

кандидат юридических наук, доцент кафедры теории и истории государства и права, конституционного и административного права юридического факультета КазНУ имени аль-Фараби

**NEWS**

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

**SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES**

ISSN 2224-5294

Volume 4, Number 302 (2015), 24 – 27

**PROPERTY DISPUTES IN THE KAZAKH CUSTOMARY LAW AND THEIR SOLUTIONS**

**Mynbatyrova N.K.**

Al-Farabi Kazakh national university, Almaty, Kazakhstan

**Key words:** kazakh traditional society, land and water disputes, the agreement, decision, clan, tribe, people's unity, territorial integrity

**Abstract.** The article devoted to the court decisions of Kazakh biy, which made in the consideration of property disputes. This article analyzes the characteristics of solutions of property disputes, the legal nature of the covenants and oratorical utterances of Kazakh biy. In the article the problem of the legal nature of the property relations of the Kazakhs is illuminated in close connection with its moral and ethical bases.

**УДК : 340.141(574)**

**КАЗАҚ ӘДЕТ-ҒҰРЫП ҚҰҚЫҒЫ БОЙЫНША  
МҮЛІКТІК ДАУЛАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ШЕШУ ЖОЛДАРЫ**

**Н.Қ. Мыңбатырова**

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті, Алматы қ., Қазақстан

**Түйін сөздер:** дәстүрлі қазақ қоғамы, мал-мүлік дауы, билер соты, бітім, шешім, ру, тайпа, ел бірлігі, аумақтық тұтастық

**Аннотация.** Жұмыстың мақсаты – дәстүрлі қазақ қоғамында билер сотының мал-мүлік дауын шешу бағытында ұстанған қағидаларының, қолданған нормаларының ерекшеліктерін зерделеу болып табылады. Кейбір билік шешімдер негізінде қазақ билерінің мал-мүлік даулары саласындағы бітімгерлік шеберлігіне талдау жасау көзделеді. Жұмыстың методологиялық негізін жалпы танымдық принциптер мен арнайы ғылыми әдістердің іштей бірлігі мен байланысы құрады. Жұмысты орындауда жүйелік, тарихилық, салыстырмалы сараптау әдістері қолданылды. Мал-мүлікке таластан туған қазақ рулары мен тайпалары арасындағы дауларды шешу барысында қазақ билері ең басты бағдар есебінде елдің бірлігі мен тыныштығын сақтау, ынтымағын бұзбау, сызат түскен ағайын жарастығы болса оны қалпына келтіру қағидаларын ұстанды. Осы бағыт-бағдар, қағида-құндылықтардың талаптары аумағында сот шешімдерін қабылдау үшін судья-билер бар қажыр-қайратын, ақыл-білімін, шешендігі мен шеберлігін пайдаланды. Автордың қол жеткізген нәтижелерін құқықтық саладағы реформаларды жүргізу барысында халықтың дәстүрлі құқықтанымын ескеру бағытында пайдалануға болады. Заң факультетінде мемлекет және құқық теориясы мен тарихы, құқықтық және саяси ілімдер тарихы пәндерін оқыту процесінде қолдануға болады.

Көшпелі қазақ қоғамында кең тараған даулардың бірі – мал-мүлік дауы еді. Бағзы заманнан бері мал шаруашылығымен айналысқан халық арасында мал үшін талас-тартыстың молынан орын алуы таңқаларлық жәй болмаса керек. «Мал ашуы – жан ашуы» деп есептейтін қазақ төрт түлік үшін туындаған ерегіс өзара келісім арқылы бітпей жатса, ондай таластарын би алдына дейін барып шешуден еш тайынбайтын.

Қазақ қоғамында мүлік үшін талас та негізінен мал шаруашылығында пайдаланатын немесе мал шаруашылығымен байланысты мүлікке таластан туып жататын. Айталық, малдың терісі үшін, немесе ер-тоқым, қамшы, киіз-алаша, киіз үй жабдықтары сияқты мүлік түрлері үшін дау-дамай аз



болмайтын. Мүлік дауының екінші бір түрі – керуен талаудан бастау алатын даулар еді. Мұндай даулар, әсіресе жаугершілік замандарда өршіп кететін.

Қазақ халқының тарихында ерекше орын алатын ұлы билеріміз де өз заманындағы ірілі-ұсақты мал-мүлік, керуен дауларының куәгері ғана емес, ең беделді әрі белді бітімгерлері бола білді. Бұл дауларды шешу барысында қара қылды қақ жарған қазақ билері ақтық пен әділдік қағидаларын жоғары ұстаумен қатар, мал-мүлік иесінің талабы үдесінен шығуға тырысты. Нақақтан біреудің мал-мүлкін ұрлаған немесе иеленген жандардың айыбын беттеріне басып, оларды ел алдында әшкерелеп отырды.

Қазақ хандығы тұсындағы мал-мүлік дауларына бірнеше ерекшеліктер тән еді. Бұл ерекшеліктердің негізінде осы кезеңде көрші елдермен болған әскери қақтығыстар жатты. Әсіресе, қазақ-жоңғар арасындағы соғыс қимылдары мал-мүлік дауларын шамадан тыс ушықтырып екі ел арасындағы мұндай талас-тартыстарды шешу бейбіт соттық жолдан гөрі, көбіне әскери сипат алып кетіп отырды. Бұл дәуірдегі мал-мүлік дауларының тағы бір ерекшелігі – олардың «керуен дауы» нысанын иемденіп, осы формада жиі кездесуі еді. Ал, мұндай дауларды шешу оңайға түспейтін. Біріншіден, керуенді талан-таражға түсіргендерді табу және ұстау қиын болса, екіншіден, қолды болған мал-мүлікті қайтару да дауды шешуші билердің беделі мен күшінің жеткілікті дәрежеде болуын талап ететін. Сондықтан мұндай дауларға елге кеңінен танымал, атакты әрі шешімін іске асыруға әлі келетін халық күшіне сүйенген айбарлы билер шақырылатын. Бұл уақыттағы мал-мүлік дауларының тағы бір ерекшелігі олар кейбір жағдайларда әдейі ұрлықтан пайда бола бермейтін. Жаугершілік заманның сипатына сай бұл дау-дамайлар жаудан қайтып алған мал-мүлікті бөлу нәтижесінде, немесе, адасып кеткен төрт түлікті біреудің тауып алуы, екіншісінің танып қалуы сияқты оқиғалар негізінде туындап жататын. Әділ билеріміз өз заманындағы белгілі де белгісіз, үлкенді де кішілі мал-мүлік дауларының әділ бітімгері болудан жалыққан емес еді.

Бізге дейін ауызша және жазбаша деректерге бойынша, ұлы билеріміздің барлығы дерлік мал-мүлік дауларына жастайынан араласа бастаған. Сондықтан да болар оларо мұндай дауларды шешу барысында ертеден қалыптасқан қағидалар мен жол-жораларды кеңінен қолданып, көптеп пайдаланады. Сондай қағиданың бірі «Тапқан қуанады, таныған алады» деп аталатын және оның мәні – мал-мүлікті тауып алған адам тапқанын өз меншігі қылып ала алмайды. Ол сол мал-мүліктің иесінен сүйінші алуы мүмкін, ал егер иесі дер кезінде табылмай, бірақ кейін, уақыт өте өз мал-мүлкін танып жатса, және олардың шын мәнінде өзінікі екендігін дәлелдей алса, онда оның мал-мүлкі өзіне қайтарылады. Мысалы, Төле би шешкен осындай даулардың бірі «бота дауы» деп аталады. Бұл дауды Төле бала кезінде шешкен. Әңгіме желісі бойынша бота жоғалтқан кісі бес жылдан кейін, бір керуен басының түйелерінің арасынан бір түйені танып, осы менің бота кезінде жоғалтқан малым деп даулайды. Төле дауды шешу үшін бұрынғы бота (қазіргі түйенің) енесін әкеліндер деп бұйырады. Дауласушы екі жақ ботаның анасы мынау деп екеуі бір-бірден екі мая-аруананы алып келеді. Төле жоғалған түйеге қыл бұрау салып бұрайды. Бұрау жанына батқан түйе бозданғанда «жоғалттым» деген кісінің маясы көзінен жасы парлап, бұйдасын жұлқа тартып, атанның үстіне түседі, иіскелеп, қасына шөгеді. Ал керуен басының маясы алдындағы шөбін жеп тұра береді. Сонда Төле би: «Ботасын жоғалтқан кісі дүниені еңбекпен тауып еді. Мұның беті жарық болып тұр. Ал түйекеш-саудагер еңбексіз тауып, жұртты алдап, тегін тауып еді. Енді мұның беті шарық болып тұр... Сүйегіне танба басылды. Беті күйіп шарық болғаны да жетеді. Бұдан артық жаза жоқ. Бар жөнел!» - депті. [1, 225б.]

Әрине, бұл әңгіме аңыз сияқты болып көрінгенімен, оның негізінде ұлы бидің байқампаздығын, төрт түлік малдың сыр құпиясын жақсы біліп, жете меңгергендігін паш ету жатыр. Сонымен бірге Төленің жастайынан-ақ шындыққа көз жеткізу үшін небір тосын іс-қимылдарға барып, өз шешімінің халық алдында қалтқысыз болуына ұмтылғандығын көреміз. Ол еңбекпен тапқан мал-мүліктің иесін әркез қолдап, ұры-қарының өтірігін ел алдында әшкерелеп отырған.

«Тапқан қуанады, таныған алады» формуласына Төле Әлібекұлы өз өмірінде талай сүйенгені байқалады. Айталық, Төле шешті деп ел аузында сақталған әңгіме-деректің тағы да бірінде мынадай оқиға баяндалады. Жоңғарлармен ақтық айқасқа түскен қырық жігіт ауылға жеңіспен оралады. Екі-үш жыл жау қолында болған төрт түлік малды шұрқыратып айдап келеді. «Жаудан қайтқан мал олжа» – деп халық малды бөлісіп алады. Ауылдың жалбыр шапанды, көн етікті,

жалғыз есекті кедейі көп малдың ішінен өз түйесін тани кетеді. Бірақ түйені иемденген кісі оны кедейге бере қоймайды. Кедей Төле биге келіп түйесінің белгілерін айтады. Оған байлардың жүгін артып, Самарқандқа екі-үш барып қайтқанын да тілге тиек етеді. «Әр сапарымда есекке мініп жетелеп жүрген түйем еді» – деп те қалады. Би түйені иемденіп жүрген адамға «жетектеп кел»-дейді. Ол түйені тайраңдатып қуып келеді. «Неге жетектеп келмедің?» - деп сұрақ қойылған кезде түйенің жетекке ермейтінін айтады. Осы уәжден кейін би кедейге: «Түйені сен жетегіңе алып көрші,» - дейді. Кедей есегіне мініп, түйе бұйдасын қолына алады. Сөйтіп ол жалғыз аяқ жолға түсісімен атан түйе артынан бүлкілдеп ере жөнеледі.

«Түйе осы жігіттікі.» - дейді Төле би қалың жұртқа қарап. [1, 323 б.]

Бұл әңгімеден, ең алдымен, жаугершілік заманның жойқын да қатыгез сарыны сезіледі. Жоңғарлармен болған соғыс жылдарында халықтың мал-мүлкі талай рет талан-таражға түскені белгілі. Сондай-ақ өз кезегінде қазақтар да жоңғар ауылдарын шауып олжаға кенелген.

Екіншіден, осындай аласапыран заманның өзінде халық өзінің жол-жорасын ұмытпаған. Сондай құқықтық қағиданың бірі «Тапқан қуанады, таныған алады» болса, бұл қағида қазақ билерінің тарапынан бұлжытпай әрі шеберлікпен орындалушы еді. Үшіншіден, билер үшін дау шешудегі басты мақсат – әділдікті орнату екендігі осы мысалдан анық-айқын көрінеді.

Төленің «Тапқан қуанады, таныған алады» қағидасына сүйеніп шешкен дауларының қатарына қаракесек Қойкелді байдың өз атын даулап биге келіп, ол дауды Төле бидің Қойкелдінің пайдасына шешкен дауы. Ел аузындағы әңгімеге сәйкес «Қаракесек Қойкелді байға он жеті мың қой бітіпті. Сол Қойкелді бай қойының түсін білмейді, сүйегінен таниды екен», Қойкелді бір үлкен аста бәйгені жеңіп алған Азына байдың бесті құласын «менің атым» деп даулайды. Дау ұзаққа созылып, ақыры олар Төлеге келеді. Төле Қойкелдіге бір көген қозыны көрсетеді де, осы қозылардың даладағы отар қойдан еселерін тауып келуді бұйырады. Қойкелді бір қосақ қойды ұстап алып келіп қозыларға қосқанда барлық қозылардың еселері дұрыс табылған болып шығады. Сонда Төле Азына байға: «Мына Қойкелді менің қойшым емес, көрмеген қозының енесін әкеліп табыстырды. Сен, бай, шыныңды айт, құла аттың яки құла биенің қандайлық күдігі бар.» - дейді. «Менде күдік жоқ десе де болады. Нұра өзенінің Қойкелдімен екеуміз екі жағындамыз. Менің кенжелеу құла қулығым бір күні құлындап, құлыны жоқ болып келді. Келесі күні далада жас құла құлын жылқымда еріп жүр. Құла биенің құлыны деп салып едік алмады, жатырқап қалған ғой деп ақыры теліп еміздік. Міне, осыдан басқа күдігім жоқ.» - деп Азына сөзін бітіреді.

Сонда Төле би Азынаға айтады: «Қойкелдінің екі дәлелі болды. Бірі, Шортанбайда қонақ болып отырып, жамбастың сүйегін танып, Шортанбайды мойындатты. Екінші, мына бір көрмеген қозының енесін даладан әкеліп тапсырды. Осы дәлелмен сіздің «биені теліп еміздік» деген сөзіңізге қарағанда, ат Қойкелдінікі» - деп билік айтады. Осы билікке екі бай риза болып қайтыпты. [2, 157 б.]

Бұл дау – «Тапқан қуанады, таныған алады» қағидасының классикалық түрде қолданылған үлгісі. Себебі, Азына бай ұры емес, ол Қойкелдінің құлынын қателесіп өзінікі деп сіңіреді. Ал Қойкелді өз құлынын айнытпай тауып, оның өзінікі екендігін бұлжытпай дәлелдейді. Төле би Қойкелдіге өз малының шын мәнінде өзінікі екендігін көпшілік алдында дәлелдеудің жолын көрсетіп, сол арқылы көне қағиданың әділдікке қызмет істеуіне жағдай жасайды. Төленің ұлы би есебіндегі еңбегі де осында еді. Жоғарыда келтірілген Төленің биліктері оның осы көне де болса дана қағиданың шебер де тапқыр, білгір де бірегей орындаушысы әрі қолданушысы екендігін көрсетеді.

Мал-мүлік дауына байланысты Төле бидің әдет құқығына енгізген жаңалығының бірі – оның осы салада қолданылатын жазаларды өз заманына сай қайта қарап, бір жүйеге келтіруге әрекеттенген іс-шаралары.

Мал-мүлік ұрлаған адамға әдетте билер соты мынадай жазалар жүйесін қолданған. Біріншіден, ұрыдан ұрланған мал-мүлікті өндіріп алып, оның ұрлығын ел алдында әшкерелеп, бетіне басқан, сөккен. Мұны ұрының «беті шарық» жазасы деп атауға болады. Бұл жаза әдетте, «Тапқан қуанады, таныған алады» процедурасын қолданған кезде, тауып алған адам тапқанын жасырып, мал-мүлікті иесіне қайтарғысы келмей «мал-мүлік менікі» деп сіңіргісі келгенде қолданылады. Екіншіден, ұрланған мал-мүлікті иесіне қайтарып, ұрының «енді ұрламаймын» деген ел алдында уәдесін алып, оны еңбек етуге мәжбүрлеу. Ұры ел алдында енді адал еңбек жасаймын деп уәде берген.

Үшіншіден, мал-мүлікті қайтарып, оның үстіне ұрыға айып төлету. Яғни бұл кезеңде билер соты дәстүрлі «айып» институтын одан әрі тереңдете, байыта түскен. Сөйтіп өз дәуіріне сай оның қолданылу өрісін кеңейтіп әрі жаңартқандығы белгілі [3, 16 б.]. Мысалы, Төле би «қанжыға бау ұрлаған ат-шапан айып төлеуі керек» - деп шешеді. Бұл шешімін «Қанжыға тон сақтайды, тон жан сақтайды» – деп мәнерлейді. Ал, шідер ұрлаған үш бесті ат төлеуі тиіс деп шешеді. Бұл шешімі ел аузында «Шідер - қос, арқан – дос, тұсау – бос» деген накыл сөзбен белгілі. Кейін Төле бұл шешімін қайта қарап, тіптен, тұсау ұрлағанның өзіне жазаны күшейтеді, енді ұры тұсау ұрлағаны үшін ат бастатқан тоғыз айып төлеуі керек еді. Бұл шешімін ол «тұсау ат сақтайды, ат ер сақтайды, ер ел сақтайды» деп өрнектейді. Әрине, жазаны бұлай қатаңдату жаугершілік заман талабынан туғаны түсінікті болса керек.

Қорыта келе айтарымыз, Қазақ хандығы тұсында билер мал-мүлік дауын шешу барысында бұрыннан келе жатқан дәстүрлі қағида-нормаларды қолданып қана қоймай, оларды уақыт ағымы, заман талабына сай өңдеп, жаңартып та пайдаланып отырды. Сонымен бірге жаугершілік уақыттың ерекшелігін ескеріп мал-мүлік ұрлығына қарсы жазаларды күшейтті. Әділ билер бұл дауларды шешу барысында да әділеттілік пен ақтықты қорғай отырып, осы мақсатқа жету барысында істің ақ-қарасын ашу үшін сот процесі үстінде небір тосын эксперименттерге соттық тергеудің жаңа түрлерін қолдануға барып отырды.

#### ӘДЕБИЕТ

- [1] Қазақтың ата заңдары: құжаттар, деректер және зерттеулер. 10 томдық / Бағдарлама жетекшісі: С.З.Зиманов. 1-том. –Алматы: Жеті жарғы, 2004. -632 б.
- [2] Өзбекұлы С. Көшпелі қазақ өркениетіндегі құқық. Право кочевой цивилизации казахов. Монография. –Алматы: «Мектеп», 2002. -224 б.
- [3] Айтқұлова Н.Л. Институт «Айып» в обычном праве казахов. Автореферат на соискание ученой степени кандидата юридических наук. Алматы, 2002. -26 с.

#### REFERENCES

- [1] Kazakh laws: documents, data and research. 10-volume / Program Manager: Zimanov. 1. Almaty: Seven statute, 2004. - 632 p. (in Kaz.).
- [2] Ozbekuli S. Nomadic civilization of Kazakh law. Right of nomadic civilization of Kazakhs. Monograph. Almaty: "School", 2002. -224 p. (in Kaz.).
- [3] Aytkulova N.L. Institute "Ayyp" in customary law of the Kazakhs. Abstract for the degree of candidate of legal sciences. Almaty, 2002. -26 p. (in Kaz.).

#### Имущественные споры по казахскому обычному праву и пути их решения

Мынбатырова Н.К.

**Ключевые слова:** традиционное общество казахов, имущественные споры, соглашение, решение, род, племя, единство народа, территориальная целостность

**Резюме.** Статья посвящена исследованию судебных решений казахских биев, вынесенных при рассмотрении имущественных споров. Анализируются особенности решения имущественных споров, правовая сущность заветов и ораторских изречений казахских биев. В статье проблема о юридической природе имущественных отношений у казахов освещается в неразрывной связи с ее нравственно-этическими основаниями.

e-mail – nurlaiym@mail.ru

Сведения об авторах:

Мынбатырова Н.К. - кандидат юридических наук, доцент кафедры теории и истории государства и права, конституционного и административного права КазНУ им. аль-Фараби  
адрес место работы – г. Алматы, пр. аль-Фараби 71, Телефон: 3 773333, вн.12-55, 12-56  
e-mail – nurlaiym@mail.ru

Поступила 15.07.2015 г.

**NEWS**

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

**SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES**

ISSN 2224-5294

Volume 4, Number 302 (2015), 28 – 32

**INSTITUTES OF THE FAMILY AND MARRIAGE RIGHT  
IN THE TRADITIONAL RIGHT OF KAZAKHS AND THE MUSLIM RIGHT:  
COMPARATIVE AND LEGAL ANALYSIS**

**Toktybaev A.A., Useinova K.R.**

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

**Key words:** marriage right, Muslim right, monogamy, polygamy, levirate.

**Abstract.** The system of public administration was founded on a common law (adat). Along with an adat norms of the Muslim right worked. Norms of a common law were codified and added at the end of the XVII century at the khan Tauk in the form of the uniform arch under the name "Zhety-Zhargy" (Seven establishment). This code of laws contains norms of administrative, criminal, civil law, the provision on taxes, religious views etc. In these difficult conditions the family and marriage relations in the Kazakh khanate of 15-17 centuries developed.

**УДК 340.141(574)**

**ИНСТИТУТЫ СЕМЕЙНО-БРАЧНОГО ПРАВА В ТРАДИЦИОННОМ ПРАВЕ  
КАЗАХОВ И МУСУЛЬМАНСКОМ ПРАВЕ: СРАВНИТЕЛЬНО-ПРАВОВОЙ АНАЛИЗ**

**Токтыбаев А.А., Усеинова К.Р.**

Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан

**Ключевые слова:** брачное право, мусульманское право, моногамия, многоженство, аменгерство

**Аннотация.** Система государственного управления была основана на обычном праве (адат). Наряду с адатом действовали нормы мусульманского права. Нормы обычного права были кодифицированы и дополнены в конце XVII в. при хане Тауке в виде единого свода под названием «Жеты-Жаргы» (Семь установлений). Этот свод законов содержит нормы административного, уголовного, гражданского права, положение о налогах, религиозных воззрениях и т. д. В этих сложных условиях развивались семейно-брачные отношения в казахском ханстве 15-17 веков.

Источниками семейно-брачного права казахов в традиционном обществе являлись адат и шариат. Необходимо отметить, что из всех сфер традиционного права казахов наибольшему влиянию со стороны шариата подверглось семейно-брачное право.

Анализ мусульманского права, позволяет выделить три фактора на которых зиждется все мусульманское семейное право:

- тесное взаимодействие с религиозными и нравственными нормами;
- поддержка семьи;
- дифференцированный подход к понятию равенства мужчины и женщины.

Исследователь Магомедов И.А. называет эти факторы основными принципами и особенностями мусульманского семейного права [1, с.258].

Так, тесное взаимодействие с религиозными и нравственными нормами прослеживается в том, что существует слаженный механизм регулирования семейных отношений, состоящий из трех элементов:

- идеологический элемент, позволяющий сформировать мировоззренческие устои и жизненные принципы последователя ислама;
- религиозные предписания, устанавливающие определенный уклад жизни мусульманина;
- правовые нормы.

В данной статье мы рассмотрим лишь отдельные институты семейно-брачного права с точки зрения традиционного права казахов и шариата, а именно: правовое положение женщины в традиционном обществе, порядок заключения и расторжения брака.

Если говорить о правовом положении женщины-казашки в традиционном обществе, то оно характеризуется тем, что до выхода замуж она рассматривалась как собственность отца, а после замужества – как собственность мужа и отчасти свекрови, которая по отношению к невестке получает лишь право увещевания.

По казахскому обычному праву женщина не имела право самостоятельно заключать имущественные сделки. Её имущественные права были крайне ограничены. Однако, на практике женщина-казашка находилась в более выгодном положении, чем женщины других народов тюркского происхождения, исповедывающих ислам. Это выражалось в том, что, во-первых, казашки никогда не закрывали своего лица, то есть не носили паранджу и имели право открыто находиться в мужском обществе; во-вторых, без предоставления некоторой свободы и самостоятельности женщине, не мог бы просуществовать ни один казахский аул. Поэтому в экономическом отношении положение казахской женщины было достаточно прочным. Но этого было недостаточно для того, чтобы и в социальном отношении она заняла соответствующее ей положение.

Если же говорить о мусульманском праве, то в шариате заложено понятие "равного достоинства и различных прав и обязанностей". Это означает, что "мужчина и женщина признаются исламом равными в своем достоинстве перед Богом, признаются полноценными, взаимодополняющими личностями" [1, с.258]. Вместе с тем, в силу того, что они различаются по биологическим и психологическим параметрам, различаются так же их права и обязанности. Так, во-первых, одним из наиболее суровых и консервативных проявлений применения ислама в части правового положения женщины было женское затворничество (хиджаб). Оно широко применялось в городах, крупных населенных пунктах, особенно в семьях зажиточных. Выражался хиджаб в наличии женской половины в доме, специально отделенных мест в юрте, в ограничительных условиях нахождения женщины в обществе мужчин, например, в замене женщины мальчиками при угощении гостей в домашнем быту; во-вторых, согласно мусульманскому праву, у супругов существуют различные уравновешивающие друг друга обязательства. К примеру, если муж должен материально обеспечивать жену и детей, то женщина должна ухаживать за мужем, детьми и домом.

Брак по казахскому обычному праву представлял соглашение между родителями жениха и невесты и имел кроме своего основного назначения – союза мужчины и женщины, самостоятельное социально-хозяйственное значение.

Согласно исламу, брак объявляется божественным установлением; пророк обещает помощь Господа тем, кто прилагает усилия по его созданию, объявляет наличие праведной жены одним из признаков счастья на этом свете, а так же лучшим даром, который может получить мусульманин после обретения богобоязненности.

В традиционном казахском обществе и мусульманском праве существовал ряд условий вступления в брак. К ним относились:

1 Достижение брачующимися определённого возраста. В отличие от мусульманского права, где возраст вступления в брак определяется для девушки – 9 лет, а юноши – 12-13 лет; в казахском обычном праве брачный возраст для девушки не определяется, а вопрос о возрасте гражданского и брачного совершеннолетия остаётся спорным. Так, С.Я. Фукс считает, что брачный возраст для юноши – 15 лет [2], по мнению же С. Узбекулы – 13 лет [3].

2 Соблюдение принципа родовой экзогамии. Обычное право казахов запрещало вступать в брак с близкими по крови родственниками по восходящей и нисходящей прямой линии до седьмого колена. Данное требование связано с проблемой нравственного порядка и заботой о здоровом, полноценном потомстве. Что же касается традиционного мусульманского права, то оно не запрещает заключать браки между двоюродными братьями и сестрами.

Необходимо отметить, что нарушение принципа экзогамии очень сильно порицалось в казахском обществе. За эти нарушения следовало суровое наказание, вплоть до изгнания из общины. Но в связи с ослаблением традиционных правовых обычаев наказания были менее жестокими. Для нашего общества запрет на брак по седьмое колено остается священным. В современном казахском обществе все члены семьи должны хорошо знать свою родословную до седьмого колена. Несоблюдение традиций и незнание своей родословной порицается обществом, про таких говорят: не знающий своих семь поколений - невежда, а знающий будет заботиться не только о своей родословной, но и о судьбе семи стран.

3. Уплата калыма – выкупа за невесту. Размер калыма зависел от состоятельности и зажиточности родителей жениха. За богатую, красивую невесту платили калым, равный 47 головам скота, который распался на 7 частей. Первая часть называлась «басы жаксы» и доходила до 9 голов скота. Последняя часть называлась «аягы жаксы» и равнялась верблюду, лошади и корове.

В мусульманском праве так же существует выкуп за невесту, который носит название махр.

Необходимо отметить, что еще совсем недавно калым и махр считались разными этапами развития социальных отношений. Эту точку зрения последовательно отстаивал советский этнограф Н. А. Кисляков[4]. По его мнению, калым представляет собой покупку невесты и соответствует эпохе разложения первобытно-общинного строя, а именно стадии господства патриархальной (большой) семьи. Махр представляет собой обеспечение (гарантии) жениха невесте в случае его смерти или развода не по ее вине и относится к эпохе классовых и частнособственнических отношений, а именно к стадии господства моногамной (малой) семьи. Махр стадияльно приходит на смену калыму и является формой его вырождения.

Не соглашаясь с данной точкой зрения, отдельные авторы отмечают, что данное мнение имеет слабые стороны. Основным возражением против понимания калыма как покупки невесты, по их мнению, является тот факт, что у народов Средней Азии размеры калыма, т. е. всех подарков, которые сторона жениха передает стороне невесты, соответствуют размерам приданого, с которым невеста приходит в дом жениха. Как писали еще в конце XIX века супруги В. Наливкин и М. Наливкина, «получив калын, родители невесты обязуются соразмерно количеству последнего снабдить дочь при отправке ее к мужу»[5 с.202].

Не соглашаясь с первым мнением, мы отчасти не можем согласиться и со второй точкой зрения, поскольку нормами обычного права казахов институт приданого(жасау) подробно не регламентировался. Это означает, что отец в обязательном порядке должен был дать за дочерью только саукеле (головной убор невесты) и кибитку с личными вещами, независимо от размеров калыма. Поэтому говорить о том, что размеры приданого должны были соответствовать размерам калыма бессмысленно. Другое дело, что на практике зачастую отец старался соответствовать своим будущим родственникам. Практически об этом же говорит и Н.А. Кисляков: «...Нам представляется неправильным утверждение, что калым есть лишь компенсация приданого, его эквивалент, что в калыме и приданом мы имеем дело с двумя сторонами одного и того же явления. На самом же деле как калым, так и приданое представляют собой особые, самостоятельные институты, по-видимому, и возникшие на разных стадиях общественного развития, причем институт калыма возник раньше, институт приданого позже... И ничего нет удивительного в том, что на определенной какой-то стадии калым и приданое уравниваются»[6, с.151]. В подтверждение своих слов Н. А. Кисляков ссылался на факты вроде бы бесспорного существования калыма в форме платы за невесту у кочевых и полукочевых народов Средней Азии (куда входят казахи, киргизы, каракалпаки, туркмены), а также у горных таджиков. Любопытно, что при этом он сам приводил немало свидетельств, ставящих под сомнение бесспорность этих фактов[6, с.150,152,153]. Так, говоря о калыме у горных таджиков Дарваза, он мимоходом отмечает: «Калым иногда постепенно возвращается в дом новобрачных, т. к. его владелец, если любит дочь и зятя, тратится на подарки им, на внуков и т. п.»[6, с.152]. Или, например, у казахов: «О приданом... предъявлять претензии отцу не полагается. Правда, если разница между калымом и приданым окажется крайне велика, тогда зять рассказывает всем про такой дурной поступок тестя, стыдит, а подчас жалуется и старшинам — биям, а они заставляют тестя прибавить немного»[4, с.71].

Противоположную позицию отстаивает этнограф Ф. Д. Люшкевич: «Следует, по возможности, разграничить стадияльно обусловленные явления и сформировавшийся в этой конкретной

культуре этнопсихологический фонд»[7]. Исследовательница рассматривает калым как элемент «дарообмена» или «обмена долговыми обязательствами». Свадьба, как и любой другой вид пиршества в Средней Азии и Казахстане — это сложный социально-ритуальный процесс, который длится иногда несколько месяцев. Обязательной частью этого процесса является обмен сторон подарками и угощением. При этом, как справедливо пишет Ф. Д. Люшкевич о свадебных затратах, «характер расходов брачующихся сторон может быть учтен только в совокупности предсвадебных, свадебных и послесвадебных расходов и учета всех участников торжества»[8, с.65]. Это касается и всех остальных ритуалов[9, с.101, 106].

Юридические основы брака в адатном и шариатном праве близки, но не тождественны. Жена в «классической» исламской семье не входит в род мужа и теоретически обладает полной родовой автономией. Обратную ситуацию можно наблюдать в правовой системе кочевников — правами на женщину и ее приданое обладает не только муж, но и весь его род.

В отличие от адата в шариате существуют нормы, регулирующие взаимоотношения мужа и жены. В частности, к таковым относятся нормы, регулирующие благое отношение к женщине, послушание и верность мужу.

Дополнительным стимулирующим фактором для создания брака и семьи является существующий в мусульманском праве запрет на внебрачные половые отношения [1, с.261].

Как особую норму «Жеты-Жаргы» ввёл институт многожёнства. И если по шариату количество жён ограничивалось четырьмя, то по казахскому обычному праву количество жён не ограничивалось. Оно зависело от состоятельности, социального происхождения человека и т.д.

Основанием для многожёнства по обычному праву казахов являлось: отсутствие детей вообще или детей мужского пола.

Шариат разрешает многоженство, но так же устанавливает определенные требования, соблюдать которые возьмется только человек, действительно нуждающийся в полигамном браке и отличающийся имущественной состоятельностью. Предоставляя право на многоженство Коран устанавливает жесткое требование - справедливость ко всем женам. В частности это правило звучит следующим образом: "...Женитесь на тех, кто приятны Вам, женщинах - и двух, и трех, и четырех. А если боитесь, что не будете справедливы - то на одной..." [10].

Нормы шариата предусматривали четыре вида развода: хуль, фасх, лиан и талак. Наиболее распространенным у казахов, как и у многих других мусульманских народов, считался талак.

Казахским обычным правом допускалось расторжение брака. Развод по одностороннему желанию мужа назывался «талак». Если муж разводился вследствие неверности жены или её непочтительности, то в этом случае муж отправлял жену к её родителям «снабдив лошадью и частью приданного». Если муж решил развестись с женой без её вины, то должен был отпустить её вместе с детьми и приданным.

Развод по инициативе жены допускался в двух исключительных случаях:

- 1) при явной неспособности мужа осуществлять свои супружеские обязанности;
- 2) при систематических побоях и истязаниях со стороны мужа. В этом случае жена должна была трижды обратиться в суд аксакалов.

На наш взгляд, наличие в обычном праве казахов такого института как "талак" свидетельствует об определенном влиянии шариата на традиции и обычаи казахов, хотя, справедливости ради, уместно было бы отметить, что "из всего дозволенного самый противный для Аллаха поступок - это развод" [11, с. 175 ].

Ислам разрешает развод, поскольку должна существовать правовая гарантия возможности расторгнуть неудавшийся союз. Одновременно ислам прилагает все усилия религиозного воздействия для того, чтобы удержать людей от этого шага. В соответствии с исламом к разводу должны прибегать те супруги, для которых это единственный выход. В связи с этим существует значительное количество текстов, препятствующих разводу. Сюда в первую очередь можно отнести аяты Корана и хадисы, оказывающие влияние в этом вопросе на мужчин и женщин. Воздействие на мужчин состоит в предписании удерживать жен даже если они им не по душе: "Благопристойно с ними обходитесь. И если они Вам не по душе, возможно, эта неприязнь как раз есть то, во что Аллах вложил (для Вас) большое благо" [12]. Если же говорить о воздействии на

жен, то в одном из хадисов сказано: "Какая бы женщина ни потребовала от своего мужа развод без серьезных на то оснований, для нее станет запретным благоухание Рая" [13, с. 118].

Таким образом, со всей очевидностью можем сказать, что из всех сфер жизни казахов наибольшее влияние норм шариата испытало на себе семейно-брачное право казахов.

#### ЛИТЕРАТУРА

- [1] Магомедов И.А. Особенности мусульманского семейного права // Вестник ОГУ - №3 - 2005. - С. 258 - 262
- [2] Фукс С.Л. Обычное право казахов в XVIII- первой половине XIX века. - Алма-Ата, 1981. - 224 с.
- [3] Узбекулы С. Хан Тауке и правовой памятник «Жеты-Жаргы». - Алматы, 1998. – 88 с.
- [4] Кисляков Н. А. Очерки по истории семьи и брака у народов Средней Азии и Казахстана. - Л., 1969
- [5] Наливкин В., Наливкина М. Очерк быта женщины оседлого туземного населения Ферганы. - Казань, 1886.
- [6] Кисляков Н. А. Семья и брак у таджиков (по материалам конца XIX — начала XX века). - М. - Л., 1959
- [7] Люшкевич Ф. Д. О значении термина «калым» у народов Средней Азии // Краткое содержание докладов среднеазиатско-кавказских чтений: Вопросы этносоциальной и культурной истории Средней Азии и Кавказа. - Л., 1983.
- [8] Люшкевич Ф. Д. Традиции межсемейных связей узбекско-таджикского населения Средней Азии (к проблеме бытования «калыма» и других патриархальных обычаев) // Советская этнография. - №4 - 1989.
- [9] Абашин С. Н. Вопреки «здравому смыслу»? (К вопросу о «рациональности/ иррациональности» ритуальных расходов в Средней Азии) // Вестник Евразии. - №1 - 2 - 1999 - С. 101 - 109.
- [10] Коран: сура 4, аят 3
- [11] Сайид Муджтаба Рукни Мусави Лари Западная цивилизация глазами мусульманина - Баку, 1994
- [12] Коран: сура 4, аят 19
- [13] Юсуф аль Кардави Современные фатвы - Бейрут, 2000 - Т.1

#### REFERENCES

- [1] 1 Magomedov I.A. Features of the Muslim family law // Herald OSU - №3 - 2005. - p. 258 – 262. (in Russ.).
- [2] 2 Fuks S.L. The customary law of the Kazakhs in XVIII- the first half of the XIX centuries. - Alma-Ata, 1981. - 224 p. (in Russ.).
- [3] 3 Uzbekuly S. Khan Tauke and legal monument "Jeti-Zhargy". - Almaty, 1998. – 88 p. (in Russ.).
- [4] 4 Kisljakov N.A. Essays on the history of marriage and family of the peoples of Central Asia and Kazakhstan. - L., 1969. (in Russ.).
- [5] 5 Nalivkin V., Nalivkina M. Essay on welfare, women settled native population of Fergana. - Kazan', 1886. (in Russ.).
- [6] 6 Kisljakov N. A. Family and marriage Tajiks (based on the late XIX - early XX centuries). - M. - L., 1959. (in Russ.).
- [7] 7 Lyushkevich F.D. The significance of the term "bride price" of the peoples of Central Asia // Summary reports of the Central Asian-Caucasian readings: Questions ethno and cultural history of Central Asia and the Caucasus. - L., 1983. (in Russ.).
- [8] 8 Lyushkevich F.D. The traditions of inter-family relations of the Uzbek-Tajik population of Central Asia (to the problem of existence of "bride price" and other patriarchal customs) // Soviet Ethnography. - №4 - 1989. (in Russ.).
- [9] 9 Abashin S. N. Contrary to the "common sense"? (On the question of "rationality / irrationality" ritual costs in Central Asia) // Bulletin of Eurasia. - №1 - 2 - 1999 - p. 101-109. (in Russ.).
- [10] 10 Koran: sura 4, ayat 3
- [11] 11 Sajid Mudzhtaba Rukni Musavi Lari. Western civilization through the eyes of a Muslim - Baku, 1994
- [12] 12 Koran: sura 4, ayat 19
- [13] 13 Jusuf al' Kardavi. Modern fatwas - Bejrut, 2000 - V.1

*Поступила 15.07.2015 г.*



**NEWS**

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

**SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES**

ISSN 2224-5294

Volume 4, Number 302 (2015), 33 – 37

**A STUDY OF THE LEGAL NATURE OF LAWS ZHETY ZHARGY****Tursynkulova D.A.**

Al-Farabi Kazakh national university, Almaty, Kzakhstan

**Key words:** customs, legal custom, legal civilization, crime, punishment, marriage, family, law, legacy, sources of law.

**Abstract.** The paper considers and explores content «Zhety Zhargy». Also in the paper legal nature «Zhety Zhargy» is comprehensively researched, there is a study of the general characteristics and peculiarities of the laws of the legal customs. The paper also focuses on the study of the basic institutions of the Kazakh customary law. Basic findings and position of the author may be used in the development of the legal heritage of the Kazakh people, in raising legal awareness and legal education of the Kazakhstan society.

**«ЖЕТІ ЖАРҒЫ» - ҚАЗАҚ ӘДЕТ ҚҰҚЫҒЫНЫҢ ҚАЙНАР КӨЗІ****Турсынкулова Д.А.**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан

**Тірек сөздер:** әдет-ғұрып, құқықтық әдет-ғұрып, құқықтық өркениет, қылмыс, жаза, неке, отбасы, құқық, заң, құқықтың қайнар көзі

**Аннотация.** Жұмыста қазақ әдет құқығының негізгі бастауы болған Жеті Жарғының мазмұны ашылып, қарастырылады. Сонымен қатар, Жеті Жарғының құқықтық табиғаты ашылады, дала заңдарының жалпы сипаттамасы және ерекшеліктері талданып, жан жақты зерттелінеді.

Сондай ақ мақаланың авторы қазақ әдет құқығының негізгі институттарын талдауға аса назар бөледі. Автордың қол жеткізген нәтижелері мен қорытындыларын қазақ халқының құқықтық мұраларды жаңғырту ісінде, қоғамның құқықтық санасын арттыруға, қоғамның құқықтық тәрбиесін көтермелеуге ісінде қолдануға болады.

Көшпелі қоғамның құқықтық негіздері ежелгі дәуірдің өзінде қалыптаса бастаған болатын. Құқықтық негіздердің бастауларын сонау ежелгі ғұн, үйсін дәуірлерінен іздеу қажет. Қазақ қоғамындағы құқықтық жүйенің басты институттарының негіздері де сол заманның бастау алады. Бұл ағайынгершілік институына да қатысты болып табылады. Әдетте, құқықтың қалыптасуының үш жолы бар.

1) нормативтік актілер; 2) үлгілер (прецедент); 3) құқықтық әдеттер. Кезінде қазақ мемлекеттілігінің құқығы осы үш жолмен қалыптасқан. Оған дәлел “Қасым ханның қасқа жолы” (XV ғ.), “Есім ханның ескі жолы” (XVI ғ.), Тәуке ханның “Жеті жарғысы” (XVIII ғ.), Сонымен қатар, қазақ қоғамында билердің үлгі шешімдері де қазақтың ұлттық құқықтық әдеттерін дамытқан. Қиыннан қиыстырып тапқан билердің шешімдері ұқсас істерді қарағанда күші бар құқықтық норма ретінде пайдаланылған. XIX ғасырда билер съезінде қабылданған ережелерде құқықтық нормалар жазылып, нормативті актілер ретінде пайдаланылған. Солармен қатар, қазақ қоғамында ежелден қалыптасқан құқықтық әдеттер де қоғамдық қатынастардың реттеушісі болып отырған [1, 47 б.].

Жеті Жарғының қалыптасуы Тәуке хан тұсында жүзеге асқан болатын. Тәуке хан заңдарының кейбір үзінділері Спаский, Левшин, Гавердовский және Шангиндер т.б. арқылы жеткен болатын.

Сонымен қатар, Қазанғап Байболұлының жинақтарының ішінде де, одан хабар беретін сипаттама кездеседі. Оны мына өлең өрімдерінен көруге болады.

Жер дауы баяндайын - біріншісі,  
Ру, қоныспенен меншікті ісі.  
Иеленген жеріне жанжал болса,  
Біреуге басымдық қып озбыр кісі,  
Үй іші мен баланы тәрбиелеу-  
Болған жосын заңының екіншісі.  
Ұрлық, қарлық, барымта – үшінші заң,  
Баян етер бәрін де білген кісі.  
Төртінші боп саналған мынау заңы,  
Бір халық пен басқа ру болса дауы.  
Ұлтын жаудан қорғамақ – бесінші бұл,  
Алтыншы, жетінші - құн дауы, жесір дауы [2, 207 б.].

Ғылыми және ғылыми-көпшілік әдебиетте “Жеті жарғы” атауына қатысты әр түрлі пікірлер бар, бірақ олар ғылыми қауым тарапынан толық қолдау таба қоймаған, бір-біріне кереғар келіп жататын жорамалдауларға негізделген. Бұл төңіректе әлі де даулы мәселелер көп болғандықтан біз осы атауға қатысты жасалған этимологиялық талдаулар мен түсініктердің негізгі бөлігіне ғана тоқталып кетеміз.

Жарғы сөзінің мағынасы әлі де ғылымда таласты. Бұл сөздің мағынасы мынандай, төмендегі бағыттағы түсініктерді береді:

1. “Жарғы” қазақ арасында кең тараған, ғасырлар елегінен өткен “Жол”, (“Жаза”, “Жарғы”, “Қасым ханның қасқа жолы”, “Есім ханның ескі жолы”) негізін қуаттайды және жетекшілікке алады.

2. “Жарғы” арғы түбін Алаштан алатын қазақ елінің, бірлігін, туыстығын сақтап қалуды көздейді. Қандай да болмасын билік, бітім сөз қазақтың арасын ашпай “жарасуға”, “қарындасқа” бастауы тиіс.

3. “Жарғы” ел басшылығына ұсынылатын хан, ұлыс сұлтаны, билердің жеке бастарының қасиеттері жоғары болуын талап етеді. Қазақ ішінде таза мұрагерлік, таза сайланбалы тәртіп жоқ.

4. “Жарғы” қазақ арасындағы билік, бітім сөзінің халықтың қатысуымен, жария етілуін талап етеді. Бидің айтқан шешімін кейінге қалдырмай, бірден іске асыруы тиіс.

5. “Жарғы” бойынша екі жақ алдына келіп бірдей жүгінгеннен кейін айтылған бітім сөзі заң болып табылады. Би (кеңес, жүгініс) шешімін орындамаған адам ел ортасынан аласталады, не барымтаға түседі.

6. “Жарғы” қазақ арасындағы қылмысқа қатысты шешімдердің алдымен “қанға қан”, “көзге көз” ережесімен шешілуін талап етеді. Кешірім болған уақытта ғана “құн” мен “айыпты” қолданады.

7. “Жарғы” қазақ атанған елдің азаматтары, қару-жарағы мен жорық аты, сайлы болса, дәрежесі тең екенін және қарым-қатынас тек туыстық жолмен реттелетінін жариялайды.

8. “Жарғы” қазақ ішінде неке ме отбасы құндылықтарын мүлтіксіз сақтауды талап етеді. Зорлық, ойнас, біреудің некелі әйелін алып қашу т.б. қылмыстарға өлім жазасын лайықты деп санайды.

9. “Жарғы” меншікке, әркімнің еңбекпен тапқан мал-мүлкіне қарсы жасалған қылмыстың қай түрі болсын-ұрлық, тонаушылық, өте қатал жазалануын талап етеді.

10. “Жарғы” діннен безген, құдайға тіл тигізген адамдарды, өзге де дінге кірушіні қатын-баласынан, мал-мүлкінен айыруды, өлім жазасын беруді қуаттайды. Өзіне-өзі қол көтерген адамның жаназасын шығармауды, ру қорымынан бөлек жерлеуді талап еткен [3, 65-66.].

Атақты ғалым Ә.Х. Марғұлан “Қасым ханның қасқа жолын” былайша сипаттайды: “Қасым ханның қасқа жолының” негізі Орта ғасырларда Қыпшақ, Шағатай ұлыстары қолданған “Ярғу” заңынан алынған, қазақша “жарғы” – хақиқат деген ұғымды білдіреді. Түпкі мәні жарудан, нәрсенің салмағын бір жағына аудармай, дәл, әділ айырудан шыққан. Дауды әділ, тура шешкен билерді халық бұқарасы ардақтап “Қара қылды қақ жарған” деп мадақтаған. Өзінің мазмұны бойынша бұл заңның түбегейлі идеясы ежелгі әскері-демократия арнасына барып тіреледі. XV

ғасырдың сонында, XVI ғасырдың басында Бұхардың ишан-қазылары кесіп жүріп қазақ өлкесінде діни үгіт таратып, “ежелгі Жарғы заңын қалдырыңдар, ол көкке табынатын дінсіздіктің ісі, оның орнына шарифат қағидасына ауысыңдар, ант бергенде “көк соқсын” деп айтпаңдар, құран соқсын деп, құранды бастарыңа көтеріңдер” деп үгіттейді. Бірақ, халық бұқарасы оған селсоқ қарап, көп заман шарифат қағидасына ойыса қоймайды. Уақыттың көбін мал бағумен өткізген халық бұқарасына шарифаттың қағидалары өте қиын болып көрінген.

Бұл тарихи оқиғаларды жақсы білген Қасым хан, саяси жағдайының шиеленіскен кезінде, халық бұқарасының, билер тобының көптен бергі ойына қарсы тұрмай, қайта олармен бірігіп, шарифатты бүтіндей қалдырып, халықтың тілегіне жақын әрі ерте заманнан оларға түсінікті ежелгі “Жарғы” заңын жаңадан күшейтеді. Халықтың қалың бұқарасы Қасымның шарифатты алмай, ежелден қалыптасқан билер заңы – “Жарғыны” жаңадан көтергенін қатты ұнатып, оны “Қасым ханның қасқа жолы” деп атап кетті, [4, 542 б.] – дейді.

Әрине “Жарғы” деп Ә.Х. Марғұлан айтқан ұстанымға қосылу қиын. Бұл пікір С.З. Зиманов пен Н. Өсерұлы “Жарғы” сөзіне кезінде мерзімді баспасөзде жарияланған мақаласында айтылған болатын [5, 32 б.]. Жеті жарғыға шариат заңдарының әсері тимеді деген пікір зерттеліп қазір бағасын алған. Ол пікірге сәйкес шариаттың қазақ әдет құқығына әсері болған, бірақ та ежелгі әдет-ғұрып жобалары өте басым болғандығы шындық. Одан кейінгі реформатор Есім ханның шығыс және солтүстік-шығыс шептерінде ойрат феодалдары агрессиясына қарсы тойтарыс беру үшін көбіне жорықтарда жүргендігі белгілі [6, С. 103-113]. Есім ханның заңында Қасым ханның жолдарына көп өзгерістер ене қоймады. Бұл екі заңда Жеті жарғының негізгі бастаулары болып табылады.

Жеті жарғының бізге жеткен бірнеше нұсқалары бар. Ол туралы жоғарыда айттық. Оның ішінде А.И. Левшиннің нұсқасы толықтау болып көрінеді. Ол өзінің еңбегінде мынандай Жеті жарғының талаптарын көрсеткен:

Қазақтар аңсап еске алатын алтын ғасыр Тәуке хан билік құрған заман болатын. Оның орны ерекше болғандығы сонша, оны қазақ тарихында Солондар мен Ликургтердің қатарына қоюға болады. Ол ұзақ уақыт бойы тынышсыз өмір кешкен рулар мен тайпаларға нақты құрылым мен тәртіп енгізіп қана қойған жоқ, сонымен бірге көптеген заңдарды да өмірге әкелді. Ұлы және Орта жүз қазақтары олардың қолданылып жүрген заңдарының Тәуке ханнан да көне екендігін айтады. Қырғыз-қайсақ заңдарын кім бірінші шығарған деген мәселеге тоқталмастан, осы заңның ережелеріне қысқаша тоқталып өтейік.

- Мұнда бірінші орын кек алу заңына берілген: қанға-қан, жанға-жан қағидасы қолданылған.

- Ұрлық, тонау, зорлау, көзге шөп салу үшін өлім жазасы кесілген.

- Кісі өлтірген қылмыскерді өлтірілген адамның туыстары өлтіруге құқылы болды; қолын, аяғын, құлағын, т.б. дене бөліктерін кескен адамға дәл осындай жаза қолданылсын. Бірақ жаза бидің үкімімен немесе талапкердің келісімімен жеңілдетілуі мүмкін, бұл жағдайда кез-келген қылмыскер құн төлеп құтыла алады. Қылмыскер өлтірілген ер адам үшін 1000 қой, әйел адам үшін 500 қой құн төлеп, өз өмірін сақтап қала алған. Біреудің дене мүшелеріне зақым келтірген немесе кесіп тастаған адам оған теңестірілген көлемде малмен құн төлейді. Бас сауса – 100 қой, шынашақ – 20 қой т.б.

- Кімде-кім сұлтанды немесе қожаны өлтірсе, өлтірілген адамның туыстарына жеті адамның құнындай құн төлейді. Сұлтанды немесе қожаны сөзбен жәбірлеген адам 9 мал айып төлейді, ал егер ұрып-соқса 27 мал айып төлейтін;

- Егер әйелі күйеуін өлтірсе өлім жазасына кесіледі және ешқандай құн төлеу арқылы құтыла алмайды. Бір ғана жәйт егер күйеуінің туыстары кешірім жасаса ғана өлім жазасынан құтылуы мүмкін. Бірақ күйеуін жүкті әйел өлтірсе оған жаза қолданылмайды, халық алдында ол жек көрінішті жағдайда болады;

- Егер күйеуі әйелін өлтірсе, ол өлім жазасынан құн төлеп құтылады;

- Ата-анасы өз балаларын өлтірсе, ешқандай жазаға тартылмайды. Бірақ некесіз әйел туған нәрестесін ұялғаннан өлтірсе, өлім жазасына кесіледі;

- Өзін-өзі өлтіргендер бөлек жерленеді;

- Егер әйелді атты адам қағып кетіп, зақым келтірсе және нәтижесінде ол өлі бала туса, кінәлі адам келесідей тәртіп бойынша құн төлейтін; егер іштегі бала 5 айға дейінгі болса, әрбір айына бір жылқыдан; 5 айдан 9 айға дейінгі бала болса, әрбір айына түйеден төлейтін.

- Зорлау кісі өлтірумен тең болған, сондықтан ол үшін өлім жазасы қолданылған немесе күйеуіне әйелі үшін құн төлейтін, қыз үшін туыстарына құн төлейтін; бірақ егер зорлықшы өзі зорлаған қызға үйленсе және қалыңмал төлесе-өлім жазасынан да, құн төлеуден де босатылған;

- Күйеуі егер әйелін өзінің көзіне шөп салып жатқан жерінен түссе, әйелін өлтіріп тастауға құқылы. Басқа жағдайлардың барлығында күйеуі билер сотынан егер олардың қылмысы дәлелденсе сенімсіз әйелін және оның азғырушысын өлім жазасына кесуді сұрап жүгіне алады; егер 4 адал адам олардың кінәсіздігіне ант берсе, сот оларға ешқандай жаза қолданбайды.

- Біреудің әйелін оның келісімінсіз алып кеткен адам өлім жазасына кесіледі немесе құн төлейді. Ал егер біреумен қашып кетуге әйелдің келісімі болса, алып қашушы ол әйелдің күйеуіне қалыңмал төлеп және қалыңсыз бір қыз беріп жазадан құтылған;

- Әйелді ренжіткен адам кешірім сұрауы тиіс, ал егер кешірім сұраудан бас тартса, құн төлейді.;

- Туыстар бір-біріне үйленсе, оларға өлім жазасы қолданылады, бірақ өлім жазасы туыстардың шешімі бойынша басқа жазалармен ауыстырылуы мүмкін.

- Діни қылмыс жасағандардың қылмысын жеті адам куәландырса, таспен атып өлтірген.

- Кімде – кім христиан дінін қабылдаса, туыстары бүкіл мүлкінен айырады;

- Құлдың қожайыны оның өмір мен өліміне шексіз билік етеді. Құлдың қожайынына берген арызы ешқайда қабылданбайды.

- Егер ұл әкесіне немесе шешесіне қарсы ренжітіндей сөздер айтса немесе сабаса, оны қара сиырға теріс қаратып отырғызып, мойнына қара бағу тағып, жетектеп бүкіл ауылды аралатып, қамшымен сабайтын; егер қыз ата-анасына тіл тигізсе немесе қол тигізсе, оның қол-аяғын байлап, жазалау үшін анасының билігіне берілетін;

- Ұрлық жасаған адам ұрланған малды (мүлікті) үш тоғыз (27) есе көлемде қайтаратын, бұл жаза айбана деп аталатын. Егер мал ұрласа, түйе ұрлығы үшін онымен қоса бір құл, жылқы ұрласа, онымен қоса бір түйе, қой ұрласа, онымен қоса бір жылқы қайтаратын. Жүз түйе 300 жылқыға, 1000 қойға тең болған.

- Кімде-кім бір уақытта кісі өлтірсе, ұрлық жасаса, екі қылмыс үшін жауапты.

- Әйелі және балалары күйеуінің немесе әкесінің қылмысын біле тұра жасырса, жазаға тартылмайды. Яғни, отағасына, жаса үлкенге қарсы шықпайды.

- Өлтірілген аңшы бүркіт пен тазы үшін иесі құл немесе құн сұрауы мүмкін;

- Егер балалары жоқ, жеке өмір сүретін ұл қайтыс болса, оның шаруашылығы өз әкесіне көшетін. Жасы толмаған балалар жақын туыстарының қамқорлығына берілетін. Ал еге жақын туыстар болмаса, бөтен сенімді адамдарға беріледі.

- Діни өсиеттер туыстардың және молданың қатысуымен жасалады.

- Бөтен біреудің қолындағы жылқылар, сиырлар, қойлар төлімен қайтарылады. Оның құрамына барымталанған мал кірмейді.

- Дау-дамайларды қарастырып, қылмыскерлерге үкім шығару құқығын хан, талапкер мен жауапкер ауылының ақсақалдары, ру басылары иеленеді және дауласушы тараптар таңдап алған аралық билерді шақырып қарастырады.

- Егер жауапкердің билерге қатысты күдігі болса, ол бұл жөнінде дереу атып, күмәнді жоюға құқылы;

- Егер жауапкер сотқа келмесе немесе бекітілген айыпты төлей алмаса, жауапкердің ауылы немесе туыстары төлейді. Бұл жағдайда жауапкердің тағдыры оның өзінің туыстарының немесе ауылының қолына көшеді;

- Қылмысты дәлелдеу үшін 2-ден кем емес, ал кейде 3-тен кем емес куәлардың дәлелдеуі қажет. Егер куәлар болмаса, акт беру қолданылады. Бірақ антты талапкердің де, жауапкердің де өздері бере алмайды. Егер ешбір жан айыпталушы үшін ант бермесе, ол кінәлі болып саналатын. Ант беруші ретінде әйелдер, құлдар, балалар жіберілмейтін.

- Билер мен аралық делдалдар даулы істі шешкені үшін бүкіл талаптың 10 бөлігін алуға құқылы болған.

Егер айыпталушы сот үкімін орындамаса немесе ауыл басқарушысы істі тергеуден қасақана жалтарып жүрсе және сонысымен қылмыскерге жақтасып жүрсе, талапкер өз ауылының ақсақалдарының рұқсатымен барымта жасау құқығына ие болады. Яғни талапкер өз туыстарымен немесе жақын

көршілерімен жауапкердің ауылына барып, жасырын түрде оның малын адап әкете алған. Бірақ ауылына қайтысымен бұл жөнінде ауыл ақсақалына хабар беруі тиіс. Ауыл ақсақалы айдалып әкелінген малдың көлемі қойылған талаптың көлеміне сәйкес келе ме, жоқ па осыны тексереді.

Жоғарыда келтірілген заңдарға қоса Тәуке хан заңдарында келесідей ережелердің де болғаны мәлім:

- Жыл сайын күзде хан, барлық сұлтандар, ақсақалдар және рубасылар бір жерге жиналып мемлекеттік істер жөнінде кеңеседі; бұл жиналысқа келген әрбір қазақ қару-жарағын асынып келуі тиіс. Ал егер қарусыз келсе ол дауыс беру құқығынан айырылатын және жасы кішілер оған орын бермейтін; кез-келген қару ұстай алатын адам (сұлтандардан басқа) ханға және басқарушыларға жыл сайын өзінің бүкіл мүлкінің 20-бөлігін салық ретінде төлейді; әрбір рудың, тайпаның және отбасының тамғасы болуы тиіс. Бұл тамғалар шатасып кетпес үшін бүкіл мүлікке және малға басылуы тиіс [7, 482-485 бб.].

Қазақ әдет құқығы жүйесінде «Жеті Жарғы» заңы Дала Конституциясының міндетін атқарды. Жеті Жарғы заңында тек қана әдет құқығының нормалары топтастырылып қана қойған жоқ, сонымен қатар шариат нормалары да енгізілді. Жеті Жарғы заңының ең негізгі заң болғандығын, оның халық санасында осы күнге дейін бұзылмай, тасталып келуімен түсіндіреміз. Жеті Жарғы заңы қазақ құқығының басқа бастауларына қағидалық негіз болып табылды.

#### ӘДЕБИЕТ

- [1] Сапарғалиев Ғ., Ибраева А. Мемлекет және құқық теориясы (оқу құралы). – Алматы: Жеті арғы, 1997. – 96 б.
- [2] Байболұлы Қ. Төле би. - Алматы: НБ. – Пресс, 1991. - 192 б.
- [3] Артықбаев Ж.О. Жеті Жарғы - мемлекет және құқық ескерткіші (зерттелуі, деректер, тарихы, мәтіні) Оқу құралы. – Алматы: Заң әдебиеті, 2003. – 150 б.
- [4] Қазақ совет энциклопедиясы. – Алматы, 1972. - Т. 6. - 542-бет.
- [5] Зиманов С.З. и Усеров Н. Несколько слов о Жеты-Жаргы // Изв. АН Каз.ССР. - 1975. - №4. (серия общественная).
- [6] Материалы по истории русско-монгольских отношений (1607-1636 гг.). Сборник документов. М., 1959. - С. 103-113.
- [7] Қазақтың ата заңдары: Құжаттар, деректер және зерттеулер. 10 томдық, 2 басылым. - Алматы: Жеті Жарғы, 2005. – 1 Т. - 616 б.

#### REFERENCES

- [1] Sapargaliyev G., Ibrayeva A. Theory of State and Law (manual). Almaty: Zheti argy, 1997. 96 p. (in Kaz.).
- [2] Baiboluly. Tole bi. Almaty: NB. - Press, 1991. - 192 p. (in Kaz.).
- [3] Artykbayev Zh.O. Zheti zhargy - the monument to the Constitution and the law of the state (research, data, history, text) manual. Almaty: Legal literature, 2003. - 150 p. (in Kaz.).
- [4] Kazakh Soviet encyclopedia. - Almaty, 1972. - V. 6. - 542 p. (in Kaz.).
- [5] Zimanov S.Z., Userov N. Few words about the Zheti-Zhargy // News of Academy of Sciences of the Kazakh SSR. - 1975. - №4. (a series of social). (in Russ.).
- [6] Materials on the history of Russian-Mongolian relations (1607-1636). Collection of documents. M., 1959. - p. 103-113. (in Russ.).
- [7] Kazakh laws: Documents, data and research. 10 volumes, 2 edition. Almaty: Zheti zhargy, 2005. - V.1. - 616 p. (in Kaz.).

#### Исследование правовой природы законов Жеті Жарғы

Турсынқұлова Д.А.

кандидат юридических наук, доцент кафедры теории и истории государства и права, конституционного и административного права юридического факультета КазНУ имени аль-Фараби

**Резюме.** В работе рассматривается и исследуется содержание Жеті Жарғы. Также в работе всесторонне исследуются правовая природа Жеті Жарғы, исследуется общая характеристика и особенности степных законов.

В работе также особое внимание уделяется на изучение основных институтов казахского обычного права. Основные выводы и положения автора могут быть использованы в развитии правового наследия казахского народа, в повышении правосознания и правового воспитания казахстанского общества.

**Ключевые слова:** обычай, правовой обычай, правовая цивилизация, преступление, наказание, брак, семья, право, закон, источники права

Поступила 15.07.2015 г.

**NEWS**

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

**SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES**

ISSN 2224-5294

Volume 4, Number 302 (2015), 38 – 63

**THE IDEA OF CONSTITUTIONAL STATE IN THE WORKS  
OF A.N. BUKEYKHANOV AND MODERNITY**

**Useinova G.R.**

Al-Farabi Kazakh national university, Almaty, Kazakhstan

**Key words:** Kazakh people, rights and freedoms personal, political legal ideas, Alash-Orda, Constitution.

**Abstract.** In this article the content of state and legal ideas of thinkers of Russia and Kazakhstan of the second half of XIX - the first half of the XX century is opened, and also their influence on formation of state and legal outlook of A.N. Bukeykhanov is defined. A.N. Bukeykhanov's role in formation and development of ideas of democracy and parliamentarism in Kazakhstan in the first half of the XX century is defined. The main objective of political and legal activity of A.N. Bukeykhanov consisted in realization of his idea about need of creation of a state and legal form, the corresponding essence of the Kazakh people, to its historical traditions and the considering prospect of development of the national and state autonomy. One of the central places in ideological heritage of the thinker is occupied by a problem of the rights and personal freedoms.

**ИДЕЯ ПРАВОВОГО ГОСУДАРСТВА В ТРУДАХ  
А.Н. БУКЕЙХАНОВА И СОВРЕМЕННОСТЬ**

**Усеинова Г.Р.**

КазНУ имени аль-Фараби, юридический факультет,  
г. Алматы, Республика Казахстан

**Ключевые слова:** народ, права и свободы личности, политико-правовые идеи, Алаш-Орда, Конституция РК.

**Аннотация.** В данной статье раскрыто содержание государственно-правовых идей мыслителей России и Казахстана второй половины XIX - первой половины XX века, а также определено их влияние на формирование государственно-правового мировоззрения А.Н. Букейханова. Определена роль А.Н. Букейханова в становлении и развитии идей демократии и парламентаризма в Казахстане в первой половине XX века. Основная цель политико-правовой деятельности А.Н. Букейханова заключалась в реализации его идеи о необходимости создания государственно-правовой формы, соответствующей сущности казахского народа, его историческим традициям и учитывающей перспективы развития национально-государственной автономии. Одно из центральных мест в идейном наследии мыслителя занимает проблема прав и свобод личности.

Лидер партии “Алаш”, первый руководитель правительства “Алаш-Орды”- Алихан Нурмухамедович Букейханов относится к светлой плеяде казахской интеллигенции, которой довелось жить и творить в нелегкое время, характеризующееся динамичностью, наличием исторических катаклизмов и потрясений. Государственно-правовые взгляды А.Н. Букейханова формировались в сложной исторической обстановке. К началу XX века казахский народ получил в наследие не только кочевой образ жизни, но и сплошную неграмотность, малочисленный рабочий класс, произвол царских чиновников и т.д.

В плеяде общественно-политических деятелей своего времени А.Н. Букейханов выделялся оригинальностью мыслей и независимостью суждений.

Современные юридическая и политическая науки и практика постоянно сталкиваются с проблемами, подобными которым решались А.Н. Букейхановым, его соратниками и последователями, единомышленниками и близкими по духу деятелями в начале XX века. Это

такие важнейшие вопросы государства и права, как адаптация принципа разделения властей и создание системы обособленных органов законодательной, исполнительной и судебной власти, формирование и развитие идей демократии и парламентаризма, Государственного совета и организация его деятельности, обеспечение законности в деятельности всех ветвей государственной власти, эффективное взаимодействие центрального и регионального управления, повышение уровня правового сознания общества.

Современная теоретическая разработка проблем правового государства невозможна без учета анализа истории учений о правовой государственности, поскольку накоплен богатейший арсенал идей и концепций, в которых нашли отражение как сильные так и слабые стороны данной теории.

А.Н. Букейханов был сторонником идеи правового государства. Несмотря на то, что он открыто не говорит об этом, к такому выводу нас подвигло следующее.

Во-первых, А.Н. Букейханов хорошо был знаком с идеей правового государства, поскольку не вызывает сомнений тот факт, что ему были известны труды западных мыслителей, в том числе и И. Канта.

Ал бүгінгі таңның діни ахуалы өте күрделі де, өзекті проблемалардың бірі. Өйткені тәуелсіздік жылдар елімізде азаматтық қоғамның және нарықтық экономиканың құрылуымен ғана емес, сондай-ақ, діни серпілістің жүруімен де сипатталады. Мысалы, дәстүрлі діни бірлестіктер ұстанымдарының күшеюімен бірге қазіргі Қазақстан үшін беймәлім, жаңа «дәстүрлі емес» діни

ұйымдар пайда болды. Жат дін мен сектаның сергелдеңіне түскен автохтонды ұлт өкілдері аз емес. Оның қоғам мен мемлекетке тигізер зардабы орасан зор.

Мемлекетіміздің басты қазынасы – адам, оның өмірі мен бостандықтары және құқықтары екендігі анық. Елімізде жүргізіліп отырған саяси ахуалдың барлығы осы қағидаға негізделетіндігін біз тәуелсіздік алған жылдар ішінде орын алған оң өзгерістерден көре аламыз. Тәуелсіздік жылдарында елімізде орын алған күрделі саяси-экономикалық, әлеуметтік және мәдени жаңарулар мен өзгерулер ағымында мемлекет билігінің қайнар көзі болып табылатын халқымыздың рухани өмірі мен діни көзқарастары да бір жағынан толығып, ал енді бір жағынан әралуан бағыттар бойынша кемелденіп, бүгінгі көптеген этникалық топтар мен түрлі діндерді ұстанатын зайырлы Қазақстан қоғамы қалыптасты [1, 3 б.]. Дін, ар-ождан бостандығы сынды элементтер – біздің қоғамымыздың бет-бейнесін көрсететін формулаға айналды.

Халық, дін және мемлекеттің тұтастығы арасында тікелей тәуелді көпір бар екені аян. Көптеген этникалық топтар мен діни сенімдерден құралған біздің қоғамымыздағы өтпелі кезеңде дін атаулының мемлекеттің ішкі тұрақтылығы мен қауіпсіздігін қамсыздандырудағы рөлі, өндіруші күш болып табылатын халықты ұйымдастырудағы құдіреті, халықаралық қатынастардағы салмағы және еліміздің болашағы мен баяндылығына тікелей әсері өте анық көрініс берді [1, 1 б.].

Бүгінгі таңда мемлекетіміз үшін діни тұрғыдан екі күрделі проблема туындап отыр. Бірі, хақ исламның атын жамылған жалған діни бірлестіктер. Ал екіншісі, жат жерлік діни ағымдардың күн санап артып бара жатқандығы. Бұл екі мәселенің өзіндік ұқсастықтары болғанымен ерекшеліктері өте көп.

Мәселен, жалған ислам атауын ту көтерген ұйымдардың мұсылман қауымына тигізер зардабы мен тауқыметі мол. Өйткені мұндай ұйымдардың жат жетегіне кеткен қандастарымыздың жақындары мен туыстарының ислам дініне деген көзқарастары бұзылып, теріс айналатындығы анық. Кезінде зайырлылықты сылтау етіп, Пәкістан, Мысыр, Сирия сынды елдерде трансформацияланған ислам жолын ұстанған бауырларымыз радикалды-экстремистік бағытқа түсіп кетті. Теріс пиғыл мен ниетті қасиеттерге ие болғандығына бірінің көзі жетсе, ал екінші бірі әлі де болса соқыр мен мылқаудың күйін кешіп жүр.

Біздің қазақ халқы – мұсылман, діні – ислам екендігін үнемі Ұлт көшбасшысы Н.Ә.Назарбаевтың қалың бұқараға биік мінбелерден айтып жүргендігіне куәгерміз. Тіпті, Елбасымыз исламның радикалды бағытына көшудің зардабы туралы айта отырып, мұндай құбылысты қоғамның орта ғасырлық кезеңге оралуы ретінде бағалады [5].

Сан ғасырлар бойы хақ ислам жолын ұстанған ата-бабаларымыз осы діннің шариғи нормаларына сәйкес, өз әдет-ғұрып, салт-дәстүрін, наным-сенімін қалыптастырған, әрі оны ұрпақтан ұрпаққа жалғастырып отырған. Бүкіл әлемнің Раббысы, Субхан Алла тағаладан түскен Құран кәрімнің сүннет жолымен жүру – бізге берілген аманат. Бірақ, өкінішке орай, бес парызды толық ұстанып жүрген мұсылман азаматының келбетіне қаяу түсіріп, ислам атын жамылып, келеңсіз құбылыстарға барып жүргендер жоқ емес. Ислам бейбітшіліктің діні екенін бірі түсінсе, бірі түсінбес.

Ал екінші бір діни проблема – жат жерлік діни ағымдардың жергілікті тұрғындарға ықпалы болып отыр. Бұл өте өзекті, өзек жарды мәселе. Өйткені дәстүрлі емес діни ұйымдар талай шаңырақты шайқалтып, талай азаматтарды жетім, жесір, ұрпақсыз етті.

Батыс пен Шығыстың алтын көпіріне айналған мемлекетіміз үшін негізгі міндеттердің бірі – транспарентті қоғамда діни экспансиялық саясатқа бақылау мен тексеру ұйымдастыру, олардың қызметтерін, мақсаттары мен міндеттерін толыққанды қадағалау болып отыр.

Қазақстанда тәуелсіздіктің ширек ғасыры барысында діни институттардың сан жағынан да, сапа жағынан мәнді өсуі байқалып отыр. Діни бірлестіктер саны бірнеше есе өсті, рухани дәстүрлер қайта өрлей бастады, жаңа ғибадатханалар салынуда, мысалы, мешіттер, шіркеулер, ғибадат үйлері, синагогалар бой көтерді. Халықтың діндарлығының деңгейі өсті. Әрине, бұл тарихи заңдылық. Өйткені жетпіс жылдан астам уақыт бойына тоталитарлық-казармалық жүйеде өмір сүрген посткеңестік елдерде коммунизмнің атеистік ұраны тұрғындар арасына дінді апиын етіп көрсетті. Тіпті, «адамды адам еткен еңбек» ұраны дүйім жұрттың санасына мықтап орнықты. Жоғары оқу орындары мен өзге де білім ордаларында атеизм міндетті пәндердің біріне айналды. Дін – рухани азық ретінде жойылудың алдында тұрды. Барлық діни мерекелердің, ұлттық

мейрамдардың тойлануына тыйым салынды. Өйткені биліктің көздегені – ұлтсыз, дінсіз, тапсыз пролетариат халқын тәрбиелеу болатын. Мұндай жағдай қоғамның діни ахуалын толыққанды жоюға бағытталды. Дегенмен хакім мен ғазиз иесі Раббымыздың қалауымен хақ ислам дінін ұстанушылар саны артып келеді.

Қазақ топырағы арқылы барлық әлемдік діндер өткен, сондықтан да жатырқаушылық немесе діни фанатизм сезімі бізге жат. Осынау рухани дәстүр – Жаратушы иеміздің түскен сөзіне жүрегіміздің ашықтығы мен сенімділігі және Қазақстандағы конфессияаралық татулықтың аса маңызды тұғырларының бірі.

Біз өзіміздің жатсынбас тұрпатымызбен, этносаралық, конфессияаралық татулығымызбен және өзара үндесуімізбен күллі әлемге танымалмыз. Еліміздің өсіп келе жатқан бітімгершілік әлеуеті алдағы уақытта да мұқият сақталып дамытыла береді. Демек, мұндай келелі жағдай, болашаққа деген нық қадам басуымызға алғышарт болары анық.

Елімізде негізінен басты екі дін бар десек болады. Олар – ислам және христиан. Ислам дінін ұстанушылар халық санының шамамен 70 пайызын құрайтын 24 этникалық топтан тұрады. Республика халқының 58 пайызы қазақтар және оларға қоса ұйғыр, татар, өзбек, түрік, курд, дүнген, шешен, әзірбайжан, башқұрт, ингуш, балкар сынды бауырлас халықтар түгелдей ислам дінін және оның ішіндегі сүннет (суннит) жолын ұстанады. Тек, әзірбайжан және курд халықтарының бір бөлігі мен шағын ирандық топ қана шиға (шиит) жолында. Бүгінге дейін көп білінбейтін шиғалар, әсіресе, IV Кәрім Аға Ханның елімізге жасаған сапарлары және «Халықаралық тау университетінің» Қазақстандағы бөлімшесінің ашылуы арқасында соңғы жылдары елімізде үгіт-насихаттарын күшейте түсуде.

Сонымен, 2004 жылдың басындағы деректерге сүйенсек, елімізде 1648 мұсылман діни бірлестігі және 1534 мешіт жұмыс істеген [2]. Ал 2011 жылғы 26-сәуірдегі дерек бойынша, Қазақстанда 2500 мешіт жұмыс жасап жатыр [3].

Тәуелсіздік жылдары Қазақстанда діннің нақты қайта өркендеуі жүзеге асты. 1989 жылдың 1 қаңтарында Қазақстанда 671 діни бірлестік, 20 конфессия мен деноминациялар болды. 20 жыл ішінде діни бірлестіктердің саны 6 есеге өсіп, 2011жылдың 1 қаңтарында 4479 жетіп, ал конфессиялар мен деноминациялар саны 40-тан асып кетті. Қазіргі уақытта 3200-ге жуық мешіт, шіркеу, ғибадатханалар жұмыс істейді. Діни бірлестіктердің жалпы санында келесі діни орындар бар: ислам – 2756, орыс православие шіркеуі – 303, рим-католиктік шіркеу – 84, протестанттық және жаңа діни ағымдар – 1301. Діни бірлестіктерге 3377 діни ғимараттар тиесілі, олардың ішінде 2500 – мұсылман мешіттері, 269 – православие шіркеулері, 88 – католиктік костелдер, 5 – синагога, сондай-ақ басқа да протестанттық және т.б. шіркеулер. Елде 8 жоғары (оның ішінде 2 исламдық, 1 католиктік, 1 лютерандық, 4 протестанттық), 6 арнаулы орта және 3 жалпы білім беретін рухани оқу орындары бар. Сондай-ақ, ірі мешіттер жанынан ашылған медреселер мен шіркеу жанынан ашылған жексенбілік мектептер бар. Осы таңда республикада 20 елден келген 400-ге жуық шет елдік миссионерлер жұмыс жасауда [4]. Алайда, миссионерлердің ісі мен әрекеттеріне, олардың бағдарламаларына, Ұлттық қауіпсіздік мәселесіне сай құқықтық, ғылыми және өркениеттік мәндегі сараптамалар жасау қажет екендігін айту керек.

Бүгінде Қазақстан діни эксперимент алаңына айналып отыр. Сол экспериментті қарқынды, жүйелі және ұйымдасқан түрде жүргізіп отырған христиан миссионерлері. Олардың басым көпшілігі АҚШ пен Корея Республикасынан арнайы жолдамамен жіберілген – шокындырушы үгітшілер армиясы.

Христиан діни күллі әлемдегі ең көп тармаққа бөлінген дін десек қателеспейміз. Онда католик, протестантизм, православие сынды үш басты бағыт бар. Бұлардың ішінде, әсіресе, протестантизм көптеген тарикаттар мен секталарға бөлінген. Осындай шіркеулердің жиырмадан астамы елімізде миссионерлік әрекеттер жасауда. АҚШ-тағы және Кореядағы миссионер ұйымдары Қазақстанға арнайы дайындықтан өткен, әбден ақпараттандырылған, мәліметтендірілген миссионерлерді ғана жібереді. Олар кемінде екі жыл еліміздің тарихын, мәдениеті мен сенімін зерттейді, кейбірі қазақ тілі мен қоса орыс тілін де меңгеріп келеді. Әбден дайындалып, үгіт –насихат әдістемесі негізінде қазақтардың өзге діннің қоластына кету үшін барлық жағдайларды қарастырады [1, 2 б.].

Олар арнайы психологиялық дайындықтан өтіп, жергілікті жұрттың барлық психологиялық әлеуеті мен әлсіз тұстарын зерттеп-зерделеудің арқасында, жергілікті тұрғындарды өз құрамдарына қосуға тырысады [1, 4 б.].

Сүттей ұйып отырған кез келген елдің шырқын бұзудың бір жолы – сол ел халқының наным сеніміне, дініне селкеу түсіру. Бұл экономикалық немесе саяси проблемалармен салыстырғанда анағұрлым ауыр жағдай. Өйткені, уақыт өте келе саяси-экономикалық жағдай түзелер. Ал елдің діни ахуалын күйзелістен шығару үшін тек қана уақыт емес, үлкен еңбек, психологиялық дайындық керек.

Халқымыздың бір тұтастығын, ұлтымыздың бірлігін, болашақ ұрпақтардың өмір жолын тікелей немесе жанама түрде бөліп отырған ұйымдармен күресетін өміршең бағдарлама бүгінгі қажеттілік, әрі қоғам талабы болып отыр.

Қорыта айтқанда, тәуелсіз Қазақстанның діни ахуалын кешенді түрде зерттей отырып, оның айшықты белгілерін анықтау керек. Алғашқы кезекте сырттан келген миссионерлердің қызметтеріне шектеу қойып, олардың барлық қызметтеріне бақылау орнатқан жөн. Өйткені мұндай миссионерлердің елімізге соңғы жылдары ағылып келіп жатқандығына баршамыз куәміз. Әрине, нәтижесінде қазақ топырағында протестантизм, католиктік-лютерандық, иегова куәгерлері, дианектика секілді ұйымдар пайда болды. Мұндай келеңсіз құбылыстар елдің шырқын бұзбасына кім кепіл болар?!

Сонымен қатар, исламның радикалды топтарының құрылуының алдын алып, дәстүрлі исламға кір келтірмеу үшін күресу қажет. Себебі экстремизм, діни фанатизм, терроризм, джихад сынды ұғымдардың барлығын бүгінгі қоғам исламмен байланыстырып қойды. Демек, дін мен террорды ажырататын уақыт келді.

#### **ӘДЕБИЕТ**

- [1] Мұратаза Б. Қазақстандағы дін және мемлекет қатынастары // Дала мен Қала. – № 5. – 04.02.2005.
- [2] <http://thenews.kz/2011/01/19/690876.html>
- [3] <http://baq.kz/news/6109>
- [4] [old.abai.kz/node/40456](http://old.abai.kz/node/40456)
- [5] [http://tengrinews.kz/kazakhstan\\_news/nazarbaev-uvlechenie-radikalnyim-islamom-put-k-srednevekovyu-225208/](http://tengrinews.kz/kazakhstan_news/nazarbaev-uvlechenie-radikalnyim-islamom-put-k-srednevekovyu-225208/)

#### **REFERENCES**

- [1] Myrataza B. Kazakstandagi din jane memleket katinastari // Dala men Kala. – № 5. – 04.02.2005.
- [2] <http://thenews.kz/2011/01/19/690876.html>
- [3] <http://baq.kz/news/6109>
- [4] [old.abai.kz/node/40456](http://old.abai.kz/node/40456)
- [5] [http://tengrinews.kz/kazakhstan\\_news/nazarbaev-uvlechenie-radikalnyim-islamom-put-k-srednevekovyu-225208/](http://tengrinews.kz/kazakhstan_news/nazarbaev-uvlechenie-radikalnyim-islamom-put-k-srednevekovyu-225208/)

#### **ИСТОРИЯ ВОЗНИКНОВЕНИЯ ТРАДИЦИОННЫХ И НЕТРАДИЦИОННЫХ РЕЛИГИОЗНЫХ ОБЪЕДИНЕНИЙ В КАЗАХСТАНЕ**

**Аннотация.** В данной статье описывается история появления традиционных и нетрадиционных религиозных объединений в Казахстане. Был сделан акцент на такие две актуальные проблемы в современном Казахстане, как радикальные исламские объединения и нетрадиционные религиозные организации. В ходе исследования автор находит основные специфические элементы в развитии духовно-морального настроения жителей страны.

**Ключевые слова:** религия, ислам, христиан, секта, этнос, конфессия, миссионер, религиозный фанатизм, нетрадиционные религиозные организации, гражданское общество.

*Поступила 15.07.2015 г.*

**NEWS**

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

**SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES**

ISSN 2224-5294

Volume 4, Number 302 (2015), 119 – 123

UDC 37.016:811.133.1

**TEST CONTROL IN THE COURSE OF TRAINING OF A FOREIGN LANGUAGE****T.N. Kalbirova**[kalbirovatol@mail.ru](mailto:kalbirovatol@mail.ru)Kazakh national technical university named K.I. Satpayev,  
Almaty, Republic of Kazakhstan**Key words:** test, method, foreign language, technique, skill, text, state standard.**Abstract.** In training foreign language it is considered one of the most effective remedies of control the test.

The main difference of test from traditional examination consists that it always assumes measurement. Therefore the mark which is put down following the results of testing differs in bigger objectivity and independence of possible subjectivity of the teacher, than an assessment for performance of traditional examination which is always subjective as it is based on impression of the teacher, not always free from his/her personal sympathies or antipathies in relation to this or that pupil. The main distinctive feature of dough - the objectivity guaranteed by measurement which functions consists in delivering quantitative information.

We will consider in detail such concepts as testing, the test tested and other concepts connected with a test technique.

УДК 37.016:811.133.1

**ШЕТ ТІЛІН ОҚЫТУ ҮДЕРІСІ КЕЗІНДЕГІ ТЕСТІЛІК БАҚЫЛАУ****Калбирова Т.Н.**[kalbirovatol@mail.ru](mailto:kalbirovatol@mail.ru)Қ.И. Сатпаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университет  
Алматы қаласы, Қазақстан Республикасы**Түйін сөздер:** тест, әдіс, шет тілі, мәтін, шеберлік, мемлекеттік стандарт.

**Аннотация:** Бақылаудың аса тиімді түрі мен объективті көрсеткіш ретінде, бақылаудың деңгейлік сипаты арқылы білім алушылардың білімдерін тексеру үшін тестілер тілдік материал ретінде қолданылады. Шет тілін оқытудағы оқудың мәнін түсіне отырып, оқытушылардың жоғары қызығушылықтарын ескеріп, тестерді бақылау түрі ретінде қолданамыз. Дәстүрлі бақылау жұмысына қарағанда тестілеудің басты айырмашылығына оның өлшенуін жатқызамыз, сондықтан тесітілеу қорытындысы бойынша қойылған бағалар көптеген жағдайларда объективтілікпен, тәуелсіздікпен, оқытушының субъективтілігімен беріледі. Демек, дәстүрлі бақылау түрлерін қолданғаннан тестілеудің деңгейі жоғары. Осыған орай жұмысымыздың тақырыбы ретінде осы мәселені қозғап отырмыз.

Шет тілін оқытудағы жетістіктер көптеген жағдайларда білім алушылардың білім сапасымен байланысты, сондықтан оқытушы профилактикалық қателіктерге қандай назар аударытыны белгілі болады. Көпжылдық тәжірибе бойынша барлық оқушылардың білімдерін тексеруде бақылау тапсырмалары қолданылады, демек жетістікке жетуге болады. Осы бақылау түрін тестілеу деп атайды. Білімнің жоспарлы бақылау түрін көтермей, «тестер бақылау түрінің үнемді тиімді түрі» болып келеді (Г.В. Рогова)[1]. Аса объективті көрсеткіш деңгейлеріне шет тілдік материалдарды игеру арқылы ағымдық бағылау жүреді, демек жеке тұлғалық тексеру орындалады.

С.К. Фоломкининнің анықтамалары бойынша тестілер - тапсырма болып табылады, демек арнайы ұйымдастырылып, барлық оқушылар бір мезгілде жұмыс жасайды. Яғни, бірдей жағдайларда белгілер арқылы тапсырмалар жазылады. Біртекті шешімге ие, сондықтан жауапты кілттері болады. Дайын жауаптары алдын ала берілмейді, демек, бірнеше таңдау түрінде қалыптасып отырады. Тестерді қолдану арқылы бақылау жұмысытары жан-жақты болады, сондықтан оқушылардың ойлау қабілеті арқылы алынған ақпараттар қабылданып, үрдістермен қалыптасып отырады [2].

Жүйелік тестілеу арқылы белсенділік пен оқушылардың сабақтағы назары қалыптасады. Демек, жауапкершілік артып, оқу тапсырмалары орындалады. тестілеу нәтижелерін оқытушы тексереді, білім алушылардың деңгейлік көрсеткіштері бойынша баға беріледі. Екінші түрі бойынша өзін-өзі бағалау жұмысы орындалады. Демек, оқытушы оқу үрдісі кезінде өзгертулер енгізіп, оқушының қайталап қателік жасамауын ескертеді. Сауықтыру шарасы ретінде оқушылар дәптерлеріне қателіктерін жазып алады, демек осы ережелер арқылы (орыс тілінде) грамматикалық құрылымдар анықталып, олардың сипатын аламыз. Осы кезде нақты тілдік сынақ кезде нақты тілдік белгілер беріледі.

Тестердің көпшілігінде бірнеше вариант болады (олар жұлдызшалармен белгіленген). Мұндай жағдайларда оқытушы тарату карточкаларын дайындап алады, демек ұзақ мерзімде тапсырмалармен бірге қолданады. Бірінші вариантта тапсырмалар оқылып, сынып тақтасына жазылады. Тестілермен жұмыс жасау арқылы бір мезгілде барлық оқушылардың білімдері тексеріледі. Тестілеу сабақтың бітуіне 10-15 минут қалғанда алынады. Тестілеуді кез келген сабақтарда жүргізуге болады. Олар бір мезгілде көлемдік және күрделі материалдармен жұмыс атқарады. Осы кезде олардың жауаптары бойынша бағалар қойылады. Сұрақтар арқылы жауаптардың бірнеше таңдауы болады, демек, оқушы сұрақ жауабын біле отырып таңдау жасаса, кейбіреулері кездейсоқ таңдау жасайды. Тестердің кейбір түрлері мен сипаты арқылы оқу үрдісінің жан-жақтылығы байқалады.

Көптеген жағдайларда жаттығулар түріндегі тілдік материалдар қолданылады, демек жеке тілдік меңгеру болады. Ағылшын тілі - жақты қолданылып, бақылау түріне айналады. Кері білім беру жүйелерінің болуы қазіргі таңда тесітлеу үрдістерін орындауға мүмкіндік береді. Қазіргі таңда оқу үрдісіндегі тестілеу арқылы тапсырмалардың шектері болады. Сондықтан екі қызмет орындалады, атап айтсақ: бақылаушы және оқытушы.

Атқарылатын қызмет түрлеріне байланысты түрлі талаптар қойылады, олардың мазмұндары әртүрлі болады.

Берілген кері нәтижелердің болуынан кез келген тапсырмалар мен жаттығулар орындалады.

Аталмыш жағдайларда осындай тестілер арқылы жаттығулар мен тапсырмалар беріледі, демек доминантты мақсатта болады. Бақылау түріне білімді игеруге бағытталған материалдар кіреді. Демек, осылардың барлығын бағалау арқылы тестілеу арқылы оқытушы осы үрдістерді басқара алады. бақылау қызметін атқаратын тесітлерге екі негізгі түрі жатады: тестілер, демек оқушылардың белгілі бір компетенциялық жағдайын ілер, демек оқушылардың белгілі бір компетенциялық жағдайын анықтайтын байланыстар жатады. Демек, оқушылардың біліктіліктерін тексеріп, олардың білім деңгейлерін бақылаймыз. Ол үшін нақты тілді меңгеру мен жекеленген тілдік жекеленген тілдік қабілеттер беріледі. Сондықтан белгіленген тілді үйрету үрдісі кіреді (achievement tests). Орта мектептерде бірінші тестілердің түріне қорытынды бақылауды кіргіземіз, демек оқыту курсына білім тексеріледі, ал екінші түрі арқылы аралық қорытынды бақылау орындалады. Яғни, белгілі бір сабақтың аяқталған кезінде жүзеге асады. Осы тестердің түрлері теориялық жоспар түрінде оқытылып, шет елдік тәжірбиелерде кеңінен қолданылады. Шет тілінің оқыту сабақтарында осы тестілеу түрі енгізілген.

Бүгінгі таңда тестілер қорытын бақылау түріне айналған емтихандарды алмастыра алмайды. Дегенмен, олардың нақты жетістіктерін айта отырып, аралық қорытынды бақылау түрлерін жүргіземіз. Осылайша оларды реттеу сипатын аламыз, тексерудің осындай үлгісі арқылы реттелген сабақ жүргізіледі (achievement tests). Тексерудің осындай үлгісі реттеу сипатында болады, сондықтан мектеп оқушыларын барлық циклдік материалдарға жауап беруге шақырады. Осы кезде білім берудің табыстылығы жоғары орын алады. Тестілер 10-15 минутта орындалады. Демек, барлық оқылатын материалдарды қамти отырып, оқушылардың барлығын бір мезгілде тексереміз.



Осыған орай тестілер нақты және үнемді тексеру құралы болып табылады. Сонымен қатар 30-40 тестілерді тексеру үшін ұстазға 5-7 минут жетеді, демек оқытушының қолында дайын жауаптары болады. Жоғарыда аталғандай қазіргі таңда тестілерді оқыту кезінде қолдану үрдіске енген. Яғни тілдік материалдарды игеру арқылы жекеленген тілдік дамыту болады. Осы кезде әртүрлі тыңдау мен оқыту арқылы тілді үйретеміз. Тестілер арқылы орындалатын орындалатын тестілер арқылы белгілі бір перспективті себептер жүреді.

Ең алдымен тестілік сипаттағы тапсырмалар орындалып, олар арқылы жаттығулар жүреді. Жауаптарды таңдау арқылы тілдік біртұтастылық болып олардың нақтылығына қол жеткіземіз. Осы кезде біртұтас жұмыстар орындалады.

Жетістікті тестілеу - бақылаудың әділ әдісі, соңғы уақытта бастауыш сатыға көптеп еніп жатқан тест. Тест ағылшын сөзі, қазақшасы сынақ, тексеру. Тестілеу-білімді меңгеру деңгейін анықтау үшін қолданылатын тапсырмалардың жиынтығы. Үлгерім тестілері жетістікті тестілеу - оқытушының оқыту және тәрбие арқылы қандай деңгейге жеткенін анықтау. Дұрыс құрылған тестілер көптеген талаптарды қанағаттандырып, оларды орындауға көп уақыт кетпейді, сұрақтары қысқа, нұсқа болады.

#### **Тестілердің түрлері:**

- Ақыл-ой қабілетін, дамуын тестілеу.
- Арнайы қабілетті тестілеу
- Үлгерімді, тәрбиелікті анықтауға бағытталған тестілер.
- Жеке сапаларды есті, ойлауды, мінезді анықтауға арналған тестілер.

Үлгерім тестілерінің қорытындысы оқытушылардың даму деңгейін толық сипаттамайды. Тест құрастыруға қойылатын талаптар:

- білім стандартына сәйкестігі;
- қате жауаптарды енгізу;
- дұрыс емес жауаптардың шындыққа жақын болу керек;
- дұрыс жауаптарды қате жауаптармен бірге беру;
- бір сұрақ жауабының басқа сұрақтарға жауап беруге көмектеспейді;

*Алдын ала тексеру.* Тақырыпты, бөлімді немесе курсты түсіну бұрынғы оқу материалдарын білуге байланысты. Егер мұғалімде ол туралы ақпарат жоқ болса, онда ол одан әрі оқыта алмайды, қажетті ақпаратты мұғалім бастапқы білімдерді тестілеу арқылы алып, қол жеткен деңгейді анықтайды. Бұрынғы нәтиже мен қазіргісін салыстырып, білім, іскерліктің қандай деңгейде екенін біліп, процестің тиімділігін талдап, өз оқытушыларының жетістігіне қосқан үлесі туралы қорытынды жасайды.

*Ағымдағы бақылау.* Тестілік бақылау үшін 6-8 тапсырма беріліп, 5-8 минут ішінде соңғы 2-3 сабақта алынған білім мен іскерліктер тексеріледі. Жұмысты аяқтаған соң міндетті түрде қателері талданады. Ең басты назар оқытушының қатесінің себептерін білуге аударылады.

Тақырыптық бақылау үшін оның жекелеген ұғымдарын олардың арасындағы байланыстарды қалай түсінгендігін анықтауға тапсырмалар беріледі. Білімді тест арқылы тексеру үшін мамандардың тестілерін қолданған дұрыс.

Қорытындыны тексеру әрбір оқу тоқсаны және оқу жылы аяғында өтеді, оқу материалы жүйеленеді және талдап қорытылады. Білімді тексерген кезде ең алдымен өз бетімен оқу үшін өте маңызды болып табылатын білімдегі кемшіліктер анықталады.

Әрине, білім, іскерлік, дағдылардың меңгерілгенін тест арқылы толықтай анықтау мүмкін емес. Мысалы, өз жауабына мысалдар келтіру, өз ойын жүйелі, дәлелді етіп айту тест арқылы анықталмайды.

Сондықтан тест әдісі басқа тексеру формалары және әдістерімен ұштасу керек. Жазбаша тестінің жауаптарын ауызша да сұрауға болады. Тест білімді әділ бағалайды, бірақ нашар оқытушыға бір балл артық, жақсы оқытушыға бір балл төмен қоюға болмайды.

Сонымен балалардың бәрі балабақшадан бастап тестілік сынақтан өтеді. Мемлекеттік білім стандартына сай міндетті деңгейдегі білім, іскерлік, дағдыларды тексеруге арналған әдістемелік нұсқау жаңа оқу бағдарламаларында жазылған.

Баға қою. Баға оқытушыға білімдік стандарттарды меңгергені үшін қойылады.

Оқытушының негізгі міндеттерінің бірі - студентті өзіне баға беруге дағдыландыру үшін оған бағалау өлшемдерін түсіндіру.

*Дәстүрлі төрт баллдың бағалау жүйесі:*

- толық біледі (өте жақсы);
- жеткілікті біледі (жақсы);
- жеткіліксіз біледі (қанағаттанарлық);
- білмейді (қанағаттанғысыз).

Бірінші тәсіл арқылы мұғалім баға туралы өз пікірін айтады, бірақ оған уақыт кететіндіктен, көп қолданбайды. Екінші тәсіл - бағаны, оны неліктен қойғаны жөнінде күнделікке жазу. Үшінші тәсіл - үлгерім экранын шығару. *Білім, іскерлік, дағдыларды бақылау және бағалау жұмыстары:*

- тексеру және бағалаудың пайдасын көрсететін жағдаяттар жасау;
  - "Үйге не берілді?" деген сұраққа жауап алуға уақыт кетірмеу;
  - жақсы көңіл-күйге бөлеу;
  - оқушының жауапты ойланып беруіне уақыт бөлу;
  - оқушылардың жауаптарын мұқият тыңдау, мадақтау;
  - жауапты соңына дейін тыңдау, талдау және ескертулерді кейін жасау;
  - оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескеру (жай, темперамент, тіл кемістігі);
  - жеке тапсырмалар беру;
  - оқушы өзін еркін сезетін жағдай жасау;
  - оқушының жауабын талдау, жеке тұлғасын сынамау;
  - оқушылар бағасын көтергісі келсе, оларға талсырманы қайта беру;
  - жауап бергенде, тапсырманы орындағанда тірек сызбаларды қолдануға рұқсат беру;
  - бақылау және тексеру әдістерін түрлендіріп отыру;
  - тестілік бақылауды жиі қолдану;

Сонымен баға қою білімді және шеберлікті талап етеді. Баға - бала өміріндегі маңызды оқиға. Баға арқылы бала өзі туралы ойын реттеп, сыныптағы беделін нығайтады. Сондықтан мұғалім баға қоюға өте мұқият болу керек. 1-сыныпта баға қоймауға болады, басқа сыныптарда байқау, жарыс, ойындар ұйымдастырып, әр баланың өз орнын анықтауына көмектеседі.

"5" деген баға оқу бағдарламасының мазмұнын терең және толық білетін, оқу материалындағы теория мен фактіні ажырата алатын, жауабын өз бетімен жүйелі етіп құрастыратын, анықтама, ұғымдарды түсінегін, тілдік нормаларды сақтап сенімді, қатесіз, жауап беретін қосымша материалдар қолдана алатын, ойы оралымды оқушыға қойылады.

"4" бағасы ұғым, ереже, анықтамаларды дұрыс түсініп, дәлелдей алатын, бірақ кейбір жерлерін нақты айтпайтын, жекелеген қате жіберетін оқушыға қойылады.

"3" бағасы оқу материалындағы негізгі ережелерді, тәуелділіктерді үстүрт түсінген, ой-пікірлерді талдай алмайтын, жауабы жүйесіз, мұғалім көмегімен жауап беретін оқушыға қойылады.

"2" бағасы білімі жүйесіз, негізгі мен көмекшіні, теория мен фактіні ажырата алмайтын, жаттанды сөйлейтін, бағдарламаны игеруге мүмкіншілігі жоқ, бағдарламаның материалын түсінбейтін оқушыға қойылады. Оқушылардың үлгермеушілігін болдырмау шаралары:

Үлгермеушілікті болдырмау үшін оқу материалдарын түсінбеу себептерін анықтау керек. Үлгермеудің негізгі себептерінің бірі - жұмыс істеу қабілетінің, ынтаның, зейіннің жоқтығы. Егер бұл сапалар отбасында қалыптаспаса, онда балаға мектепте оқу қиынға түседі.

Екінші себеп - білімнің жүйесіздігі, жауапкершіліктің төмендігі. Оқушы бұрынғы оқу материалдарын түсінбегенін мұғалім уақытында байқамаса, онда оқушының оқуға қабілеті жеткіліксіз болады. Әдетте мұндай оқушылармен жеке жұмыстар жүргізіліп, оларға кеңес беріледі.

Үшінші себеп - материалдан мәнді белгілерді бөле алмау, негізгі мен негізгі емес мәселелерді ажырата алмау, оқушылардың жаттап оқып, бәрін есте сақтауға тырысуы. Мұндай оқушыларға абстрактілі ойлауларын дамыту үшін талдауға, қорытындылауға жаттығулар беріледі.

Төртінші себеп - пәнге деген қызығушылықтың жоқтығы. Нәтижесінде оқушының зейіні, білімге деген ықыласы төмендейді. Бұл тәжірибесіз мұғалімнің ашу-ызасын туғызып, түрлі дау-жанжалдарға себепші болады. Оқушыларға талап қою, құрметтеу, оқушының жеке тұлғалық

сапаларын ескеру, баланы қызықтыру оның оқу жұмысын белсенді етіп, кемшіліктерін түзетуге ықпал етеді.

Бесінші себеп - оқушының отбасындағы қолайсыз жағдай, құрбыларымен тіл табыса алмау, оқушының оқу жұмысын атқара алмауы, "қиын" балаларға еліктеуі.

Үлгермеудің басқа да себептері бар. Ең бастысы – үлгермеу себепін анықтап, жеке жұмыстың жолдарын белгілеу. Мұғалімнің, мектептің міндеті әрбір оқушының жақсы оқуына көмектесу.

Сонымен қатар арнайы, мақсатты сұрақтар оқытылады, сондықтан олардың барлығы тестілеумен тығыз байланысты. оқыту тестілері аса маңызды талаптарға сай келеді, демек жүйелік жаттығулар арқылы тілдік дамыту орындалып, олардың оқудағы тиімділігі анықталып, әдіскерлер мен оқытушылардың назарын аударады.

#### ӘДЕБИЕТ

- [1] Рогова Г.В., Рабинович Ф.М., Сахарова Т.Е. Методика обучения иностранным языкам в средней школе. - М.: Просвещение, 1991.
- [2] Фоломкин С.К. Тестирование в обучении иностранному языку. Иностранные языки в школе - № 2 - 1986.
- [3] Брейгина М.Е. О контроле базового уровня обученности. Иностранные языки в школе. - № 2 - 1991.
- [4] Рабинович Ф.М. Контроль на уроке иностранного языка. Иностранные языки в школе - №1 1987.
- [5] Рапопорт И.А. Прагматические тесты: сущность, специфика, перспектива. Иностранные языки в школе - № 2 - 1985.
- [6] Розенкранц М.В. Использование тестовой методики при обучении чтению иноязычных текстов. — Хабаровск, 1984.
- [7] Taylor W. Cloze Procedure: a New Tool for Measuring Readability. — Journalism Quarterly, 1953, No. 30

#### REFERENCES

- [1] Rogova G. V., Rabinovich F.M., Sakharov T.E. *Methods of training in foreign languages at high school*. - M.: Education, 1991.
- [2] Folomkin S. K. *Testing in training in a foreign language*. Foreign languages at school - № 2 - 1986.
- [3] Breygina M. E. *About control of a basic level of proficiency*. Foreign languages at school. - № 2 - 1991.
- [4] Rabinovich F.M. *Control at a lesson of a foreign language*. Foreign languages at school - № 1 1987.
- [5] Rapoport I.A. *Pragmatical tests: essence, specifics, prospect*. Foreign languages at school - № 2 - 1985.
- [6] Rozenkrants M. V. *Use of a test technique when training in reading foreign-language texts*. — Khabarovsk, 1984.
- [7] Taylor W. Cloze Procedure: New Tool for Measuring Readability. — Journalism Quarterly, 1953, No. 30 (in Eng)

#### Тестовый контроль в процессе обучения иностранного языка

Калбирова Т.Н.

[kalbirovatol@mail.ru](mailto:kalbirovatol@mail.ru)

Казахский Национальный Технический Университет им. К.И. Сатпаева  
г. Алматы, Республика Казахстан

**Ключевые слова:** тест, методика, иностранный язык, умение, текст, государственный стандарт.

**Аннотация.** Одним из наиболее эффективных средств контроля в обучении иностранному языку считается тест. Основное отличие теста от традиционной контрольной работы состоит в том, что он всегда предполагает измерение. Поэтому оценка, выставляемая по итогам тестирования, отличается большей объективностью и независимостью от возможного субъективизма учителя, чем оценка за выполнение традиционной контрольной работы, которая всегда субъективна, поскольку основана на впечатлении учителя, не всегда свободного от его личных симпатий или антипатий по отношению к тому или иному ученику. Главная отличительная черта теста - объективность, гарантируемая измерением, функция которого состоит в том, чтобы поставлять количественную информацию.

Рассмотрим подробно такие понятия, как тестирование, тест, тестируемый и другие понятия, связанные с тестовой методикой.

Поступила 15.07.2015 г.

**NEWS**

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

**SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES**

ISSN 2224-5294

Volume 4, Number 302 (2015), 124 – 128

**THE ROLE OF THE SCHOOL IN SOCIALIZATION**

**Auelgazina T.K.**

**«Orleu» JSC**

**Key words:** people, person, the state, society, the political regime, the school, the process of socialization, agents of socialization, factors of socialization, education.

**Abstract.** The article examines the role of language in shaping personality. The author gives an analysis of theoretical approaches to the study of this problem.

**ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫ ӘЛЕУМЕТТЕНДІРУДЕГІ МЕКТЕПТІҢ РӨЛІ**

**Ауелғазина Т.Қ.**

«ӨРЛЕУ» БАҰО» АҚ филиалы «Алматы облысы бойынша педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты»

Қазақтың тағдыры, келешекте ел болуы да мектебінің қандай негізде құрылуына барып тіреледі. Мектебімізді таза, сау, берік һәм өз жанымызға /қазақ жанына/ қабысатын, үйлесетін негізге құра білсек, келешегіміз үшін тайынбай-ақ сертесуге болады  
Қазақ зиялысы Мағжан Жұмабаев

Мұғалімі қандай болса, мектебі де сондай болмақ  
Қазақ зиялысы Ахмет Байтұрсынов

**Кілт сөздер:** адам, жеке тұлға, мемлекет, қоғам, саяси тәртіп, мектеп, әлеуметтендіру үдерісі, әлеуметтендіру агенттері, әлеуметтендіру факторлары, тәрбие.

**Аннотация.** Мақала жеке тұлғаны әлеуметтендірудегі мектептің рөлін ашып көрсетуге арналған. Сонымен қатар, автор аталған мәселенің теориялық негіздерін де талдап көрсетеді. Жеке тұлғаны әлеуметтендіру үдерісіне қоғам түрлі институттар қызметі арқылы зор ықпалын тигізеді. Әлеуметтендірудің маңызды институтының біріне жалпы білім беретін мектептер жатады. Мектепте жас ұрпақ өкілдері терең білімді, жоғары саналы, биік адамгершілікті жеке тұлға ретінде қалыптасумен қатар, болашақ өміріне қажетті белгілі бір дағды мен қабілеттерді игереді. Әрбір бала мектепке 6-7 жасар балалық шағында келіп, қалыптасқан тұлға ретінде 17-18 жасында үлкен өмірге қадам басады. Мектепте бала тек оқып қана қоймайды, тұлғалық қалыптасуының қарқынды даму кезеңін де басынан кешіреді.

Бүгінгі таңда Қазақстан тоталитарлық қоғамнан демократиялық басқару жүйесіне көшкен ел. Сондықтан кеңестік дәуірдегі және қазіргі демократиялық даму жағдайындағы қазақстандық мектептердегі жеке тұлғаны әлеуметтендіру үдерісін салыстырмалы түрде қарастырудың мәні аса зор. Сонымен, кеңестік басқару кезінде жеке тұлғаны әлеуметтендірудің институттары бір ғана мақсатты – «жаңа коммунистік адам» бейнесін жасауды көздеді. Сол бағыт бойынша әлеуметтендіру агенттері аталған адам нұсқасының бойына өмір сүруші саяси тәртіпті толықтай қолдаушы мінез-құлық үлгісі мен бағыт-бағдарды орнықтырумен айналысуы тиіс болды. Өз кезегінде мектептерде тоталитарлық кеңестік жүйенің бұл міндетті жүзеге асыруы жүйелі әрі мақсатты тәрбие беру мен үгіт-насихат жүргізу арқылы жүргізілді. Кеңестік педагогика ғылымы жеке адамды тек ұжым арқылы қалыптастырып, тәрбиелеуді басты мақсат етіп қойды. Бұл ретте «мен және ұжым» ұстанымы негізге алынып, адам ұжымдық қарым-қатынасты дамытудың негізгі

кұралы болды. Кеңестік педагогика саласын дамытушылардың бірі А.С. Макаренко тұжырымдағандай: «Біз тәрбиелеген адам, мейлі ол кім болса да, өмірде тек өз басының ғана жетілгендігін көздейтін (яғни, өмірге қандай да бір жеке-дара, жетілген тұлға ретінде емес – Т.А.), мейірімді немесе адал адам болып қана қоюға тиіс емес. Ол әр уақытта да ең алдымен өз коллективінің, қоғамның мүшесі болуға тиіс...» [1]. Яғни, қоғамдық құрылымда жеке адамды дамытуда оның даралығы мен дербестігін танытуына мүмкіндік берілмеді. «Даралық» түсінігі капиталистік қоғамға ғана тән ұғым тұрғысында қолданылды. Сонымен қатар, кеңестік мектептер жалғыз бір оқу жоспары мен барлығына ортақ оқу бағдарламаларына сүйеніп, жас ұрпақты коммунистік рухта тәрбиелеу ісімен шұғылданып келді. Бірақ іс жүзінде әр оқушының өзіне тән қабілет-деңгейіне қарай білім беру қажеттігі мәселесі ескерілмеді. Өз кезегінде жеке тұлғаны әлеуметтендіру үдерісі жеке адамның балалық шағынан есейген уақытына дейінгі аралықта ұжымдық қарым-қатынасты жетілдіру қызметін атқарумен айналысты. Әлеуметтендіру институттары, соның ішінде мектеп, орта және жоғары оқу орындары жас ұрпақ өкілдеріне «коммунистік тәрбиені» ұжымдық негізде берудің маңызды агенттері болып табылды.

Осы кезеңде мектептегі барлық пәндер нақтылы бір идеологиялық мақсат-мүддені көздеп, соған сәйкес бағдарламамен беріліп отырды. Бұл, әсіресе, гуманитарлық бағыттағы, тарих, әдебиет, мемлекет пен құқық негіздері, қоғамтану тәрізді пәндерді оқытуда белсенділікпен жүзеге асырылды. Аталған пәндер тапшылдық сана орнату мақсатымен таптық сипат тұрғысында жазылды. Осы пәндерді оқыту барысында оқушылардың бойына маркстік-лениндік көзқарасты егу, қоғамдық даму турасындағы маркстік-лениндік ғылымның жүйелерін орнықтыру, партия мен үкіметке деген берілгендікті және Кеңестер Одағын сүйеге тәрбиелеу міндеттерін негіздеу ісі жүргізілді. Мектептегі ең саясаттанған тарих пәні оқушылардың санасына маркстік-лениндік ілімге сүйену арқылы Коммунистік партияның жетекшілігіне жұмылдырылған қолданыстағы қоғамдық тәртіптің тарихи дамудың ең қолайлы үлгісі болып табылатындығын сіңіру қызметі үшін пайдаланылды. Аталған кезеңде қоғамдық ғылымдарды, соның ішінде Қазақ КСР тарихын таптық идеология тұрғысында қайта жазу мен оқыту ісі жүзеге асырылды. ҚК(б)П - ның Орталық Комитетінің 1945 ж. 14 тамызда «Қазақ КСР тарихын екінші рет басуға даярлау туралы» қаулысында «Қазақ КСР тарихының бірінші басылымында елеулі қателіктер жіберілген делінді. Мұнда қазақ халқының тәуелсіздік жолындағы жүргізген күресіне біржақты баға беріліп, оның ішкі мән-мазмұны терең қарастырылып, ашылмаған деген тұжырым жасалды. Және де қоғамдық ғылымдарда қазақ халқының тарихы тек 1917 ж. бері басталды деген теріс көзқарас қалыптасқан еді. «Ал, қазақ тарихын жазғандардың көпшілігі отаршылардың көзқарасын білдіретін, олардың көңілінен шығатын адамдар болғаны ақиқат. Соның әсерінен халқымыздың ұзақ та көне тарихы жан-жақты зерттелмей, еуроцентристік бағыттағы ғалымдар қазақтың өткені жоқ, болса, шолақ деген жалған пікірлерді күштеп таңумен болды» [2]. Бұған қоса ұлттық тарихты, мәселен, Қазақстанда «Қазақ КСР тарихын» оқытуға орта мектеп бағдарламасында өте аз мөлшерде сағат беріліп келгені бәрімізге мәлім. Керісінше, кеңестік мектептерде «КСРО тарихына», «Жалпы тарихқа» соншалықты көп мөлшерде сағат бөлінген. Ондағы тоталитарлық кеңестік биліктің мақсаты – қазақ халқын ұлттық тамырынан, тарихи зердесінен ажырату, ұлттық тарихты бұрмалау, оның тамырына балта шабу еді. Қоғамдағы мұндай идеологиялық ақуал ұлттық тарихымыздың өзіне тән түп негізін ескере отырып, кең қанат жайып, дамуына мүмкіндік бермеді. Бұл тоталитарлық заманда қазақ халқының ұлттық мұрат-мүддесі мен сана-сезімін өркендетуге қарсы жасалған аса зор қиянат болып саналады. Осылайша, қоғамдағы Коммунистік партияның жетекшілік рөліне күмән туғызатын өзге тарихи көзқарастардың қалыптасып, дамуына жол берілмеді. Міне, осы үлгіге барлық мектептердің бағдарламалары сәйкес болды. Сөйтіп, сол кезеңде үстемдік етуші тоталитарлық тәртіп бүкіл Одақ көлемінде мектептерді жеке тұлғаларды әлеуметтендірудің күшті агентіне айналдырды.

Ал, бүгінгі таңда қазақстандық мектептер тұлғаға бағдарланған дамыта оқыту ұстанымын басшылыққа ала отырып, болып оқушы тұлғасының үйлесімді дамуын негізге алады.

Өз кезегінде мектеп - өскелең ұрпақты тәрбиелеу жүйесіндегі шешуші буын. Мектеп еш уақытта отбасынан, қоғамнан бөлініп, жеке мекеме болған емес. Сондықтан оның бүкіл іс-әрекеті отбасымен, қоғаммен, еңбек ұжымдарымен тығыз байланысты. Осы орайда мектеп ұжымы оқушыларды азаматтыққа, адамның құқықтары мен бостандықтарын білуге, қазақстандық

патриотизмге, мемлекеттік рәміздердің мәнін ұғынуға, Қазақстан халықтарының тіліне, дәстүрлері мен мәдениетіне құрметпен қарауға тәрбиелейді.

Ғалым-педагогтар мектепті әлеуметтендірудің микрофакторына және тәрбиенің маңызды институттарының біріне жатқызады. Мектеп жас ұрпақты әлеуметтендірудің мынадай жас ерекшелік кезеңдерін қамтиды:



Дәл осы кезде адамның жеке тұлға ретінде қалыптасу үдерісі жүзеге асады және бұл кезеңде мектепке үлкен жауапкершілік жүктеледі.

Мектепте оқу-тәрбие үдерісінің ауқымды мақсат-міндеттері жүзеге асырылады. Осылайша, мектеп - тәрбие жұмысын ұйымдастырып, жеке адамның қалыптасып, дамуында әр түрлі факторлардың ықпалын үйлестіріп, біріктіретін орталық. Бұл ретте тәрбиені қоғамдық құбылыс ретінде қарастыруға болады, ол бір мезгілде әлеуметтік-мәдени бағыттың міндеттерін де шешеді. Атап айтсақ [3, 136]:



Осылайша, мектепте жас ұрпақты қоғамдық өмірге даярлау, олардың санасы мен көзқарастарын қалыптастыру, бағыт-бағдары мен ұстанымдарын дамыту, яғни, әлеуметтендіру үдерісі де жүзеге асырылады. Сөзіміз дәлелді болу үшін, поляк ғалымы Е.Вятрдың пікіріне сүйенсек: «...саяси жүйе шеңберінде әлеуметтендіруді дамытатын арнайы институттар жұмыс істейді, олардың қатарында мектеп, жастар ұйымдары, әскер, қоғамдық-саяси ұйымдар немесе саяси партия бар» [4]. Мектептен білім алудың негізінде оқушылар өмірлік жолын, мүдделері мен

болашақ бағдарын таңдауды үйренеді. Олар алынған терең білімнің арқасында өз мүмкіндіктерін іске асыра алатын, қазіргі демократиялық даму жолына түсіп, нарықтық экономиканың талаптарына сай өмір сүріп жатқан кезеңде өз бетінше дұрыс, адамгершілік тұрғысынан жауапты шешімдер қабылдауға қабілетті ұрпақ болып өсуі тиіс. Міне, осылайша жалпы білім беретін мектептерде жас жеткіншектердің адами бет-бейнесін, адамгершілік қалпы мен жеке тұлғалық болмысын қалыптастыруға жан-жақты негіз салынады.

Бүгінде тәуелсіздік алған қысқа тарихи кезең ішінде Қазақстан әлемдік өркениетпен ықпалдаса нарықтық экономиканың талабына сай өмір сүруде. Осыған орай қазіргі қоғамдық қарым-қатынастар жүйесіндегі прогресшіл технологиялар мен нарықтық экономиканың даму заңдылықтарын меңгеруде білім факторының рөлі арта түсуде. Осы тұрғыдан алғанда Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінде онды өзгерістер орын алуда. Жаңа мектептер салу ісі жандандырылды. Мектептерді акпараттандыруға, жаңа буын оқулықтарымен қамтамасыз етуге, ұлттық білім жүйесінің әлемдік білім кеңістігіне енуіне барынша жағдай жасауға көңіл бөлінуде.

Өскелең ұрпаққа сапалы білім беру, жоғары саналылыққа тәрбиелеу, әлеуметтік белсенділігін көтеру, оларды әлеуметтендіру ісі ең алдымен оқу-тәрбие үдерісі барысында жүзеге асатыны белгілі. Сол себепті мектепте оқылатын әрбір пән оқушыны болашақта белсенді, өзін-өзі дамытуға және шешімдер қабылдауға қабілетті жеке тұлға ретінде қалыптастырудың пәрменді құралы болуға тиіс. Өйткені «Заманауи білім берудің басты міндеті – оқушы тұлғасын дамыту барысында отандық дәстүрлерге сүйеніп, өткен дәуірлердің тәрбие дәстүрлеріне қатысты сабақтастықты сақтай отыра, мектепте оқытылатын әрбір пәннің мүмкіндіктерін пайдалану» [3, 546], - болып табылады.

Сонымен қатар, мектептердегі оқыту және тәрбиелеу үдерісінде Конституциядағы құқық, әділеттілік және гуманизм идеялары кеңінен қолданылуы шарт. Көп ұлтты елімізде жеткіншек ұрпақтың ұлтжанды, отансүйгіш болып өсуіне, мемлекетті қорғай білуіне қол жеткізгеніміз абзал. Сол бағыт бойынша мектеп оқушыны конституциялық тәртіптің шегінде, демократиялық құндылықтардың негізінде тәрбиелеуге тиіс. Білім беру саласында осындай бағытты ұстану Қазақстан халқының достығы мен мемлекеттің тәуелсіздігін нығайтуда, жас ұрпақты патриотизмге тәрбиелеуде маңызы зор. Соған байланысты жас ұрпақ өкілдерін патриоттық тұрғыда тәрбиелеу бүгінгі таңдағы өте қажетті мәселелердің бірі. Осылайша, жалпы білім беретін мектептер жас ұрпаққа сапалы білім берумен қатар, оларды азаматтыққа, қазақстандық патриотизмге, Отан алдындағы, халық алдындағы парызын адал орындауға, сондай-ақ, қоғамдық іс-шараларға белсене қатысуға тәрбиелеу шешуші рөлге ие.

Жалпы алғанда мектеп әлеуметтендірудің маңызды институты ретінде төмендегідей бағыттарда сан-салалы іс-әрекеттерді жүзеге асырумен айналысады:

- мектептің отбасымен әлеуметтік байланысын күшейтуі;
- мектептің қосымша білім беру, мәдени мекемелермен және әлеуметтендірудің басқа да институттарымен өзара байланысты жұмыстарды жүргізуі;
- педагогтардың мектеп түлектері, ардагерлер, мәдени қызметкерлер, спорт саласындағы қоғамдық орталармен тығыз байланысының болуы;
- педагогикалық және балалар ұжымының әртүрлі шығармашылық ұжымдармен ынтымақтастығының болуы;
- сабақ пен сабақтан тыс оқытулардың мектептен тыс - шеберханаларда, лабораторияларда, табиғатта және т.б. өткізілуі.

Демек, бүгінгі таңда мектептегі оқу-тәрбие үдерісі оқушылардың жеке тұлғасын дамытуға, ұстаздар мен оқушылар қарым-қатынасын демократияландыруға, ізгіліктендіруге, ата-аналар қауымымен ынтымақтаса жұмыс істеуге бағытталған.

Осылайша, мектептерде жас ұрпақ өкілдерін жоғары саналы, биік адамгершілікті, еркін бағдарлай алатын, өзін-өзі дамытуға және шешімдер қабылдауға қабілетті жеке тұлға ретінде қалыптастырудың негізі қаланып, оларды әлеуметтендіру ісі жүзеге асырылады.

«Білекке сенген заманда – ешкімге есе бермедік,

Білімге сенер заманда - қапы қалып жүрмелік» - деген ұлы көреген Абылайханның ой-тұжырымы қазіргі уақыттағы еліміздің білім беру кеңістігіндегі көтеріліп отырған мәселелерді шешуге батыл кірісу қажет екендігіне әкеліп соғады.

#### ӘДЕБИЕТ

- [1] Макаренко А.С. Коммунистік тәрбие туралы. - Алматы: Қазақтың мемлекеттік оқу-педагогика баспасы, 1960. - 480 б. - (370, 42, 33, 216).
- [2] Ысмағұлұлы О. Қазақ тарихының әлпеті қандай болмақ? // Қазақ тарихы, 1994. - №4. - 3-5-бб.
- [3] Мектептегі оқыту процесінің тәрбиелік бағыттылығын дамыту. Әдістемелік құрал. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2013. - 13-б.
- [4] Вятр Е. Социология политических отношений. – М.: Прогресс, 1979. – С.377.

#### REFERENCES

- [1] Makarenko A.S. Communist education. Almaty: Kazakh State Training and Education Press, 1960. - 480 p. (370, 42, 33, 216).
- [2] Ismagululy O. What is the history of the Kazakh identity? // Kazakh history, 1994 - 4. p.3-5.
- [3] The development of the educational focus of the learning process at school. Manuals. - Astana: Altynsarin National Academy of Education, 2013. - 13 p.
- [4] Wiatr E. Sociology of political relations. - М.: Progress, 1979. - p.377.

#### РОЛЬ ШКОЛЫ В СОЦИАЛИЗАЦИИ ЛИЧНОСТИ

**Ауелгазина Т. К.**

**Ключевые слова:** человек, личность, государство, общество, политический режим, школа, процесс социализации, агенты социализации, факторы социализации, воспитание.

**Аннотация.** В статье рассматривается роль школы в социализации личности. Автор дает анализ теоретических подходов к изучению данной проблемы.

**Ауелгазина Т.К.**

саяси ғылымдарының докторы, доцент, Педагогикалық білімнің халықаралық Ғылым Академиясының академигі, «ӨРЛЕУ» БАҰО» АҚ филиалы «Алматы облысы бойынша педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты» директорының ғылыми-әдістемелік жұмыстар жөніндегі орынбасары

*Поступила 15.07.2015 г.*



**NEWS**

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

**SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES**

ISSN 2224-5294

Volume 4, Number 302 (2015), 129 – 135

**THE PRINCIPLES OF FRANCHISING AS A FORM OF INTEGRATION  
OF BUSINESS ORGANIZATION IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN:  
LEGAL AND ECONOMIC ASPECTS****Jumadildayeva Zh.B.**

“Turan” University. Republic of Kazakhstan, Almaty

*Zhaniya555@mail.ru***Key words:** entrepreneurial activity, the principle of franchising, the franchisor, franchisee**Abstract.** The author of the article considers the legal and economic aspects of the organizational principles of entrepreneurial activity in general and franchising as a form of integration of business organization in particular of the Republic of Kazakhstan. The article gives a brief description of the integration forms of business, and their relevance in the development of economic relations.*УДК 338.462***ПРИНЦИПЫ ФРАНЧАЙЗИНГА КАК ИНТЕГРАЦИОННОЙ ФОРМЫ ОРГАНИЗАЦИИ  
ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН:  
ПРАВОВЫЕ И ЭКОНОМИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ****Джумадилаева Ж. Б.**

Университет «Туран», Республика Казахстан, г. Алматы

*Zhaniya555@mail.ru***Ключевые слова:** предпринимательская деятельность, принцип, франчайзинг, франчайзер, франчайзи**Аннотация.** Автором в статье рассмотрены правовые и экономические аспекты принципов организации предпринимательской деятельности в целом и франчайзинга как интеграционной формы организации предпринимательской деятельности в Республике Казахстан. В статье дается краткая характеристика интеграционных форм предпринимательства, и их актуальность в развитии экономических отношений.

На современном этапе развития экономики Республики Казахстан франчайзинг как интегрированная форма организации предпринимательской деятельности является неизученным направлением, для которого нужно выработать основные теоретические и методологические основы.

Новые формы интеграционных образований получили довольно широкое распространение, но они не всегда обеспечивают тот уровень производства, на который рассчитывают при их создании. Одна из причин их низкой эффективности заключается в том, теоретические исследования значительно отстают от практики, которая пытается адаптировать старые принципы, формы и методы организации и управления к новым образованиям [1].

Ал экологиялық емес коммуникацияны сипаттауда тұжырымдар оның қоғамның басқа мүшелерінің психо-эмоционалды жағдайына зиянды әсері қандай, айтылған сөз басқа адамдардың ішкі әлемінің тыныштығына қаншалықты ықпал етеді деген ойлар айналасында өрбіген.

Н.Н. Панченконың пікірінше, «...пространство неэкологичной коммуникации составляют любые вербальные / невербальные средства, стратегии и тактики коммуникативного поведения, противоречащие коммуникативно-прагматическим и этико-речевым нормам, снижающие комфортность речевого общения, негативно влияющие на эмоциональное здоровье человека» [8.126]. Н.Н. Панченко бұл терминнің лингвоэкологиялық парадигмада әлі де мықтап орнықтағандығын да ескертіп өткен.

А.Любимов пен Е.Грибачева өздері жүргізген нейролингвистикалық бағдарламалау эксперименттері нәтижесінде экологиялық емес пікірлердің қатаң тыйым салу, міндеттеу, таңдауға шектеу қою, шарт қою, болжау, пресуппозиция, жеке тұлғаны басқалардан бөліп қарау, терістеу және т.б. сияқты отызға жуық түрін анықтаған. Авторлар бала санасына жағымсыз әсер ететін экологиялық емес құрылымдарға мынадай сөйлемдер жатады деп көрсетеді: «Мұндай қарапайым нәрсені ақымақтар ғана түсінбейді», «ол жермен жүрсең, құлайсың», «сен ешқашан бұл тапсырманы орындай алмайсың», «сенің ешкімге қажетің жоқ, сен тек менің қасымда болғанда ғана бақытты боласың», «анаң ауырып жатқанда, сен қалайша бақытты бола аласың?», «ақылыңнан адастың ба?», «сен тура әкең сияқтысың», «сенен басқа балалардың барлығы есепті шығарды, сен ғана шығара алмадың», «саған не керек екенін саған қарағанда мен жақсы білемін» [9]. Ғалымдардың пікірінше, бала тәрбиесінде жоғарыда аталған құрылымдарды үнемі пайдалану өз-өзіне сенімсіз, белсенді әрекетке, тәуекелге баратын шешімдер қабылдай алмайтын, сыни ойлай алмайтын тұлғаны қалыптастырады. Сондықтан жеке тұлғаны қалыптастыруда коммуникацияның экологиялық қағидасын сақтау аса маңызды.

Экологиялық емес коммуникацияға жала, диффамация, тіл тигізу, т.б. қылмыс ретінде қарастырылатын жағдайлар да жатады. Демек лингвоэкология тек тілді ғана сақтау, қорғаумен айналыспайды, тілді тұтынушы халықты коммуникативті әрекеттің жағымсыз әсерінен де қорғайды.

Жоғарыда айтылған ойларды қорыта келе біз «*Экологиялық емес коммуникация -мазмұны моральдық-этикалық нормаларға қайшы, жалпыадамзаттық құндылықтар жүйесін жоққа шығаруға бағытталған, адамның психо-эмоционалды күйіне жағымсыз әсер ететін, тілдік нормалар сақталмаған, уәжсіз қолданыстар орын алған коммуникация*» деген анықтама ұсынамыз.

Соңғы 20 жылда орын алған саяси, әлеуметтік, қоғамдық жағдайлардың, жаһандандудың нәтижесінде қоғамда жалпыадамзаттық құндылықтардың өзгергені анық. Қоғамдағы бұл өзгеріс тілді де айналып өткен жоқ. Лингвистер тіл экологиясындағы дағдарыстар, коммуникативтік әрекетте эмоционалды компоненттің алдыңғы орынға шығарылуы бұқаралық мәдениеттің ықпалының нәтижесі дейді. Әсіресе, әлеуметтік желілердің ықпалы зор болып отыр. Себебіқазір базалық құндылықтық тұжырымдар жастар санасына әлеуметтік желі көмегімен сіңірілуде.

Қазақ қашан да ойын оралымды, мәнерлі де қисынды сөзбен, екінші тараптың психоэмоционалды жайын бағдарлап, «тілге жеңіл, жүрекке жылы тиер» етіп жеткізе білген. Біздің қоғамда сөз өнері мен тіл мәдениетін жетік меңгерген адам жоғары бағаланып, «Кісіге қарап сөз алма, сөзіне қарап кісіні ал» (Абай) деген пікір қалыптасқан. Біз жастардың әлеуметтік желідегі жазбаларын сараптау арқылы олардың қолданысындағы экологиялық емес сөздер мен пікірлердің жай-күйін талдап көрдік.

Мәліметтерге жүгінсек, Қазақстанда 5,6 миллион адам күнделікті әлеуметтік желілерді пайдаланады екен. Ең танымал әлеуметтік желілердің қатарына күніне 252 мың рет қаралатын «ВКонтакте» желісі жатады [10].

Зерттеу барысында «ВКонтакте» әлеуметтік желісіндегі «**Бәрі бандит! Біз ғана простой**» (24 600 адам тіркелген), «**Бәленің бәрі осында**» (262 300 адам тіркелген), «**Қазақтың баласы**» (226 700 адам тіркелген), «**Жігітше**» (94 600 адам тіркелген), «**Қатты сөздер**» (76 800 адам тіркелген) сияқты бірнеше топтың жазбаларында көрініс тапқан экологиялық емес пікірлер талданды.

Ең біріншіден, байқағанымыз топтарда жазылған пікірлерде тілдік агрессия байқалады. Тілдік агрессия – бұл көңілге қаяу түсіретін сөз айту, жағымсыз көңіл-күй, сезім немесе ниеттің сол сөйлеу жағдаятында ерсі, дөрекі, анайы тілдік қалыпта білдірілуі. «Тілдік агрессия айрықша ниет – адресанттың (сөйлеуші / жазушы) адресатқа коммуникативтік тұрғыдан залал (кемсіту, қорлау, келемеждеу) келтіруге мақсатты бағытталған қалауы немесе өзіндік мүдделерін (өзін таныту, өзін-өзі қорғау) қайсыбір «тыйым салынған» тәсілдермен жүзеге асыру ойы түрінде көрініс беруі мүмкін» [11.34]. Тілдік агрессия жағымсыз, теріс эмоция мен сезімді білдіруге қызмет етеді. Оған түрткі болатын ашу-ыза, көңілтолмаушылық, айыптау, кінәлау, жек көру. Топтарда жазба қалдырған жастардың лексиконында жағымсыз коннотациялы, жағымсыз ассоциация тудыратын тіркестер өте көп. Мысалдарға назар аударып көрейік.

**Күш көрсетуге ашық шақыратын пікірлер:** «Менің жаман жақтарымды іздеймін деп, өздеріңнің *жақтарыңды іздеп кетіп жүрмеңдер*», «Жігіттерді алдап жүрген қыздарды, Тізіп қойып, *ату керек* шетінен!», «Арыстандай бауырым тұрғанда, талай бұқалардың *мүйізін сындырамыз*», «Айтатын жерде айту керек! Қатайтын жерде *қатаю керек!* Ешкімнен *қорықпау керек!* Ешкімді *басындырмау керек!*», «Сыйлағанды сыйлаймын! Сүйгенді сүйемін! Атқанды *атамын!* Ұрғанды *ұрамын!*», «Сен немесе басқа, Ал – болмаса тартып алады, *Ұр* – болмаса сені ұрады. *Қорқыт* – болмаса сені қорқытады. Міне осы, ӨМІР деген», «Мақтады ма – асып-таспа, мазактады ма – сабыр сақта, анаңа тіл тигізді ме – *бауыздап таста*».

**Күш көрсетуге қатысушыларды сипаттайтын пікірлер:** «Бұрынғының батыры – найзаның ұшымен, білектің күшімен. Қазіргінің батыры – *толпаның күшімен, электрошокердің ұшымен!*», «*Тілі мен жағына сүйеніп қалғандар* төбелесте бірінші құлайды!», «*Сөзбен құтыратын жігіттер* төбелесте бірінші құлайды», «*Аюдай дененің қажеті не, қасқырдай дух бермесе*», «*Қолына пласмасы ұстап алып интернетте батыр болатындарға* түкіргенім бар», «*Төзімділік* жақсы қасиет, бірақ ұзақ уақыт төзе беру үшін өмір тым қысқа».

Келтірілген пікірлер ізгіліктік, моральдық-этикалық қағидаларға қайшы, оқырманның санасында жағымсыз эмоция тудырады. Адамның эмоционалды денсаулығына зиянын тигізіп қана қоймайды, қылмыстық әрекетке итермелейді. Сондықтан мұндай жазбаларды жазуға топ әкімшісі (администратор) тарапынан тыйым салынғаны, жазылған жағдайда өшіріліп отырғаны жөн.

Келесі назар аударарлық жағдай жастарды тек өз қалауынша өмір сүруге, өзін қоршаған қоғамдық пікірді ескермеуге, ешкімнің ойын елемеуге, қалыптасқан моральдық-этикалық



нормаларға мойынсұнбауға, бойкүйездікке шақыратын пікірлер. Олардың қатарына мыналарды жатқызуға болады: «Маған «Сен сондайсың!» деудің қажеті жоқ. **Ұнамаймын ба? Айнал да кете бер!**», «Мені жаман деп жамандаудың қажеті жоқ! Менен **жақсы адам тауып ал да, өмірімнен жоғал!**», «**Мен туралы ойларың қызықтырмайды**, шаруаларың болмасын!», «Мен мінсіз емеспін, бірақ **сенің де жетісіп тұрғаның шамалы**», «**Жұрт не ойлайды екен?**» деген сұрақ ең соңғы орында тұру керек. Шын мәнінде барлығына бәрібір. Өмір сенікі», «Қазір **өтірікке рахмет айтып, шындыққа ренжітін** заман». Демек, жеке басына қатысты сын айтылмауға тиіс, айтылған жағдайда қарым-қатынас дау-жанжалға айналмақ. Психологтардың пайымдауынша, сынды тек ақиқатты естігісі келмейтін адамдар қабылдамайды. Өйткені өзі туралы ол ақиқат ойланып шешім қабылдауды, өзгеріс енгізуді қажет етуі мүмкін. Бірақ кез келген адам ондай батыл қадам жасай алмайды, енді біріне енжарлық, жалқаулық кедергі жасайды. «Өзімдікі ғана жөн» деп өз бетінше жүретін адамның іс-әрекетінде дәйекті пікір, қисынды уәж болмайды.

«Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп», «Әкесінің баласы – адамның дұшпаны, адамның баласы - бауырың» сияқты дәстүрлі құндылықтардан бас тарту да коммуникативтік әрекеттің экологиялық емес болуына өз ықпалын тигізуде. Оған дәлел жазбалардағы жастарды өзімшілдікке шақыратын пікірлер: «**Мені кім құрметтейді, мен де оны құрметтеймін**. Ал кім мені менсінбейді, айналайын ондай мінез менде де бар!», «**Адамдар менімен қалай сөйлесе, мен де дәл солай сөйлесемін**», «**Мені керек етпеген адамдар маған да керек емес. Мені іздемеген адамдарды мен де іздемеймін**», «**Бауырым» деуге лайықты іс-әрекет көрмей тұрып әркімге «Бауырым» деме...**», «- Күн болғым келеді. - Барлығына жылулық сыйлап, жарқырау үшін бе? - Жоқ, **маған ешкім жақындай алмайтындай болу үшін**», «**Мен қырсықпын**, менің қырсықтығым шексіз. **Мені бәрібір жеңе алмайсың**», «Мен қызғаншақ адаммын... Мендегіні адамдармен бөліскенді ұнатпаймын. **Менікі демек менікі**».

Осылайша, жасөспірімдер санасы дамудың жас ерекшелік және психологиялық кезеңін ескерместен улануда. Өйткені әлемдік экожүйеге негізделген тәуелділік бар, адамның күні адаммен. Бұл пікірлер өзінен басқаның күйініш-сүйінішіне немқұрайдылық танытып, өзін оқшаулауға, өз мүддесін ғана қорғауға, өзіне тиімді жағдайда ғана қарым-қатынас жасауға үндейді. Ғалымдар мазмұнында жалпыадамзаттық құндылықты сақтау қамтылған мәтін экологиялық деп көрсетеді. Демек, оған қайшы болса, экологиялық емес. Өзімшілдік адамгершілікке жат қасиет. Осы тұрғыдан келгенде жоғарыдағы мысалдар экологиялық емес пікірлер қатарына жатады.

Бұл жазбалар жасөспірімдерді тұлға ретінде дамытпайды, керісінше санасында жалған ғаламдық бейнені қалыптастырады. Оны қалыптастыруға мүдделі тұлғалардың бар екені де жасырын емес. Буржуазиялық идеолог Аллен Далестің мына бір пікірі бұл ойымызды растайды: «Соғыс аяқталды. Тіршілік біртіндеп түзелуге бет алып, дүние тыныштала бастады. Осындай кезде біз қолымыздағының бәрін, яғни, алтынымызды, басқа да байлығымызды, бар күшімізді басқаларды ақымақ, мәңгірт етуге жұмсауға тиіспіз. Адам миы, санасы өзгеруге бейім. Дүниені алақұйын етіп, басқалардың асылын жасанды жасыққа айналдыруға және де олардың сол жасанды жасығын «асылым» деп қабылдауға мәжбүр етуіміз керек. Қалайша? Әдебиеті мен өнерін, мысалы, олардың әлеуметтік мақсат-мүддесін өшіріп, салт-дәстүрін мазақ қып көрсетіп, суреткерлерін қалың көпшіліктің көкейкесті ой-ниеттерін зерттеуден, айшықтап көрсетуден айырамыз. Әдебиеті, театры, киносы бәрі де адами арзан сезімдерді малданатын, мадақтайтын болады. ...Екіжүзділік, бетсіздік, суайттық пен сайқалдық, маскүнемдік пен нашақорлық, бірінен бірі хайуандық қорку, өзара қырқысу, бірін-бірі көре алмаушылықты, білімділерін күндеу мен дұшпандық – осының бәрі оларды ыстан бетер қақтайды, күйелейді. Төңірегінде не болып жатқанын аңғара алатындар, түсінетіндер азаяды. Ұлтын ойлайтындарды, әсіресе, ұлт үшін жанын беретіндерді, салт-дәстүрлерін дәріптейтіндерді ескішіл, білімсіз деп, өздері-ақ мазақ ететін болады. Бала кездерінен, жасөспірім шақтарынан бастарын шырғалаңға душар етіп, әбден азғындатамыз. Сөйтіп, олардан түйсіксіз, отансыз тобыр жасаймыз» [12].

Отбасы тәрбиесіне, туыстық, достық қатынастарға қатысты жазылған пікірлерге талдау жасау барысында ананың адам өмірінен алар орнына, анаға құрмет көрсетуге, еңбегін ақтауға байланысты жазбалардың басымдыққа ие екенін аңғардық. Ондай жазбалар қоғамдық, этикалық нормаларға сай. Дегенмен, анаға деген сүйіспеншілігін жеткізуде девиантты мінез-құлық сипаты байқалатын жазбалар да ұшырасты: «Егер **өміріңді** кімге **бересің** десе, күліп тұрып Анама дер едім», «Мақтады ма – асып-таспа, мазақтады ма – сабыр сақта, анаңа тіл тигізді ме – **бауыздан**

*таста*», «Егер қажет болса, анашым, *мен тұншығамын*, сіз тыныс алу үшін». Мамандардың пікірінше, «Вконтакте» әлеуметтік желісі суицидке үндейтін желі [10] екенін ескерсек, мұндай жазбаларға да шектеу қойылғаны жөн.

Сонымен қатар, ұлы мен қызына «Қызға қырық үйден тыйым», «Ұлың өссе, ұлықтымен ауылдас бол, қызың өссе, қылықтымен ауылдас бол», «Ер бала ата-анаға таяу, қыз бала үйге жаққан бояу» деп өнеге үйреткен бабаларымыздың бүгінгі ұрпағы «Қызымды *саунадан* тапқанша, ұлымды *мәйтханада* тапқан артық!», «Ұлың бетімен кетсе, «*құлыптаулы темірде*» ойланар» деген оймен тәрбиеленіп жатқаны өкінішті-ақ!

Топ жазбаларында жаргон сөздерді қолдануға әуестенушілік байқалады: «Қой жылында *ЕНТ*-ны *маңырамайтапсырайық!*», «Мен не үшін мектепке барамын? 10% - сабақ оқу үшін, 90% - *достарыммен қуу* үшін», «*Агент* десе, ұят көресіңдер. Бірақ ол сендердің «Ғаламтор әлеміндегі» *перзентханаларың* екенін ұмытпағайсыңдар», «Итіңнің дос болғаны жақсы, ал *досыңның ит болғаны* жаман...», «СӨЖ - студентті *өлтiретiн* жұмыс».

Аталған жаргондар біріншіден, әлеуметтік топты біріктіруші құрал қызметінде жұмсалған. Жазбалар онда тіркелген адамдарға ортақ, өйткені олар оқушылар (ҰБТ тапсырады), студенттер (СӨЖ), олардың барлығы да ғаламтор пайдаланушылары. Ал екінші жағынан дәл осы жаргондар оларды басқа әлеуметтік топтардан ерекшелеп тұр.

Қазіргі таңда тілдік орта да сән әлеміне айналып барады, «тренд» сөздер туындауда. Жастар бұл сәннен қалмаудың жолы сленг сөздерді барынша қолдану деп есептейді. Ал сленг сөздердің ана тілімізді шұбарлап, тазалығына нұқсан келтіріп жатқандығына бас қатырмайды. «...Сөз қуаттылығы ой зергерлігіне байланысты. Ондай ой сөзін қашан да сарыла талғап, жаңылмай таңдап шығарып отырады. Бұлай болмағанда, талғамсыз қолданылған сөзден жанымыз еркін еміреніс не терең тебіреніс табуы мүмкін емес» [13.56]. Мұндай талғамсыз қолданыстар, сленг сөздер талданған топ жазбаларында орын алған: «Clash of clans ойынын ойнаушылар бар болса, біз *кланаштық*», «Менің фотома *лайк басшы*», «Маған *коментарий жазшы*» дейтін жастар ХХІ ғасыр *қайыршылары*», «Жүрегім жыр толғайды, Көңілім ортаймайды. *Retrica*-сы бар адамдар, Ешқашан қартаймайды», «Өмір деген бір үлкен *супермаркет* сияқты. Не керек бәрін ала бер, бірақ ұмытпа әр нәрсенің өз өтемі болады».

Сонымен қатар, топ жазбаларында дөрекі, былапыт сөздердің де орын алғандығын айта кеткен жөн. Жазбалардың көпшілігінде қазақ тілінің төл дыбыстары орыс әріптерімен алмастырылған, пунктуациялық, орфографиялық қателер бар.

Әлеуметтік желі топтарында «*Қазақша сөйлейік*», «*Құлақтан кірген суық сөз, жүрекке барып мұз болады*», «*Адамның көңіліне қарап сөйлеу – үлкен имандылықтың белгісі*», «*Біреуге ауыр сөз айтпас бұрын ойлан, оның да жүрегі бар...*» деген жазбалар бар болғанымен, ол топқа тіркелген жастар оның мәнісіне бойламаған тәрізді. Жоғарыда талданған пікірлер сөзімізге дәлел.

Әлеуметтік желінің жастар санасына кері ықпалы әлемнің барлық елдерінде аландатушылық туғызып, тиісті шаралар қолданылуда, интернет-цензура мықтап қолға алынууда. Атап айтқанда, Қытайда ғаламтордағы кез келген адам құқығына қол сұғатын жазбаға, Facebook, Twitter әлеуметтік желілеріне тыйым салынған; Сауд Арабиясында мазмұнында адамгершілікке жат немесе діни көзқарастарды қорлайтын жазбалар жарияланған және Қауіпсіздік комитеті тізіміне енген сайттарға тыйым салынады; Иранда Facebook, My space, WhatsApp әлеуметтік желілеріне және Youtube интернет-сервисіне тыйым салынған; Солтүстік Кореяда ғаламтор жоқ деуге де болады, олар тек өз мемлекеттерінің ішінде интранет желісін пайдаланады; Түркияда да Youtube интернет-сервисі бақыланып отырады; Түркіменстан мазмұнын лайықсыз деп тапқан кез келген сайтқа шектеу қоя алады; Ресейде де жекелеген сайттарға тыйым салынған [14]. Ал елімізде ақпараттық кеңістікке сараптау жүргізіп, интернет-цензураны жүзеге асыру шешімін таппай тұрған мәселелердің бірі. Интернетті реттеу туралы заң бар, бірақ ол өз дәрежесінде орындалып жатқан жоқ. Сондай-ақ ол әлеуметтік желідегі жазбаларға бақылау жасап, тосқауыл қоя алмайды. Сондықтан ЖОО аумағында, интернет-клубтарда интернетті реттеу туралы заң талаптарын негізге ала отырып, кейбір сайттарға шектеу қойған жөн. Бірақ мәселе онымен ғана шешімін таппайды. Мәселе жастарымыз «лингвомәдени, рухани-әлеуметтік білімі бар, тілдің лексикасы мен грамматикасының жоғары дәрежесін игерген, семантикасын түсінетін, интонациясының икемділігі мен көптүрлілігін дұрыс қолданатын» [15.23] тілдік тұлға дәрежесіне жеткенде ғана оңтайлы шешілмек. «Ол суда лай да бар, тұнық та бар, Лай судан

тұнықты кім айырады?» деп Шәкәрім Құдайбердіұлы айтқандай «тұнық» сөзді айыра білер ұрпақ қалыптастыру үшін балабақша – мектеп – колледж – ЖОО қамтылған білім берудің кешенді лингвоэкологиялық моделін жасау қажет.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- [1] Уәли Н. Тіл экологиясы. // «Ана тілі» газеті, 2009ж. №8.  
 [2] Русско-казахский словарь: 70 000 слов. Под редакцией Н.Т.Сауранбаева, Г.Мусабаева, Ш.Сарыбаева, третье изд., - Алматы: Дайк-Пресс, 2005. – 1152с.  
 [3] <http://sozdik.kz/>  
 [4] <http://dic.academic.ru>  
 [5] Энциклопедия практической психологии. // <http://www.psychologos.ru/>  
 [6] Толковый словарь Ефремовой. Т.Ф. 2000. // <http://dic.academic.ru>  
 [7] Ионова С.В. К вопросу о признаках экологичности текстовой коммуникации. Вестник Волгоградского государственного университета. Серия 2, Языкознание. 2011г. №1 (13). С.190-197  
 [8] Панченко Н.Н. Правда и искренность в экологичной / неэкологичной коммуникации // Научный диалог. №12. 2012г. С.124-133  
 [9] Любимов А., Грибачева Е. Типизация неэкологичных высказываний. // [www.Nlpr.ru](http://www.Nlpr.ru)  
 [10] Оспанова Г. Әлеуметтік желі «әлеуметсізденуге алып келмей ме? // [m.Inform.kz](http://m.Inform.kz)  
 [11] Қорлау және жала жабу: сарапшының көзқарасы. Жауапты ред. Г.Х.Әженова. – Алматы: Әділ сөз, 2013. -152б.  
 [12] Дандай Ы. Әлемнің тілдік бейнесі. // [e-eurasia.com/](http://e-eurasia.com/)  
 [13] Нұрмұқанов Х. Сөз және шеберлік: монография. – Қарағанды: Болашақ-Баспа, 2010.  
 [14] Слободян Е. В каких странах твиты, репосты и социальные сети находятся под цензурой? // <http://www.aif.ru>  
 [15] Исакова А.С. Казак тілді филолог студенттердің тілдік тұлғасын қалыптастырудың лингвомәдени негіздері. Ф.ғ.к. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация авторефераты. Алматы, 2010. – 32б.  
 [16] Эмотивная лингвоэкология в современном коммуникативном пространстве: кол.моногр. /науч.ред. Шаховский В. – Волгоград: Изд-во ВГСПУ «Перемена», 2013. – 450с.  
 [17] Сквородников А.П. Лингвистическая экология. // Теоретические и прикладные аспекты речевого общения: Научно-метод. бюллетень. - Красноярск-Ачинск, 1997. - Вып. 2.

#### REFERENCES

- [1] Uali N. *Linguaeology. «Ana tili» gazeti*, 2009zh. №8. (in Kaz).  
 [2] Russian-Kazakh dictionary: 70 000 words. Edited N.T.Sauranbaev, G.Musabaev, Sh.Sarybaev, third ed..*Almaty: Dajk-Press*, 2005. – 1152 p. (in Russ).  
 [3] <http://sozdik.kz>  
 [4] <http://dic.academic.ru>  
 [5] Encyclopedia of Applied Psychology. <http://www.psychologos.ru> (in Russ)  
 [6] Explanatory Dictionary of Efremova T.F. 2000. <http://dic.academic.ru>  
 [7] Ionova S.V. To a question about the symptoms of environmental textual communication. Journal of Volgograd State University. Series 2, Linguistics. 2011. №1 (13). p.190-197 (in Russ).  
 [8] Panchenko N.N. Truth and sincerity in ecological / non-ecological Communications // Scientific dialogue. №12. 2012. p.124-133 (in Russ).  
 [9] Lyubimov A., Gribacheva E. Typing not harmless statements. [www.Nlpr.ru](http://www.Nlpr.ru) (in Russ).  
 [10] Ospanova G. Social Network "would alewmetsizdenwege? [m.Inform.kz](http://m.Inform.kz) (in Kaz).  
 [11] Insult and slander: expert opinion. Ed. G.H. Azhenova. *Almaty: Adil soz*, 2013. -152p. (in Kaz).  
 [12] Dandaj Y. Linguistic world. [e-eurasia.com](http://e-eurasia.com). (in Kaz.).  
 [13] Nurmukanov H. The word master: monograph. - Karagandy: Future Publishing, 2010. (in Kaz.).  
 [14] Slobodjan E. Which countries tweets, repost, and social networks are censored? <http://www.aif.ru> (in Russ.).  
 [15] Isakova A.S. Kazakh language students the basics of the language of formation of the person lingomädeni philologist. dissertation for the degree of Candidate of Philology. *Almaty, 2010.* – 32p. (in Kaz.).  
 [16] Lingvoekologiya emotive in modern communicative space: col.monogr. / ed. Shahovskij V. *Volgograd: Izd-vo VGSPU «Peremena»*, 2013. – 450p. (in Russ.).  
 [17] Skovorodnikov A.P. Linguistic ecology. // Theoretical and applied aspects of verbal communication: *Nauchno-metod. bjulleten'.* - *Krasnojarsk-Achinsk*, 1997. - Iss. 2. (in Russ.).

#### Характеристика неэкологичных текстов в социальных сетях (на основе материалов социальной сети «ВКонтакте»)

Чукенаева Г.Т.  
[chukenaeva@mail.ru](mailto:chukenaeva@mail.ru)

#### Жетісуський державний університет ім.І.Жансугурова, г.Талдықорган, Казахстан

**Ключевые слова:** языковая среда, неэкологичная коммуникация, языковая агрессия, социальная сеть, эмотивная лингвоэкология.

**Аннотация:** В статье рассматривается эколлингвистическая проблема, связанная с эмоциональным аспектом коммуникации и определяющая модус экологичности /неэкологичности.Предпринимается попытка определить составляющие пространство экологичной/неэкологичной коммуникации. Представлены результаты лингвистического анализа экологичности высказывания в социальной сети. На основе критериев экологичности, выделены положительные и отрицательные, с точки зрения лингвоэкологии, влияние на языковую личность текстов в социальных сетях.

Поступила 15.07.2015 г.

**NEWS**

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

**SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES**

ISSN 2224-5294

Volume 4, Number 302 (2015), 148 – 152

**WELL KNOWN EPOS “FORTY HEROES OF THE CRIMEA”,  
SANG BY GREAT SINGER MURYN ZHYRAU AND HISTORICAL SOURSES  
OF GOLDENORDIAN AND NOGAI EPOCHS**

**Zh. Tlepov**

Kazakh National University named after Al-Farabi, Almaty, Kazakhstan

**Key words:** folklore, science, conference, language, literature, artist, singer, hero, commander, country

**Abstract.** Well known epos “Forty heroes of the Crimea” is national pride of Kazakh people. As academician В.М. Zhirmunskiy says the beginning of this production is a great patriarch word in the 14-th century of Suppra (Сыпыра) zhyrau.

In the given work there is analysis, sang with last exceptional creator, singer of historical events-Muryn Sengirbekov.

**МҰРЫН ЖЫРАУ ЖЫРЛАҒАН «ҚЫРЫМНЫҢ ҚЫРЫҚ БАТЫРЫ» ЭПОСЫ ҒӘМ  
АЛТЫНОРДА, НОҒАЙЛЫ ДӘУІРІНДЕГІ РУХАНИ ЖӘДІГЕРЛІКТЕР**

**Ж. Тілепов**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

**Түйін сөздер:** фольклор, ғылым, конференция, тіл, әдебиет, жыршы, ерлік, суреткер, қолбасшы, ұлыс.

**Аннотация.** «Қырымның қырық батыры» атты атақты эпикалық туынды қазақ халқының ұлттық мақтанышы болып табылады. Академик В.М. Жирмунскийдің айтуынша, бұл туынды көркем сөздің абызы Сыпыра жырау (XIV ғасыр) шығармашылығынан бастау алады. Аталмыш зерттеуде жыраулық өнердің соңғы ақиығы болып табылатын Мұрын Сәңгірбеков жырларындағы даңқты туындының жай-жапсары жан-жақты қарастырылған.

Мұрын жырау Сәңгірбеков – берісі қазақ халқының, әрісі бүгінгі таңда 200 миллионға жуықтап отырған, отыздан астам ұлт пен ұлысты құрайтын бүкіл түркі нәсілдестерінің мақтан етуге лайық, бірнеше ғасырда дүниеге бір рет келетін ерекше жаратылыс иесі.

1944 жылы Ташкент қаласында өткен фольклоршылардың Бүкілодақтық ғылыми конференциясының Мұрын жырлаған «Қырымның қырық батыр» эпосын дүниежүзілік маңызы бар ерекше қазына деп қаулы қабылдауының өзі аса кірпияз ғылыми қауым өкілдерінің тарапынан жырау шығармашылығына берілген сындарлы бағасы болатын. Бұл кезде даңқты жыршы 85 жаста еді. 1942 жылдың 12 қаңтарында Қазақ ССР халық комиссарлары советінің төрағасы Нұртас Дәндібайұлы Оңдасыновқа СССР Ғылым академиясы қазақ филиалының басшысы ұлы ғұлама Қаныш Имантайұлы Сәтбаев пен осы филиалдың тіл, әдебиет және тарих институтының директоры Нығмет Тінәліұлы Сауранбаевтар өтініш етіп, оны Маңғыстаудан алдыртқан кезде ол 83 жаста еді. Бұл Ұлы Отан соғысының өрті аспанды шарпып тұрған шақ болатын. СССР атты алып елдің басшысы И.В. Сталиннің өзі жұмыс кабинетіне А.В. Суворов, М.И. Кутузов, П.С. Нахимовтар секілді орыс жұртының қолбасшыларының портреттерін іліп, қанды айқас алдындағы әр халықтың жауынгерлеріне өздерінің батыр бабаларының рухы жар болуын тілеп, жалынды тілектер айтылатын тұс еді. Бірақ, кейін сол Абылай, Кенесарылардың есіміне «Күндей күркіреген» соғыс басылысымен-ақ, олардың халқы алдында атқарған игі істерін айтуға тиым салынды. Олар туралы жазған ғалымдар мен көркем сөз иелері түрмеге жабылды. Айдауға түсті. Ал, Мұрын жырау жырлаған батырлар әулетінің дені СССР атты империяның негізгі жұрты – орыс халқының бағзы бабаларымен соғысып өткен, бірсыпыра жағдайда тізесін батырған, билігін

жүргізген жандар еді. Олар орыс тарихын білетіндер үшін Абылай, Кенесарылардан да гөрі айбыны артығырақ болып есептелінетін-ді. Олай болса, бұлар туралы 1944-1945 жылдардан басталып, 1951 жылдың сәуірінде нүктесі қойылған қуғын-сүргіннен кейін барды бардай сөйлеп, шындықтың пердесін ысыруға елуінші жылдардың ақырына дейін мүмкін болмағаны өзінен өзі белгілі еді. Тіптен, онан беріде де үнемі шетқакпай көріп, зәрезап болып қалған қазақтың зиялы қауымы – ғалымдар қосыны айтар сөзін айта алмай бүгежектеп келді. Бірақ, елдің көңіліне жұбаныш болар бір жай бар-ды. Ол – ұлы жыршыдан біздің елдігіміздің ескерткіші «Қырымның қырық батыры» эпосының хатқа түскендігі еді. Сондықтан небір елжанды, ұлтжанды деген азаматтарымызға үлкен жұрттың кіші халыққа деген көзқарасын өзгертер мемлекет ұстанып отырған саясаттың жылы қабағын күтуден басқа амал қалған жоқ-ты... Сөйтіп күткен үміттің қоламтасы ақыры от алып тұтана бастады. Батыс пен шығыс әдебиетінің білімпазы В.М. Жирмунский секілді әлемдік даңқы бар академик «Түрік ерлік эпосы» сынды іргелі еңбегінде Мұрын жырау репертуарындағы ерлер туралы, бұл туындылардың өмірге келуіне, бүгінге жетуіне себепкер болған Сыпыра жыраудан басталатын ұлық туындыгерлер жайлы лебіз білдірді. Өзіміздің М. Әуезов, Қ. Жұмалиев, Е. Ысмайылов, Ә. Марғұлан, М. Ғабдуллин, Ә. Қоңыратбаев, О. Нұрмағамбетовалар зерттеулерінде азды-көпті сөз бола бастады. Осы тұста ұлы Мұқан, Мұхтар Омарханұлы Әуезов Мұрын жырау шығармашылығын өзінің аспиранты Сұлтанғали Садырбаевқа диссертация тақырыбы етіп бекіттірді де, ол ұлы жыршы туралы тұңғыш рет кандидаттық диссертация қорғады. Зерттеуін кітап етіп шығарды. Кейін заманның райы түзеліп, ұлтымыздың рухани қазынасын жасқанбай іздестіретін тұс келгенде, жырау аузынан жазып алынған мұралар екі том кітап болып жарияланды. Бұл шаруаның тұсында қазақ ғылымы үшін балалық кезеңде жүрген мәтінтану саласының үлкен білімпазы, ақын, жазушы, XVIII-XX ғасырларда өмір кешкен сандаған көркемсөз шеберлерінің туындыларын халқымен қауыштырған көрнекті ғалымымыз Қабиболла Сыдиықов ерекше еңбек етті. Ұлтымыздың қайсар қызы, көрнекті ақын Мариям Хакімжанова мен белгілі стенографист Мариям Исаева апайлардың Мұрын жыраудан «Қырымның қырық батыры» жырын хатқа түсіру үстіндегі тек өздерінің сіңірген еңбектерін ғана емес, сол кездегі осы іске шын жанашыр болған ұлтымыздың біртуар перзенттері Қ. Сәтбаев, М. Әуезов, С. Мұқанов, Н. Оңдасынов, Н. Сауранбаев, Е. Ысмайылов, Қ. Жұмалиев, А. Жұбановтардың атқарған азаматтық істерін естеріне түсіртіп естеліктер жаздыртты. Өзі жыраудың 130 жылдық мерейтойы кезінде туындыгер репертуарын, өмір жолын жан-жақты баян еткен тұщымды баяндама жасады. Жыраудың екі томдық еңбегіне ғылыми пайыммен жазылған байыпты алғысөз жазды. Біраз жыл өткеннен кейін «Арыс» баспасы осы екі томдық жинақтың негізін сақтай отырып, ілгеріде аттары аталған М. Хакімжанова, В.М. Жирмунский, С. Садырбаев, М. Мелетинский, Ә. Қоңыратбаев, Р. Бердібай, М. Ғұмарова, А. Тұрғанбаевтармен қатар кейінгі С. Сәкенов, Р. Сахиева секілді ғалымдар еңбектерімен толықтырып 2005 жылы «Ноғайлы жырлары. Қырымның қырық батыры» [1] дейтін атаумен қомақты еңбек жарияланды. Баспаның директоры – Ғарифолла Әнес. Бұлардан тыс әралуан әдебиетке қатысты энциклопедиялық еңбектерде Мұрын Сеңгірбеков туралы мәліметтер жарық көріп келді. Өзінің қысқа ғұмырында қыруар жұмыс тындырған Серікбол Қондыбай марқұмның зерттеу еңбектерінде жырау шығармашылығына қатысты жаңаша айтылған ғылыми тұжырымдар да баршылық. Біраз жылдардан бері әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің қабырғасында жырау мұрасы арнайы курс ретінде магистранттар мен студенттерге оқытылып келеді. 2011 жылы осы жолдардың авторының ғылыми жетекшілігімен Бағила Абылғазиева жырау шығармашылығынан магистрлік диссертация қорғады. Өзі өмір кешкен құт мекені – Форт-Шевченко қаласында мұражай үйі ашылды. Бұларды қысқасынан қайырғанда, Мұрын жырауға қатысты ел тарапынан атқарылған жұмыстардың бір парасы деп қабылдауға болады.

Тегінде жыршылық – бұл ел қадірлейтін қастерлі өнер. Әлемдік өркениетте халықтың өз басынан өткен елеулі тірлігін, елдік тарихын төгілдіре баяндайтын мұндай өнер иелерін сол елдің тыңдарманы қай кезде де ардақтай білген. Ал, Мұрын жырау сынды өзімізге көрші, туыс жұрт қырғыз ағайындар кешегі Сағымбай Оразбақов, Саяқбай Қаралаевты, бүгінгі Ұрқашты қырғыз жұртының құты деп есептейді. Мұрын Сеңгірбекұлы да осындай еліміздің көркем сөз өнерінің құты ретінде қабылдануға лайықты тұлға. Ол өз заманында теңдесі жоқ мол жырды зердесінде ұстай білген құймақұлақ орындаушы ғана емес, сонымен қатар үлкен диапазонның ақыны, сөз зергері, суреткер жан. Оның бар өмірін «Қырымның қырық батырын», «Көрұғлы» сияқты ұлық туындыларды жырлауға арнауының өзі тегін емес. Ұстаздары Нұрым, Мұрат, Қашаған сияқты жыр дүлдідері. Сексеннен асқан жыраудың «Қарға бойлы Қазтуған» туындысының соңында «Ел аңыз қып айтады, Қазтуған ердің өмірін. Естіген елден ертекетей, жыр қылып

ұзын ырғасын – өрдім жырдың өрімін. Естігенді елге жаймасам, Алдына беріп қоймасам, басылмайды көңілім. Тағы да талай жырлармын, жыр кестесін сырлармын, жетсе егер өмірім» дейтін сөздерінде оның бүкіл шығармашылық кредосы тұр. Ол тек біреудің айтқанын жаттаумен жүрген жан болса, бұлай сөйлемес еді.

Жалпы Мұрын жыраудың қазақ жұрты үшін қадірі ерекше екендігінде дау жоқ. Бірақ, үстем жұрттың қабағына қарап өткен аламан-тасыр заманда өмір кешкен ұлы жыршының елі оның баға жетпес қазынасын ең болмаса 1930 жылдардың ортасына дейін хатқа түсіріп ала алған жоқ. Мұның өзі қазіргі қолда бар жырау мұрасының көркемдік өрнегінің біраз кеміп, көлемінің едәуір қысқарып хатталуына себепкер болды. Оның үстіне күллі түркі жұртына ортақ «Көрұғлы», «Оғыз» сынды жырау айтатын ұлы жырлар, арабтың Рамуз, Ысырау патшалары жайлы толғамды туындылары хатқа түсіп үлгермеді. Демек, ұлы жыршы жырлаған елдік туындыларымыз ертерек жазып алуға мүмкіндік болмағандықтан да – оны кейінгіге жеткізушінің асқақ қабілеті бірсыпыра жағдайда көмескіленіп жетті.

Дүниеге батырлық жырлар мен тарихи жырларды келтіретін жыраулар мен ақындар қауымы азаматты ерлік істеуге итермелейтін қандай күштер, батырдың қайраты мен ақылы нендей мақсатқа қызмет етуге тиіс деген келелі мәселенің қастерлі сырын, себебі мен салдарын ашуға тырысатыны хақ. Мұрын жыраудың ғибратнамалық ұлы туындысында да осы мәселелерге әр тұста кейіпкерлер аузымен жауап беріліп отырады.

Жырау шығармашылығына тән басты ерекшелік – Ноғай ұлысының сонау Едіге заманында айбыны асқақ кезінен басталып, кейінгі XVI ғасыр басында қазіргі Батыс Қазақстан, Маңғыстау, Ақтөбе, Атырау облыстарының аймағына, Еділ мен Жайық бойына келіп қоныс тепкен Хо-орлог қарамағындағы торғауыт қалмақтармен арадағы қанды қырғынды жырлауы деп танымыз. Әрине, ноғай этносының шығу тегін атақты Н.М.Карамзин даңқты қолбасшы Ноғай есімімен байланыстырады.

Тарихта Ноғай есімді адам бірнешеу. Бірақ, солардың ішінде Жошы ханның күнінен туған жетінші ұлы Тевелдің немересі, Алтын Орда ханы Берке хан тұсында ересен қолбасшылық қабілетімен елін мойындатқан, бірақ күннен өрбіген ұрпақ ретінде қанша жерден қабілетті болса да хан деген лауазымды иеленуге хақы жоқ Ноғайдан даңықтысы жоқ еді. Ол Берке хан өлгеннен кейін 1266-1300 жылдардың ішінде Алтынорданы билей отырып, Венгрия, Польша, Сербия, Болгарияны, Оңтүстік орыс княздықтарын уысында ұстады, Византия, Литваға, Ресейге ықпалын жүргізді [2, 268 б.].

Әлбетте, мұндай адамның қарамағындағы қауымының Ноғайдың еліміз, Ноғайлы жұртымыз деп ауыздарын толтырып мақтанышпен айтатыны белгілі. Сол ел, сол халық XIV ғасырдың тоқсаныншы жылдарындағы Алтынорданың, яки «байтақтың» негізгі елі ретінде Тоқтамыс хан аузымен айтылатын «Он сан ноғай» жұрты болды. Ал, қазақтар болса, Қаржас Қопабай жыршы айтатын «Едіге» жырындағы Тоқтамыс хан аузымен жырланатын сол «он сан ноғайдың» ішіндегі «360 отау қазағым» атанған қастерлі ұғымға ие қадірменді қауым еді. Біз бұл жерде, бір кездегі В.М. Жирмунскийден бастап Ә.Кекілбаевқа дейінгі ғалымдардың Мұрын Сеңгірбекұлы жырлауындағы тарихи кейіпкерлердің тарихи еңбектердегі тарихи тұлғаларменен сәйкестіктерін қарастырған зерттеулеріне егжей-тегжейлі тоқталмай-ақ, екі халыққа ортақ жәдігерліктер жайын қысқаша сөз етпекпіз.

Қазіргі қазақ әдебиеттану ғылымы Алтынорда дәуірінен бергі кезеңдегі ауызша үрдіспен кейінге жеткен авторлар шығармашылығын 1391 жылы опат болған, XIII- XIV ғасырдың перзенті Сыпыра жыраудан бастайды. Сыпыра жырау көп жасаған, көпті көрген, көп білетін, кемел ойлы кемеңгер адам. Ол Тоқтамысқа да, Темір Тарағайұлына да, Едігеге де іштарып, шындықтың бетін бүркемелемейді. Болған жайды болған қалпында айтады. Жырау өзінің атақты Темір билеушіге айтқан толғауында:

– Әмір Темір Көреген, Тоқсан алты хан дүреген. Ханның зәулім сарайы, Ақ Орда деген жер екен. Айналасы биік тау, Батылы барып кірмес жау, Алпыс биі бірігіп, Ақ Орда да шешкен дау, бұларды көрген бабаңмын. Көрдім қалың елінді, Едіге деген еріңді. Жамандық пен жөнсіздік, қайыстырды-ау белімді, небір-небір билерің көргенсіз боп көрінді... Өзінің елін бүлдірген, бәтуаға келмеген, Сүргін салған жұртына, Жесір қатын, жетім ұл тыңдамай датын жылатқан, Өзәзіл жолдан тайдырған, Қайсыбірін айтайын, Сіздерді көрген бабаңмын, – деп толғанса, Тоқтамыс ханға: «Уа, Хан ием, Хан ием, құлағыңды сал, ием... Жемтік болды дұшпанға көп ноғайдың

баласы, көздерімнің қарасы. Жер жетпесе еш саған, жерің тұр ғой алдыңда. Көл жетпесе еш саған, көлің тұр ғой алдыңда. Қырғи болып құтырып, қызыл етті аңсама... Еліңді талап сен алдын, Темірменен тең алдың. Халқынды жинап бір жерге, жеңімпаз хан атандың. Елің әбден толықты, енді саған не керек?..Тентек ханды ел сүймес, шатақ ерге қыз тимес. Қанды көйлек киілмес, тұтқын қатын сүйілмес»-дейді. Бұл сөздерді Сыпыра абыз, араб ғұламаларының сөзіне сүйеніп айтар болсақ, 1390 жылдарға дейінгі 15жылдың ішінде Дешті Қыпшақ даласын бірде дос, бірде жау болып жүрген Тоқтамыс пен Темір Тарағайұлының, яки Ақсақ Темірдің талай рет қанға бояған қылықтарына орай айтқан [3, с. 276-279].

Бұл жерде туындысынан үзінді келтіріліп отырған Сыпыра жырау «Қырымның қырық батыры» атты атамұрамыздың ең басында тұрған, ең бірінші авторы. Сонан кейінгі қазақ әдебиетінің ұлық жыршысы – Асанқайғы. Ноғай ағайындар өзінің елдік әдебиетін осы жыраудан бастайды. Автордың «Құйрығы жоқ, жалы жоқ»деп аталатын туындысы екі халықта да жетінші жолдан өзгесі сөзбе–сөз келіп отырады [4, 173 б.].

Асанқайғының ноғай еліндегі қалған шығармаларының жалпы мазмұны мен жекелеген сөздері де қазақ нұсқасына өзара сәйкестігімен сүйсіндіреді. Рас, Ноғай ағайындардағы Асанқайғы шығармаларының көлемі біздегісінен біраз шағындау. Бірақ, сол шағын мәтіндердің ішінен « Теңіз бастан былғанды, толқымай тез тынса игі. Тел құлындар адасты, енесін тез тапса игі. Тең құрбыдан айырылды, тентіретпей қосса игі» - деп келетін әліге дейін ел жадынан шығармай жүрген сөздерді оқығанда, қайран баба жырау егіз елдің 1456 жылғы айырылысуына қанша ма қайғырған деп, күрсініп барып, ойға берілесіз...

Дана жырауды Ноғай ұлысы XIV-XVғасырдың перзенті деп есептейді екен. Дұрыс. Осы мәселеге орай 1393жылғы Польша королі Ягайлоға Тоқтамыс хан атынан елшілікке барған екі адамның бірі екендігіне, 1897жылғы «Дала уалаяты газетінде» Асанқайғы мен Жәнібекке байланысты жарияланған ел аңыздарын, сондай-ақ, Халид Құрбанғалидың, Шәкәрім қажының, т.б. еңбектерін жырау туындыларымен салғастыра отырып, оның өмір сүрген уақытын 1370-1470 жылдардың іші болуға сәйкес келеді деген қорытындыға келгенімізді де айта кетуді орынды деп есептедік [5, 23-24 б.].

Ноғай әдебиетшілері Асанқайғыдан кейінгі шығармашылық тұлға ретінде Шалкиіз Тіленшіұлын атайды. Бұл да – екі халыққа ортақ аса көрнекті жырау екені белгілі. Автордың ноғай тіліндегі туындылары М.Османовтың «Ноғай уа құмық шиғырлары» (СПб., 1883), В.Радловтың «Образцы народной литературы тюркских племен», том 7, (СПб., 1896) жинақтарынан бастап кейінгі А.Жәнібектің «Ауыл поэзиясы иа де ноғай ел әдебиеті» (Мақаш-қала, 1935), т.б. еңбектерде жарияланып келеді. Ал, қазақ тіліндегі Шалкиіз туындылары 1875 жылғы «Записки Оренбургского отдела Императорского Русского географического общества» жинағында, 1879 жылғы Ыбырай Алтынсариннің «Қырғыз хрестоматиясында» (Орынбор), Мақаш Бекмұхамедовтың «Жақсы үгіт» (Қазан, 1908), Ғабдолла Мұштақтың «Көкселдір, яки бұрынғы мырза ұлы һәм ноғайлы батырлары уа Ғайри мағыналы жырлар» (Орынбор, 1911) кітаптарында басылған жарияланымдарынан бастау алады. Жырау шығармаларының кейінгі «Бес ғасыр жырлайды», «XV-XVIII ғасырлардағы қазақ поэзиясы», «Алдаспан» жинақтарына енген туындыларының мәтінін түзіп, автор шығармашылығы туралы еңбектер жазған ғалымдарға осы екі халықтың тілдерінде шыққан туындылардың игі ықпалы орасан зор болды. Сондай-ақ, екі халыққа ортақ XVI ғасырдың жыршысы Доспамбеттің туындыларын зерттеуге де ілгеріде аталған М.Османов пен В.Радловтың, Ғ.Мұштақ, М.Бекмұхамедов жинақтарының орны ерекше болғандығын айта кету орынды болмақ.

Жырау жырлап отырған ноғайлы елі көп жағдайда пейілсіз, қайырсыз, қатты жұрт. Ноғайлы қауымының бұл қасиеттері Аңшыбай батыр елінің жауына аттанар тұстағы сәтінде былайша берілген: «Енді аттанам дегенде, жеме-жемге келгенде, жау көрмеген жасықтар бет-бетіне тарапты. Аңшыбайға сенбеді. Бір ноғай да ермеді. Тіл қатпады батырың, кеудесін кек кернеді. Аттанды жалғыз аяулы ер, айтысып тұра бермеді». Сондай-ақ, әкесінің соңынан іздеп шыққан Асылзат қыздың жанына бір еркектің ермей қалуы мен қапияда елін жауға алдыртып алып, көмек сұрай келген Алаудың інісі Әметке де Жаңбыршының өзі «Қаңғырып шетке шығып жүрген ноғайға әскер бере алмаймын» деп бетін қайтаратын сөздерінен анық көрінеді. Бірақ, сондай елдің өзіне халқы үшін туған азамат-ұлан жанын шүберекке түйіп қызмет етеді. Туындының басты кейіпкерлері туған халқы қандай болса да соны іргелі ел қылып, есін кіргізіп, еңсесін көтеруді саналы ұлдың парызы деп біледі. Арсыздан, намыссыздан ерлік шықпайды. Парпария сынды

батырдың «Намысы үшін халқымның ерен ерлік етейін» дейтіні де сондықтан. Оның Шамақанның елін шабарда әйеліне «Бір Алла өзі оңдаса, жолымды менің қолдаса, ер жігіт серттен тая ма? Желге кетер мал үшін, жетім-жесір жан үшін, мінемін атқа сен үшін, Ноғайлы деген ел үшін, туып өскен жер үшін, ар-намыс үшін бар күшім» деп, белін бекем буатындығы да осыдан.

«Қырымның қырық батыры» туындысында қалмақ жұрты кей тұста қайратты, еңселі ел ретінде суреттеледі. Сондықтан да Айса батыр Алауға «Ерлік деген бір болар, Айла деген оң болар, Айласыз ер сор болар», жауынды айламен ал деп үйретеді.

Қысқасы «Қырымның қырық батыры» туындысындағы ноғайлы жұрты таза батырлар жайлаған ел емес. Бірақ, соған қарамастан ол ел ындыс, қызылбас, қалмақтармен соғысып жүріп, жерін, елін, дінін сақтайды. Мұның өзі, қарадан туып хандық дәрежеге лайық болған Аңшыбай, оның ұлы Бабатүкті шашты әзиз, оның ұлы Парпария, оның ұлы Құттықия, оның ұлы Едіге, одан тарайтын ұрпақтар, солармен замандас жандар туралы ұлы жыр кейіпкерлерінің ісі өз кезінде құрамына қазақ жұрты кірген ноғайлы елінің жырмен кестеленген елдік тарихы ретінде қабылданған. «Досан батыр» дастанын шығарған тұста «тарих қылып тастайтын» деп, Мұрын жыраудың замандас інісі, халық ақыны Сәттіғұл Жанғабылов айтқандай, Мұрын жыраудың өзіне дейінгі әртүрлі шығармашылық тұлғалар бөлек-бөлек жырлап келген ноғайлы ерлерінің ерлік жолдарының бәрінің басын қосып, теңдесі жоқ ұлық жырға айналдыруы, аталмыш туындының өз кезінде тыңдармандары үшін жырмен өрнектелген ел тарихы сияқты қабылдануына жол ашты. Ал, бұл қазақ халқының, сөз жоқ, мақтан етуге тұрарлық перзентінің шығармашылық ерлігі деп қабылдануға лайықты. Рас, бұл туындыдағы тарихи тұлғалардың барша ісі үнемі тарихи жазба деректермен, ел аңыздарымен сәйкес келе бермейді. Және олай болуы мүмкін де емес, шарт та емес. Бірақ, осындағы «Манашұлы Тұяқбай» жырындағы «Тұяқбай батыр өтіпті, мұрадына жетіпті, алып беріп ел кегін» деп, жырланғанындай, елдің кегін қайтарып, басын азат жұрт еткен ерлердің ісі тірлік кешіп жатқан кейінгі өмірге келе берер ұрпақтары үшін қуаттың қайнар көзі бола білгендігімен де қастерлі. Даңқты эпоста тек ел қорғаған ерлер ғана емес Қосайға жар болатын Қарабек Сарыбайқызы, Манашының қызы Жұбай, Қазтуғанқызы Асылзат секілді қыздардың барлығы да ақылдылығымен, жүректілігімен тәнті етеді. Батырлар мінген тұлпарлардың жүйріктігі, кейбір тұста иесімен тілдесуінде де көп мән бар. Бұл аналар әулеті оңғарылмаса, бүгінгі заманның небір жетілдірілген жүйрік техникасының орнына жүрген тұлпарлар келіспесе елдікті қорғаудың мүмкін еместігі бәрі де жырау назарында болғандығынан деп білеміз. Соның арқасында дауылпаз жыр ұрпақтан ұрпаққа ұласып өмір кешіп, алдағы ғасырлардың есігін айқара аша бермек.

#### ӘДЕБИЕТ

- [1] Ноғайлы жырлары. Қырымның қырық батыры. Алматы: Арыс, 2005.
- [2] Бегалин К. Ханы Золотой орды. Алматы, 2011. – С. 268.
- [3] История Казахстана в арабских источниках. Алматы: Дайк-Пресс. 2005. Том 1. – С. 276-279.
- [4] Қарайдар мен қызыл гүл: Ноғай жыры. Құрастырған және алғы сөзін жазған профессор Рахманқұл Бердібаев. Алматы: Жалын, 1989. – 173 б.
- [5] Тілепов Ж. Қазақ халқының хандық дәуір әдебиеті. Алматы: Қазақ университеті, 2003. – 23-24 б.

#### REFERENCES

- [1] Nogaibai poems. Crimea forty hero. Almaty: Arys, 2005. (in Kaz.).
- [2] Begalin K. Hannah of Golden Horde. Almaty, 2011. - p. 268. (in Russ.).
- [3] History of Kazakhstan in the Arab sources. Almaty: Dyke-Press. 2005. Volume 1. - P. 276-279. (in Russ.).
- [4] Nogai poem. Developed and wrote the initial word of the professor Rakhmankul Berdibaev. Almaty: Flame, 1989. - 173 p. (in Kaz.).
- [5] Tlepov Zh. Kazakh khanate of the literature era. Almaty: Kazakh University, 2003, p 23-24. (in Kaz.).

**Знаменитый эпос «Сорока богатырей из Крыма», воспетый великим певцом Мурын жырау и исторические источники золотоордынских, ногайлинских эпох**

**Ж. Тлепов**

Казахский национальный университет имени Аль-Фараби, Алматы, Казахстан

**Ключевые слова:** фольклор, наука, конференция, язык, литература, художник, певец, героизм, полководец, страна.

**Аннотация.** Знаменитый эпос «Сорока богатырей из Крыма» является национальной гордостью казахского народа. У истока этого произведения, как утверждает академик В.М. Жирмунский, стоит великий патриарх слова XIV века Супыра (Сыпыра) жырау. В данной работе дан анализ произведениям, воспетым последним могиқаном сказителей - Мурыном Сенгирбековым.

Поступила 15.07.2015 г.



**NEWS**

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

**SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES**

ISSN 2224-5294

Volume 4, Number 302 (2015), 153 – 154

UDK 1 (091)

**THE METHODS OF SELF BASIS IN MODERN SCIENCE****D. Zh. Adizbayeva, Zh.S. Shalabaeva, Zh. K Imanbekova**

amk.dimed@mail.ru

Kazakh National Agrarian University, Almaty, Kazakhstan.

**Key words:** method, theory, science, way, integration, situation.**Abstract.** The situation in native social-humanity of practice is marked with inner crisis, connected with review of foundation knowledge and with changing its paradigmatical context.**Introduction**

The science of the XX century makes own judgment of the parameters, developing ideas of scientific norms and ideals, demarcations empirical and theoretical, leadership among sciences, ways of their interaction, the applied importance of researches and other problematic issues. All this occurs in the contexts or ways defined in scientific the smysloobrazuyushchikh itself of a reflection. The self-knowledge of science assumes peculiar cognitive tools within which there are certain orientations and scientific styles. In general, as A. P. Ogurtsov notes, "if to compare the ways of the theorist of the methodological analysis of science developed in various theories of science for the last century, it is possible to see the essential transformation which happened and in methods of research of science, and in initial analytical partitions, and in object of studying" [1] In his opinion, in the bases of the scientific picture of the world created throughout century there was a transition from a typological explanation (the dominating methodological paradigm of classical science) to populyatsionistsky style as the replacing orientation. Inside both typological, and populyatsionistsky of approaches the research programs, the fundamental principles on the basis of which the consciousness of science is developed work. It leans on such structural units as a problem, the theory, research area, specialty, scientific discipline, a cluster, scientific community, research community, disciplinary community, communications.

**The body.** These components allow to comprehend the difficult organization and dynamics of scientific rationality, to penetrate into an essence of its new orientation transformations. Reconsideration of modern science develops cardinal changes of its multidimensional image, both external, and vnutrenny. Processes of dynamics of science, line of polyfunctionality and omnipresence bring researchers to interdisciplinary interactions besides which its adequate comprehension and application is impossible, and functioning of science out of any borders allows to recreate theoretical model on the basis of the results reached in various world outlook and methodological traditions, the directions, schools. For display of an adequate image of modern science in an epistemologiya the logic-methodological frameworks of scientific rationality testifying to its interrelation and integrity are investigated. New conditions of integration and differentsiantion of science significantly modified ideas of simplicity in scientific rationality. In classical and nonclassical science they considerably differ that is caused by features of mechanisms of an explanation and understanding, as in natural-science, and socio-humanistic knowledge. The classical science is built in canons of homogeneous integrity. It found reflection in the research programs corresponding to it which carried object – gnoseological orientation. The essence of this orientation was reduced to interpretation of reality through the systems of categories and ideal schemes regulating and ordering knowledge as about the outside world, so about the world of thinking. All were connected with a typological way of thinking for which partitioning of science on such components as the directions, methods, theories, levels, categories for the purpose of identification of their unity is characteristic (coincidence within homogeneity). The interrelation problem in science at similar approach was solved mechanistic because it was initially predetermined by the ontologic principle of unity of the world and an ideal of a monizm as the constants providing objectivity of knowledge. As paradigmalny contexts of knowledge were caused monisticheskoy in fact and dikhotomichny in an installation form (materialism – idealism – empiricism – rationalism – an objectivism –

psychologism, etc.) which assumed not correlation, but a konfrontatsionnost of research approaches, neither world outlook, nor methodological synthesis couldn't be an integrative factor of science.[2] In spite of the fact that in modern domestic scientific disciplinary communities multidirectional orientations of m of tradition already coexist (according to expansion of scientific pluralism), still not quite clear new paradigmalny methodological criteria appear. In socio-humanistic disciplines former ways and forms, conditions and prerequisites of production of scientific knowledge disappear: sharply the relation the state to science and scientific activity which, in fact, remained unclaimed during the most responsible period the sotsiumnykh of transformations changed. The situation in domestic socio-humanistic scientific practice is noted by the internal crisis caused by revision of the bases of knowledge, change of its paradigmalny context, diffusion of the former scientific device an interdisciplinary migation of researchers. These factors taken in total stimulate self-development of methodology and philosophy of science within which else it is necessary to comprehend the happening changes. It is known that feature of nonclassical science is the real mirovozzorenchesky, methodological, axiological pluralism which caused formation of typological orientation in self-knowledge of science. Heterogeneity of nonclassical science is presented not only a set of informative structures, but also infinite variety of a collectivity and associative activity: since research schools and including interdisciplinary communities. The Populyatsionnistsky way of research of science is based on segments of the nonclassical device which displayed new ideas of elementary components in science. The relations and forms of communication setting the general "system of measurement" for such model of scientific character in which the activity organization of science becomes the main integrator became them. The science as activity appears as a difficult sotsiumny subsystem which research is realized in contexts of interdisciplinary studying. [3] In science of science, sociology and ethics of science, philosophy and methodology of science thematic communication contexts which allowed differently were created absolutely new (in comparison with researches of an image of classical science), than before, to look at science and to estimate its world from positions of self-sufficiency and even a prototype of the social world in general. The matter is that the modern science is one of the most developed democratic institutes of society in whom models of the corresponding collectivity are really approved, effective norms and due criteria of activity work.

**Conclusion.** Heterogeneity of modern science assumes coexistence of a set socially – cognitive structures in the form of research schools, scientific communities, other disciplinary educations which can compete with each other in the course of statement, studying, the solution of scientific problems. The knowledge of it in a modern scientific distsiplinarnost possesses potential opportunity to be refutable. Formation and transformation organizational, cognitive, communicatively – activity components of science allowed to recreate within a populyatsionnistsky explanation an image of science as multidimensional integrity and to answer a question of its internal structure from positions of world outlook and methodological pluralism. The logic the answer is reduced to that excluding the subject of science and as multivarious attitudes of the activity subject towards predmety object, in their organic interrelation. In this social and cognitive foreshortening specifics of populyatsionnistsky methodological orientation and new an institutional paradigm of science are also concluded.

#### REFERENCES

- [1] Ogurtcov A.P. Disciplinary structure of science. M, 1988.  
[2] Charm M. personal knowledge. On the way to critical philosophy. - M, 1985.  
[3] Kun. T. Structure of scientific revolutions. - M, 1975.

#### Заманауи ғылымның өзін-өзі негіздеу тәсілі

Адизбаева Д.Ж., Шалабаева Ж.С., Иманбекова Ж.К.  
Қазақ Ұлттық аграрлық университет, Алматы, Қазақстан.

**Түйін сөздер:** әдіс, теория, ғылым, игтеграция, жағдай.

**Аннотация:** Отандық әлеуметтік-гуманитарлық ғылыми тәжірибеде ішкі дағдарыс белең алуда, білім негіздерін қайта қараудан туындаған парадигмальді контекст өзгерістері қарастырылады.

#### Способы самообоснования современной науки

Адизбаева Д.Ж., Шалабаева Ж.С., Иманбекова Ж.К.  
Казахский национальный аграрный университет, Алматы, Казахстан.

**Аннотация:** Ситуация в отечественной социо - гуманитарной научной практике отмечена внутренним кризисом, вызванным пересмотром оснований знания, изменением его парадигмального контекста.

**Ключевые слова:** метод, теория, наука, способ, интеграция, ситуация

*Поступила 15.07.2015 г.*

**NEWS**

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

**SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES**

ISSN 2224-5294

Volume 4, Number 302 (2015), 155 – 160

UDC 78(574)09

**MUSICAL AND NON-MUSICAL FEATURES OF FOLKLORE KUIS  
(ON THE BASIS OF INSTRUMENTAL TRADITION OF THE KAZAKHS IN MONGOLIA)****A.Zh. Kaztuganova**[zhasaganbergen@mail.ru](mailto:zhasaganbergen@mail.ru)

M.O.Aueзов Institute of Literature and Art., Almaty

**Key words:** kui, music, art, tradition, sound, work, performance.

**Abstract.** In the article musical and non-musical features are examined folklore dombra kuis Kazakhs of Mongolia. On maintenance legends thematic systematization of kuis is certain, symbolic colors and characters mark in Kazakh attitude. At the analysis of musical features (rate, size, rhythm, melody) the types of variant and recurrence of folk kuis are educed.

УДК 78(574)09

**ФОЛЬКЛОРЛЫҚ КҮЙЛЕРДІҢ МУЗЫКАЛЫҚ ЖӘНЕ БЕЙМУЗЫКАЛЫҚ  
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ (Моңғолия қазақтарының аспаптық дәстүрі негізінде)****А.Ж. Қазтуғанова**[zhasaganbergen@mail.ru](mailto:zhasaganbergen@mail.ru)

М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, Алматы қ.

**Тірек сөздер:** күй, музыка, өнер, дәстүр, дыбыс, шығармашылық, орындаушылық.


**Аннотация.** Моңғолия қазақтарында кең таралған фольклорлық домбыра күйлерінің музыкалық және беймузыкалық ерекшеліктері зерттелді. Күй аңыздарының мазмұнына байланысты тақырыптық жүйесі айқындалып, қазақтың дүниетанымындағы символдық түстер мен бейнелер белгіленді. Күйлердің музыкалық болмысын (екпіні, өлшемі, ырғағы және әуендік сипаты) талдау арқылы халық күйлерінің нұскалық және тармақтық түрлері анықталды.

Қазақтың музыка мәдениетінің бір бөлігін шетелде тұратын қандастарымыздың өнері құрайды. Соңғы кездердегі зерттеулер нәтижесінде әлемнің әр бөлігінде өмір сүріп жатқан қазақтардың музыка мұрасының сақталуы әр түрлі көрсеткішті береді, біреулер өз мәдениетін жат елдік тілге аударып насихаттап жүрген болса, ал біреулері басқа елдің элементтерін енгізіп ата-баба аманатын сақтап қалуда, тағы бір жерлерде еш өзгеріссіз алғашқы сипатында сақтап қалғанын байқауға болады. Әрине, жат елде жүріп ұлттық салт-дәстүрді, әдеби және мәдени мұраны, тіл мен дінді сақтап, дамыту ерекше талап пен тілектерді қалайды. Сондай қалаулы жердің бірі Моңғолия Республикасындағы Баян-өлгий аймағы болып тұр. Себебі, онда тұрып жатқан қазақтар халықтық салт-дәстүрдің, әдеби және мәдени мұраның, тіл мен діннің қаймағын бұзбай сақтауда. Оның мұндай болуына сол өлкеде тұратын халықтың басым көпшілігін қазақтар (91 %) құрағандықтан шығар деп болжаймыз. Алайда бұл өлкеде қазақтармен қатар олардың арасынан ұранхай, дөрвет сүйектілер, тыва тайпаларын кездестіруге болады. Дегенмен оларды күнделікті тіршіліктерінде ортақтастырып тұрған қоршаған орта, тұрмыстық жағдай, саяси ахуал және тіл мәселелері мәдени мұралардың сонылық түрінде сақталуына әсерін тигізіп отыр.

Моңғолия қазақтарының дәстүрлі музыкасын зерттеу барысында әншілік және күйшілік өнерлері айқын көрінеді. Қазіргі кезде осы бағыттар бойынша көптеген фактологиялық

материалдың қалыптасқаны белгілі. Мақаланың нысаны ретінде осы аймақ бойынша жарыққа шыққан жинақтар мен іссапарлар нәтижесінде әкелінген материалдар алынды<sup>1</sup>.

Бұл өлкенің күй өнерін жинақтап, саралау барысында күйшілік дәстүр екі аспапта, екі бағытта қатарымен дамығаны аңғарылады, яғни домбыра және сыбызғы аспаптарында, орындаушылық және композиторлық бағыттарында жүзеге асырылуда. Оған ұйытқы болып отырған қазақтың музыкалық негізіндегі суырып-салма дәстүрдің күні бүгінге дейін сақталып, атадан-бала жалғасқан ауызша таралуында болып отыр<sup>2</sup>. Сондықтан орындаушылар сыбызғы күйлерін домбырада, ал домбыра күйлерін сыбызғыда орындаған. Ал күйші-композиторлар, яғни домбырашылар сыбызғы аспабына арнап, ал сыбызғышылар домбыра аспабына арнап күй шығарған. Әрине осының негізінде сыбызғы мен домбыра күйлерінің тақырыптық, әуендік, ырғақтық, өлшемдік, көркемдік (мелизм түрлерін) тұрғыдан ұқсастықты көрсетеді.



Домбыра және сыбызғы аспабындағы халық күйлердің беймузыкалық ерекшелігіне жататын тақырыптық жүйесін біртұтас қарастырған абзал. Себебі бір күйдің аңызы домбыра және сыбызғы күйлерінде бір-бірімен ауысып, алмаса айтыла берсе, кейде бір аңыз домбыра немесе сыбызғы аспабында орындалатын әртүрлі күйлерге ортақ болып келеді. Мысалы, М.Хұсайынұлы халық күйлерін жинақтай келе: ««Қос келіншек», «Алабайрақ», «Майдажал», «Телқоңыр» күйлерінің орындау және қағыс ерекшелігіне байланысты бірнеше түрі болғанымен, олардың аңыз тарихы біреу-ақ» [3, 41 б.] – дейді.

Моңғолия қазақтарында кең таралған сыбызғы және домбыра аспабына арналған халық күйлері көбінде аңыз күйлер екені анық. Осы жерде олар көне аңыз күйлер болғандықтан олардың қайнар бұлағы діни наным-сенімдермен, архаикалық ғибадаттармен (мифологиялық), тұрмыс-салтпен, әдет-ғұрыппен, табиғи құбылыстармен, тарихи уақиғалармен ұштасып жатқанын көреміз. Осыған орай оларды нақтылы бір міндетті атқаратындығын айту оңай емес. Өйткені оларды тұрмыс-салт пен әдет-ғұрып, діни наным-сеніммен табиғи құбылыс т.с.с. болып астасатынын байқаймыз. Мәселен, тотем-жануарларына арналған күйлер қатарына жататын – «Көк жорға ат», «Сұрбөрте», «Бейжін сары атан», «Асаукөк», «Көк дөнен», «Кәрі боз», «Егіз торы ат», «Ала байрақ» және т.б. тұрмыс-салт күйлерімен ұштасады; мифологиялық аңыз-күйлердегі егіздер, жетімдер бейнеленген күйлер – «Аңшының зары», «Бөкен жарғақ», «Тоқта баяу», «Жетім ұл», «Жетім қыз» және т.б. әдет-ғұрыппен сабақтасады; ақсақтар мифін көрсететін күйлер – «Ақсақ құлан», «Ақсақ қаз», «Ақсақ марал», «Ақсақ қой», «Ақсақ аю» тұрмыс-салттағы аңшылықпен

<sup>1</sup> Зерттемеге Моңғолия қазақтарының дәстүрлі аспапты музыка мәдениеті бойынша жарияланған жинақтардан [1; 2; 3], 2010 жылы жарыққа шыққан «Телқоңыр» атты Моңғолия Республикасы, Баян-Өлгий аймағында тұратын қазақтардың домбыра, сыбызғы күйлері (2008-2009 ж. экспедиция материалдары) топтамасынан, М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қызметкерлері Ә.Нұрбаев пен А.Тойшан 2005 жылы 27.09.-18.10 аралығында жинақтап, қолжазба қорына тапсырған материалдардан және 2012 жылы осы Институттың музыкатану бөлімінің ғылыми қызметкері З.Қасымованың жазып әкелінген музыкалық фольклорлық үлгілерден алынды.

<sup>2</sup> Отанынан алыста жүрген Моңғолиядағы қандастарымыз ата-салтын берік сақтап, өнерлерін ұрпақтан-ұрпаққа үзбей жалғастыруды мүдде етіп, бала тәрбиесінен бастаған, бұл тарлы Б.Кәмәләшұлы: «Бала тәрбиесі оның дүниеге келген сәтінен сан ғасыр бойы көшпелілер тіршілігімен сараланған салт-дәстүр, әдет-ғұрып, наным сенімдер ауқымында жүзеге асырылып келді. Бұған баланың кіндігін кесіп, шілдехана, тұсауын кесу, ашамайға мінгізу деген сияқты сан түрлі көшпелі өмірге сәйкес әдет-ғұрыптар жүріліп жатты. Тәрбиенің бастысы адамгершілікке, көшпелі өмір азаматына тән, батылдық, төзімділікке және негізгі күн көріс көзі мал шаруашылығына икемдей тәрбиелеу болды. Әрбір от басы, семья мүшелері өздерінің ата-бабасы қара шаңырағынан бері қарай жалғасқан жақсы салтын ұрпағына қалыптастыруға жан-жақты назар аударып, ата-баба ат-атағын сақтап, жаман ат естітпейтін ұрпақ өсіруге ең әуелі әке-шешесі, от басы, ошақ қасынан мән беріп, жан ұя мүшесі ұрпақ тәрбиесіне ерекше мән беріп келді» [4, 11 б.] – дейді. Осыдан болар Баян-өлгий күйшілерінің шығармашылығы атадан дарыған болып есептеледі.

немесе ғұрыптықпен ілеседі; жер асты әлемімен байланысты өзен-суға кеткен адамдар мен жан-жануарлар мифіндегі күйлер – «Жорға аю», «Зарлау», «Талшыбық бәйбішенің зары» және т.б. әдет-ғұрыппен қиылысады. Қазақтың өмір салты көшпенділікпен және бақташылық өмірмен тығыз байланысты болғаннан кейін қазақ ұлтының тұрмысына қатысты – малмен, қоршаған табиғатпен байланысты шығарылған күйлер кеңінен тараған. Олар – «Тепенкөк», «Балжыңкер», «Өрелі кер», «Жеті атым», «Өрелі көк», «Қара жорға», «Ат келді» және т.б.

Қазақ халқының әдет-ғұрыпындағы үйлену салты мен жерлеу рәсіміне байланысты туындаған домбыра және сыбызғы күйлерін Моңғолия қазақтарының халықтық шығармашылығында жиі кездестіруге болады. Мысалы үйлену ғұрпына байланысты шыққан «Қыз алып қашқан», «Арбиянның жастық шағы», «Делдал қыз», «Кербез қыз» күйлерін тұрмыс-салтқада жатқызуға болады. Жерлеу ғұрыпында байланысты шыққан «Келіншектің зары», «Хан жұбату», «Жұбату» тарихи уақиғамен сабақтасады.

Күйлердің тақырыптық ерекшелігінен бұл өлкеде тұратын қазақтардың көне замандағы өмір тіршілігі мен дүниетанымын аңғаруға болады. Мұнда бір айта кететін ерекшелік күйлердің тақырыбында символдық бейнелер мен символдық түстер<sup>1</sup> көрініс тапқан. Мәселен, үй жануарлары – жылқы, бұқа, інген, атан, серкеге байланысты символдық түстер<sup>2</sup> қосып айтқан: («Қаражорға», «Көк бұқа», «Боз інген», «Көк дөнен», «Көк серке», «Сұрбөрте», «Тепенкөк», «Ақ айғыр»), ал жабайы аңдар мен құстар – марал, құлан, аю, бөкен, қаз, құр, киік және т.б. ерекше келбетіне байланысты атаған «Ақсақ марал», «Ақсақ аю», «Ақсақ қаз», «Жаралы ақ бөкен», «Жалғыз киік», «Құр ойнақ» және т.б. кездеседі.

Баян-өлгий күйлерінің ішінде көп нұсқалық және тармақты күйлер кездеседі. Көп нұсқалық күйлерге «Сал торы» (I, II, III), «Сарып құлан» (I, II, III), «Ақсақ құлан» (I, II, III), «Ақсақ қаз» (I, II, III), «Кенес» (I, II, III) және т.б. жатса, тармақты күйлеріне «Алпыс екі қоңыр»; «Балжыңкер», «Балжыңкердің аяңы», «Балжыңкердің шабысы»; «Көк дөнен», «Көк дөнненің шабысы», «Көк дөнненің желісі», «Көк дөнненің аяңы» т.с.с. келтіреміз.

Моңғолия қазақтарындағы сыбызғышылық өнер жеке зерттемені талап ететіндіктен, мақалада домбыра күйлерінің фольклорлық үлгілерін талдаумен шектелеміз. Бұл мұраны сақтап, бүгінгі күнге дейін жеткізген Баян-өлгий аймағының күйшілік дәстүр негізін қалаушыларының үлесі орасан. Олардың қатарында – Құсайын, Байысхан, Өсерхан, Бердібай, Қабыкей, Мұсайып, Қажынәби және т.б. тұр. Олар туралы зерттемелерде: «Қазақ халқының ата мұрасы – ағаш домбырасымен шыққан күйлер бірде аспандап, бірде аялдап қалықтап, аймақтық мерекеде стадион ішін жайлап, тыңдаушыларды баурап алды. Аймақтық алға ұстайтын домбырашыларымыз ойғырлық Өсерханның орындауындағы «Қобда өзен», «Балжин кер», «Кербез қыз», қарт домбырашымыз ногооннуурлық Қанафияның «Қалқатай», «Балжин кер», делүүндік Рахаттың «Әсем кер», «Өрелі кер», «Майда жал», улаанхустық Байысханның «Киік», «Кербез сұлу», цагааннуурлық Аққожаның «Әсем қызыл», «Бұлбұл торғай», М.Құсайынның «Бұлбұл торғай», «Дарабоз», «Делдалы» халық алғысына бөленді» [5, Б.5-6] – деп жазылған<sup>3</sup>.

Бұл өңірдің күйшілерінің арқасында көптеген халық мұрасы сақталып, жинақталып, жарық көрген. Мұндай іргелі еңбекті белгілі күйші Ахмерұлы Қабыкей «Баян-өлгий қазақтарының домбыра және сыбызғы күйлері» атты жинақпен бастаған болса, оның жолын Хұсайынұлы Мұсайып «Алтай-Қобда домбыра күйлері» атты жинақпен жалғастырды. Бұл жинақтарда өлке домбырашылары жеткізген халық күйлері мен олардың төл шығармалары мазмұндалған.

Бұл өлкеде кең таралған халық күйлерінің музыкалық ерекшелігінің талдануы маңызды. Себебі сол арқылы күйші-композиторлардың өзіндік қолтаңбасы қалыптасқаны анықталады.

<sup>1</sup> Қазақтың дүниетанымында қасиетті сан, қасиетті түс, қасиетті аң деген ұғымдар кездеседі. Мәселен түстерге байланысты қара, көк, ақ деген түстер ерекшеленген. Соның негізінде қара түске байланысты «қара шаңырақ», «қара домбыра», «қара жер» деген ұғымдар кездессе, көк түске байланысты «Көк Тәңір», «көк аспан», «көк ту», ал ақ түске байланысты «ақ отау», «ақ жаулық» «ақ бата», «ақ дастархан», «ақ жол» және т.с.с. кездеседі.

<sup>2</sup> Осы ретте түстерге немесе бір ерекшелікке байланысты табиғат құбылыстарына да қатысты қолданатынын айтып өту абзал. Мұндай күйлердің қатарында «Сары бел», «Сары өзен», «Өріктікөл», «Ертіс толқыны» және т.б.

<sup>3</sup> Ең алғаш рет бұл ақпарат 1958 жылы «Жаңа өмір» газетінің 48-санында жарияланған екен.

Фольклорлық күйлер оң және теріс бұрауда кездеседі. Кейбір күйлер екі бұрауда бірдей кездесетінін көреміз. Яғни, «Көк дөненнің», «Майда жал», «Қос келіншек» оң бұраудағысы да, теріс бұраудағысы да бар. Олардың музыкалық айырмашылықтары айқын көрінеді. Күйлердің екпініне тоқталатын болсақ, күйлердің екпіні тақырыбына лайықты жылдам, орташа, баяу мінездемеде берілген. Мәселен жылдам екпінде жүретін күйлерде – «жүрдек», «жігерлі», «ат шабысындай сарылта», «шапшаң, сатырлата», «салтанатты», «ойнақы», «жеңіл», «желдірте», «тез жорғалата» деген анықтамалар қолданылған. Ал, орташа екпіндегі күйлерде «орташа жылдамдықпен», «саспай, нақпа нақтай», «шайқалта», «шалқыта», «кербез, шайқалта», «ұстамды», «нығарлай», «маңғаздана, салмақты», «орташа екпінде, бірқалыпты» деген анықтама берілген болса, баяу екпіндегі күйлерде «асықпай, біркелкі», «асықпай, сөздей анық», «аянышты», «толқындата», «асықпай, ойға шомғандай», «нәзік, әсерлі», «байсалды», «жәйлап, баппен» және т.б. пайдаланылған. Бұл ретте кейбір күйлердің екпіндік анықтамасында ортақ терминологиядан қарағанда аймақтық диалектімен берілген анықтамаларды аңғаруға болады.

Өлшем бірлігі тұрғысынан тұрақты және ауыспалы түрлері кездеседі. Күйлердің басым көпшілігі  $2/4$  тұрақты өлшемде жазылған<sup>1</sup>,  $2/4$  ауыспалы өлшем тұрақты өлшемнен қарағанда сирек кездеседі, бұл өлшемдегі күйлер көбінесе өзіне жақын қарапайым өлшем  $3/4$ -пен ауысады. Азын-аулақ  $2/4$  қарапайым түрінің сегіздіктегі өлшемдермен өзгереді, бұл ретте теріс бұраудағы «Кербез қыз» ( $2/4$  өлшемі  $7/8$ ,  $3/4$ ), «Беласар» ( $2/4$  өлшемі  $3/8$ ), оң бұраудағы «Құр ойнақ» ( $2/4$  өлшемі  $3/4$ ,  $5/4$ ), «Кеңес» ( $2/4$  өлшемі  $5/8$ ) ауысып тұрады. Халық күйлерінің ішінде бұл өлшемнен басқа  $4/4$  өлшемінің тұрақты және ауыспалы түрлері болады, ал сирек жағдайда  $3/4$ ,  $4/8$ ,  $5/8$ ,  $6/8$ ,  $7/8$  кездесіп қалады.

Теріс бұраудағы күйлердің тұрақты тірегі «с-с<sup>1</sup>» негізделген, күйдің әуені астыңғы ішекте өрбіп, үстіңгі ішек бурдон міндетін атқарады. Ал оң бұраудағы күйлердің басым бөлігінің тұрақты тіректегі «g-g» болса, сирек жағдайда «g-d<sup>1</sup>» мен «d-g» кездеседі. Бұл бұраудағы күйлердің әуені екі ішекте қатар өрбиді.

Оң бұраудағы күйлердің диапазоны бас буын мен орта буын көлемінде дамиды. Кейбір жағдайда күйлердің диапазоны кіші саға ауқымына дейін көтеріледі. Мұндай күйлерде, яғни «Бейжіннің Кеңес күйі», «Құр ойнақ» (I түрі), «Толғау» (I түрі), «Өрікті көл» атты күйлерде дыбыс көлемі кіші сағадағы «a<sup>1</sup>» дыбысына дейін жетеді. Бұл күйлердің басында немесе аяғында субкварта секірмесі жоғарғы немесе төменгі бағыттарда кездесетінін аңғарамыз.

Теріс бұраудағы күйлерде домбыраның бір ішегі бурдон міндетін атқарып, астыңғы ішегінде әуен өрбігендіктен диапазон ауқымын интервалдық өлшеммен анықтауға мүмкіндік берді. Мәселен теріс бұраудағы күйлердің диапазоны секундадан бастап октаваға дейін қамтылады. Олардың ішінде секунда, терция және кварта ауқымы сирек ұшырасады, яғни секунда – «Көк дөненнің аяңы», терция – «Боз ойнақ», «Екі атым», кварта – «Алпыс екі қоңыр» (II түрі), «Сал торы», «Мұңлы қыз». Мұндай туындылар шағындығына байланысты ең бастапқы деңгейдегі көнеліктің белгісін танытады.

Теріс бұраудағы күйлердің басым көпшілігі квинта және секста ауқымын қамтиды. Квинта диапазонындағы күйлердің арасында пентахорд («Ақсақ құлан» (I түрі), «Арда кер», «Кербез қыз» және т.б.) және пентатоника («Балжынгер» (I түрі), «Беласар», «Кәрі боз» және т.б.) түрлері бар. Ал секста ауқымындағы күйлер кіші сағаның «a<sup>1</sup>» дыбысына дейін жетеді («Ақсақ қаз», «Ертістің толқыны», «Шыңырау», «Құс сайрауы» және т.б.).

Бұл күйлердің қатарында септима және октава арақашықтығын қамтитындары да кездеседі. Олар көбінесе ионийлік («Сұр бөрте», «Сарып құлан» (II), «Қоштасу» және т.б.) және миксолидийлік ладта болады («Бөкен жарғақ», «Салторы» (I), «Қос келіншек» және т.б.). Аталған диапазондағы күйлердің басым көпшілігінде субкварта алынады<sup>2</sup>.

Күйлердің құрылысы әуендік тақырыптық тұтастығынан, немесе әуеннің түрленіп қайталануына, немесе жаңа әуеннің пайда болуынан аңғарылады. Соның негізінде бір күйдің

<sup>1</sup> Талдау барысында оң және теріс бұраудағы 100 күйдің 70 үлгісі  $2/4$  өлшемінде жазылған, сол 70 күйдің 50-ге жуығы тұрақтылықты көрсетеді.

<sup>2</sup> Теріс бұраудағы күйлердің ішінде субквартасыз болатын күйлер де кездеседі. Олардың қатарында «Ақсақ құлан» (I, II, III), «Қуғын», «Жорға аю», «Кербез қыз» (II), «Көк сандал», «Көк серке», «Сал жігіт» және т.б. бар.

негізінде бір немесе екі, үш әуедік тақырыптар кездеседі. Мәселен «Ақсақ қаз» күйінің 3 нұсқасын алып қарастырғанда, I түрінің музыкалық тақырыбын – кіріспе (5 т.), А (12 т.), В (8 т.), В1 (11 т.), II түрін – кіріспе (2 т.), А (5 т.), А1 (4), А3 (3 т.), В (6 т.), В1 (9 т.), III түрін – А (8 т.), А1 (6 т.), А3 (5) деп белгілеуге болады. Мұндай ерекшеліктерді Таулы Алтай қазақтарының музыкалық фольклорын зерттеген Х.Жүзбасов та домбыра күйлерінен аңғарып, ән бастамасының әсерінен болатынын айқындайды. Бұл туралы зерттеуші: «Отсюда домбровых кюйях песенное начало переплавлялось, трансформировалось в специфически инструментальный тематизм, мелодию, обуславливающийся как ритмическим дроблением, строением инструмента, приемами игры на нем. В домбровом искусстве приемы развития мелодии кюйя, имеющего либо одну, либо две или три темы, как правило, не контрастны, ибо весь конфликт, вся сюжетная фабула, перепитий каких-либо событий – все было сконцентрировано в рассказе или легенде. Благодаря многократной повторности, многочисленных пересказов одного и того же содержания кюйя – закреплялась как тема, а также вся композиционная структура кюйя в целом» [6, 30 б.] – деп жазған.

Мақаланың басында айтып өткендей, фольклорлық күйлердің негізінде күйші-композиторлардың шығармашылығының қалыптасқаны аңғарылады. Ойымызды дәлелдеу мақсатында, халық күйлерінің жанрлық сипаттамасын анықтау арқылы олардың музыкалық болмысы жеке күйшілердің шығармашылығында жалғасқанын дәлелдейміз.

Күйлердің жанрлық сипаттамасын анықтау барысында музыкалық мазмұнның тақырыппен байланысы айқын көрінеді<sup>1</sup>. Мәселен бұл өңірде *бейнелеу* сипаттамасындағы күйлер кең таралған. *Бейнелеу* күйлердің музыкалық сипаттамасында негізгі ойды айқындау үшін, еліктеу арқылы соған тән ұқсас тәсілдер қолданылады. Олар «қағыс, иірім, орындаушылық тәсілдер (глиссандо, флажолет, дыбыстардың лигалануы және мелизмдер – форшлаг, нахшлаг, мордент, трель) арқылы – құланның, аттың, киіктің шабысы, аққудың ұшқаны немесе қаңқылдағаны, бұлбұлдың сайрағаны, аюдың, қаздың жүрісі, иттің, қасқырдың ұлуы және т.с.с. берілгендіктен күйлердің бейнелік сипаттамасы жекешеленеді» [8, 41 б.]. Бейнелік сипаттамасында шығарылған күйлер дүние жаратылыстарын музыка тілінде жандандыруға бағытталған. Мұндай туындылардың қатарына халық күйлері «Ақсақ аю», «Құр ойнақ», «Балжынкердің шабысы», «Сарып құлан», «Құс сайрауы», Құсайын Малшыбайұлының «Бұлбұл торғай», «Ақжал жүйрік» Ахмерұлы Қабыкейдің «Аққу», «Аққу көлі», «Сары ала қаз», Қилыбайұлы Риян «Бәйге», Құйысханұлы Бәделдің «Қызыл аттың жүрісі» және т.б. жатады.

Баян-өлгий күйлерінің ішінде басты ой образды сипатталған, музыкалық мазмұнда *суреттелін* берілетін күйлер де кездеседі. Мәселен, суреттеу сипаттамасындағы күйлердің ішінде қыз-баланың болмысы, яғни оның жүріс-тұрысы, нәзіктігі, кербездігі (халық күйлері «Кербез қыз», «Мұңлы қыз», Мұсайыптың «Жәзира»), табиғи құбылыстардың көрінісі (халық күйлері «Ертіс толқыны», «Сары өзен», Сейітжанның «Өрікті көл», Төлеубайдың «Сырғалы көлінің толқыны», Жантайлақұлы Хасиханның «Бұлғын өзені») және жан-жануарлардың кейіпі (халық күйлері «Кәрі боз», «Сал торы», «Тел қоңыр», «Бозинген») музыка тілімен берілген.

Сондай-ақ бұл аймақ туындыларында речитативті және баяндау сипатындағы күйлерді де кездестіруге болады. Яғни ырғақ, қағыс, әуен иірімдері күй атауының немесе күй аңызындағы сөздің, сөйлемнің буындық құрылысы сақтап, *речитативті* сипаттаманы беретіндері де байқалады. Аспапты музыкадағы речитатив туралы пайымдаған В.Назайкинский: «Влияние слова в области инструментального тематизма сказалось как в применении речитативных интонаций, так и в построении темы на основе ритма словесной фразы» [7, 14 б.] – дейді. Баян-өлгий қазақтарының домбыра күйлерінің ішінде «Өрелі кер», Хұмар Сағынғанұлының «Аман барып, аман қайт» және т.б. жатады. Ал баяндау сипатындағы күйлерде бір оқиғаның немесе ірі тұлғаның ерлігі, хикаялары тұтас шығармаға негіз болып тұрған туындыларға халық күйі «Шұбырынды», Матайұлы Бердібайдың «Зар заман», Тауданбекұлы Дәуітбайдың «Жаяу солдат» және т.с.с. жатады.

Бай өлкеде ырғақ, өлшем және қағыс тұрақтылығын сақтап, екпінді сипаттамасымен ерекшеленетін *екпінді* күйлер де кездеседі. Адамның қуанышты көңіл күйінен, механикалық заттардың үнемі қозғалысынан және т.б. туындайтын мұндай шығармаларға Өсерханның

<sup>1</sup> Бұл мәселені теориялық тұрғыдан «Жанровые начало и прототипы» деп қарастырған Е.Назайкинский [7].

«Бейбітшілік құсы», Малшыбайұлы Хұсайын «Паравоз», Бәкерұлы Қытайбайдың «Темір тұлпар», Құсайынұлы Мүсейіф «Бақыт құшағында» және т.б. мысал ретінде келтіруге болады.

Моңғолия қазақтарының фольклорлық домбыра күйлерінің зерттелуін қорытындылай келе бірнеше тұжырым береміз:

1. Қазақтың аспаптық музыка өнерінің негізін құрайтын суырып-салма дәстүрі Моңғолияға қоныстанған қандастарымызда бүгінгі күнге дейін қаймағы бұзылмай жеткен. Соның нәтижесінде көне домбыра және сыбызғы күйлері сақталып, осы аспаптарда орындаушылық және композиторлық бағыттар тең дәрежеде дамып, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып қазақтың аспаптық музыкасында оқшау тұратын аймақтық дәстүрді қалыптастырды. Бұл өлкедегі суырып-салма дәстүрдің сақталуы сыбызғы күйлерін домбырада, ал домбыра күйлерін сыбызғыда орындауға, домбырашылар сыбызғы аспабына арнауға, ал сыбызғышылар домбыра аспабына арнап күй шығаруға мүмкіндік берген. Осы арқылы домбыра және сыбызғы күйлерінің көне үлгілерінің тарықптық ерекшеліктері біртұтас қарастырылып, оның қыр-сырын айшықталды.

2. Моңғолия қазақтарында кең таралған домбыра және сыбызғы аспабына арналған халық күйлері көбінде аңыз күйлер екені анықталды. Көне аңыз күйлер болғандықтан олардың қайнар бұлағы діни наным-сенімдермен, архаикалық ғибадаттармен (мифологиялық), тұрмыс-салтпен, әдет-ғұрыппен, табиғи құбылыстармен, тарихи уақиғалармен ұштасып жатқаны анықталды. Олардың беймузыкалық компоненттер тұрғысынан қарастырғанда атқаратын міндеттерінің полифункционалдығы бекітілді. Нәтижесінде тұрмыс-салт пен әдет-ғұрып, діни наным-сеніммен табиғи құбылыс т.с.с. болып астасатынын дәлелденді. Сондай-ақ бұл күйлердің тақырыптық ерекшелігінде көне замандағы қазақ этносының тұрмыс тіршілігі мен халықтың дүниетанымына байланысты символдық бейнелер мен символдық түстердің көрініс тапқандығы анықталды.

3. Домбыра күйлерін талдау барысында бұл өлкеде Қазақстанның басқа аймақтарында кездесетін оң және теріс бұраудағы күйлер кең таралғаны айқындалды. Олардың музыкалық ерекшелігінде кездесетін өлшемнің тұрақтылығы, екпін анықтамасындағы аймақтық диалекттің басым пайдаланылуы, күй басындағы немесе күйдің аяғындағы жоғары немесе төмен бағыттағы субкварта секіrmесі, қысқа мәтіннің варианттылығы немесе бірнеше қысқа мәтін жиынтығы, күйлердің жанрлық сипатамасының жіктелуі аймақтық домбыра күйлерінің стильдік ерекшелігін көрсетеді. Бұл ерекшеліктер авторлық шығармашылықта жалғасын тауып, дамытылуы, соның негізінде бірнеше буын күйшілері тәрбиеленіп, домбыра күйшілік дәстүрінің ұрпақтар арқылы сабақтастығының үзілмей жалғасуы Моңғолия қазақтарының күйшілік мектебінің қазақтың жалпы күйшілік мектептер жүйесіндегі орнын белгілейді.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- [1] Баян-Өлгий қазақтарының домбыра және сыбызғы күйлері. – Өлгий, 1977. – 205 б.
- [2] Мұқышев Т. Сыбызғы сазы. Моңғолиядағы Баян-Өлгий қазақтарының сыбызғы күйлері. – Алматы: Өнер, 2005. – 80 б.
- [3] Хұсайынұлы М. Алтай-Қобда домбыра күйлері. – Алматы: 2011. – 206 б.
- [4] Кәмәләшұлы Б. Баян-Өлгий аймағының жастар ұйымдары. /Тарихнама/. – Өлгий, 2001. – 70 б.
- [5] Төлеухан К., Ысқақ Т. Баян-Өлгий музыка мәдениеті. – Өлгий: 1981. – 107 б.
- [6] Жузбасов К. Музыкальный фольклор казахов горного Алтая. – Алматы: Өнер, 2007. – 168 с.
- [7] Назайкинский Е.В. Стиль и жанр в музыке: Учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений. – Москва: Гуманит. изд. центр ВЛАДОС, 2003. – 248 с.
- [8] Қазтуғанова А. Қазақтың арнау күйлері (жанр және стиль мәселелері). – Алматы, 2008. – 248 б.

#### Музыкальные и немзыкальные особенности фольклорных кюйев (на основе инструментальной традиции казахов Монголии)

А.Ж. Казтуғанова

zhasaganbergen@mail.ru

Институт литературы и искусства им. М.О.Ауэзова, г.Алматы

**Ключевые слова:** кюй, музыка, искусство, традиция, звук, творчество, исполнительство.

**Аннотация.** В статье рассматриваются музыкальные и немзыкальные особенности фольклорных домбровых кюйев казахов Монголии. По содержанию легенд определена тематическая систематизация кюйев, обозначены символические цвета и образы в казахском миропонимании. При анализе музыкальных особенностей (темп, размер, ритм, мелодия) выявлены виды вариантности и цикличности народных кюйев.

**Сведения об авторе**

**Казтуғанова Айнура Жасанбергеневна** – кандидат искусствоведения, Старший научный сотрудник Института литературы и искусства им. М.О.Ауэзова.

Поступила 15.07.2015г.



**NEWS**

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN  
**SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES**

ISSN 2224-5294

Volume 4, Number 302 (2015), 161 – 164

**УДК 657.044****THE WAYS OF IMPROVING INVENTORY ACCOUNTING****A.T.Kokenova, A.R.Kalymbetova, A.A.Saparova**

This article discusses the ways to improve the inventory in agricultural organizations.  
Keywords: inventory, inventory, accounting policy, responsibility centers, cost.

**ҚОРЛАР ЕСЕБІН ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ****А.Т.Көкенова, А.Р.Калымбетова, А.А.Сапарова**  
**Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ**

Бұл мақалада қазіргі таңда ауыл шаруашылығы ұйымдарында қорлар есебін ұйымдастыруды жетілдіру жолдары қарастырылған.

Кілт сөздер: қорлар, өндірістік қорлар, есеп саясаты, жауапкершілік орталықтары, шығындар

Бухгалтерлік есеп жүйесін реформалаудың басты мақсаты - нақты экономикалық ортада бухгалтерлік есеп жүйесінің өзіне тиісті қызметтерін кезекпен, пайдалы, тиімді және ұтымды орындау үшін қолайлы жағдай жасаудан тұрады. Ол үшін қазақстандық бухгалтерлік есеп жүйесінің әлемде жалпы қабылданған бухгалтерлік есеп жүргізу көзқарастарына қарама қайшы болмауын қамтамасыз ету қажет.

Қазіргі таңдағы бухгалтерлік есеп жүйесінің ХҚЕС және ҚЕҰС қолдануы жағдайында, ауыл шаруашылығы ұйымдары шағын кәсіпкерлік субъектілері ретінде және ауыл шаруашылығы өнімін өндіруші кәсіпорындар ретінде есептіліктерін ҚЕҰС №1 –не сәйкес ұйымдастыруға құқылы. ҚЕҰС №1 сәйкес қорлар келесідей жіктеледі:

- қайта сату үшін сатып алынған және сақталудағы тауарлар;
- қайта сатуға арналған мүліктер (жер, ғимарат, көлік құралдары);
- өндірілген және сатуға арналған дайын өнім;
- өнім өндіруге және өндірісті қамтамасыз ету үшін арналған шикізат пен материалдар;
- аяқталмаған өндіріс;
- өзге де көмекші қорлар.

Біздің ойымызша бұл анықтама – ауыл шаруашылығы өндірісінің ерекшелігін ескермеген. Бұл нормативті құжатқа сәйкес, ұйым ішінде өндірілетін қорлардың көп бөлігі (жем-шөп және өз өндірісіндегі тұқымдық материалдар, табиғи тыңайтқыштар) материалдық өндірістік қорлар қорлар құрамына кірмей қалады, себебі бұл нормативті құжатта дайын өнімді пайдаланудың бір ғана бағыты көрсетілген – ол өнімді сату.

Сонымен қатар материалдық өндірістік қорлар құрамында қорлардың элементтері – дайын өнім мен тауарлар жеке аталып, оларға анықтама берілген. Ал ауыл шаруашылығы өндірісіндегі негізгі элемент – меншікті қорлар ескерусіз қалған. Біздің ойымызша, экономикалық ақпаратты пайдаланушыларда материалдық өндірістік қорлардың осы бөлігіне бірегей көзқарасты қалыптастыру үшін өндірістік қорларға келесідей анықтама беруге болады: **өндірістік қорлар (материалдар)** дегеніміз – ұйым балансының активінде көрініс табатын, экономикалық субъектінің меншігі болып табылатын, сатып алынған, өндірілген, басқа да көздерден алынған, ұйымның басқару және басқа да қажеттіліктері үшін бір өндірістік кезең барысында пайдаланылатын (жарғы құжаттарымен бекітілген қызметті жүзеге асыру үшін); өзінің табиғи және сапалық көрсеткіштерін өзгертетін немесе өзгертпейтін материалдық құралдар мен еңбек заттары.

Бұл анықтамада, біз қорлардың экономикалық және бухгалтерлік мағынасын біріктіруге тырыстық. Қорлардың экономикалық мағынасы – құрамын еңбек заттарымен қатар еңбек құралдары да кіретіндігінде (нормативті құжаттармен пайдалану мерзімі анықталып көрсетілген 12 ай немесе бір өндірістік кезең). Еңбек құралдары бұл жерде өз құнын дайын өнімге бірте-бірте аудару қасиетін жоғалтады. Ал қорлардың бухгалтерлік мағынасы мүлктік иелікке басымдылық берумен кеңітілген сияқты.

Қорлардың орташа өзіндік құнын анықтау үшін нақты есепті кезең бір ай деп белгілеу қорлар есебінің басқару қызметін шектейді. Мысалы ірі өндірістік кәсіпорындарда өндіріске жұмсалатын және басқа да қажеттіліктерге пайдаланылатын қорлардың орташа өзіндік құнын анықтау қажеттілігі бір айдан қысқа мерзімде (декада- онкүндік) туындауы мүмкін, ал шағын кәсіпкерлік субъектілері ай сайын баланс құруға міндетті емес, яғни оларға материалдардың орташа өзіндік құнын тоқсанына бір рет есептеуге болады. Осыдан, орташа өзіндік құнды нақты айына бір рет есептеу кезеңділігінің орнына қажетті есепті кезеңді пайдаланған дұрыс.

Есепті жетілдіру бағыттарының бірі болып оны компьютерлік жүйелерді пайдаланудың көмегімен тиімді жүргізу. Басқару тиімділігін көтеру үшін материалдық ресурстарды басқаруды жетілдіру қажет. Тәжірибе көрсеткендей мөлшерден тыс қорларды ең төменгі қысқартудың өзі біршама қаржылық ресурстарды босатуға және тұрақты пайда алуға мүмкіндік береді. Бірақ өнім шығарудың үлкен номенклатурасымен, көп мөлшерде әртүрлі шикізаттарды пайдалану қажет болған жағдайда, қорлар деңгейін тиімді мөлшерде жасауға қатысты мақсаттарды шешу қиындайды. Бұл жерде материалдық ресурстар қозғалысының нақты және жедел есебін жолға қоюға мүмкіндік беретін компьютерлік жүйелер көп көмек береді. Қазіргі кезде материалдық қорлар бойынша есеп, басқару және бақылау жұмыстарын жеделдетуге мүмкіндік беретін көптеген компьютерлік бағдарламалар жасалған. Мысалы өндірістегі материалдар есебін ұйымдастыру бойынша олар лимитті-жинақтама карталарын, қорлар қозғалысы бойынша құжаттарды, есептен шығару актілерін, өндірістік есептерді құруға мүмкіндік береді. Бұл жүйелерде өндіріске қорларды жіберуде сандық және құндық мөлшерлерді бақылау жүзеге асырылған. Мөлшерлеме өндіріске материалдарды жіберуге негіз болып табылатын құжат лимитті-жинақтама картаны рәсімдеу кезінде енгізіледі. Мөлшерден тыс жіберетін жағдайда өндіріске жіберу жүкқұжатында тиісті рұқсаттың деркетемелері келтіріледі. Мөлшерлерді бақылау белгілі көрсеткіштермен реттеледі. Пайдаланушы өндіріске мөлшерден тыс қорларды жіберу бойынша ведомостарды және мөлшерлеменің қалдықтары (артық жұмсалуды) бойынша есептерді қалыптастыруы мүмкін. Сонымен қатар бір материалдардың жетіспеушілігі жағдайында, оларды басқа бір түрімен алмастыру мүмкіндіктері ұсынылады. Дайын өнім өндірісіне жұмсалған шикізаттардың нормативті және нақты шығындары туралы есептілікте материалдарды есептен шығарудың әртүрлі нұсқалары есепке алынады. Материалдық шығындар есебі дайын өнім түрлері бойынша жүргізіледі. Бұндай жүйе түрлері саладағы кәсіпорындарда пайдалануы және олардың ерекшеліктеріне қарай жасақталуы мүмкін.

Сонымен қатар қорлар есебін ұйымдастыруда шаруашылықтың еңбек құралдары болып табылатын 1350 шотында есепке алынатын шаруашылық құралдарының есебі ерекше маңызға ие. Активтердің бұл түрі пайдалану мерзіміне байланысты екіге бөлінген - бір бөлігі негізгі құралдар құрамына кіруі тиіс, ал екіншісі өндірістік қорлар құрамына кіреді. Қандай құралдарды қай шоттарда есепке алу керек екендігі туралы шешімді, ұйым қызметінің сипаты мен шарттарына байланысты, ұйым басшысы қабылдайды. Бұл шешім ұйымның есеп саясатында бекітіледі.

Айналымдағы мүліктер құрамына кіретін шаруашылық құралдарының есебі мен бақылауын нақты дұрыс ұйымдастыру үшін:

- қоймаларда сақталуы мен пайдалану барысында дұрыс жақсы жағдайды қамтамасыз ету қажет;
- сақтау мен пайдалану орындарында жедел қабылдау, жіберу және нақты барын тексеру мүмкіндігін қамтамасыз ететін тәртіппен орналастыру қажет;
- қабылдау, сақтау, жіберу, операцияларды дұрыс және уақытылы рәсімдеу үшін жауапты тұлғаларды анықтау, жауапты тұлғалармен материалдық жауапкершілігі туралы жазбаша келісім-шарт жасау;

- шаруашылық құралдарын алу, өндіріске жіберу және есептен шығару бойынша есеп құжаттарына қол қою құқығы бар қызметті тұлғаларды белгіленген тәртіппен бекіту;
- шаруашылық құралдарының қозғалысы бойынша операцияларды рәсімдеу тәртібін құжат айналымында анықтап белгілеу;
- қоймалардағы және қолданыстағы шаруашылық құралдарын түгендеудің мезімдерін анықтау.

Сонымен қатар, ұйымның есеп саясатында шаруашылық құралдарының құнын есептен шығару мерзімі туралы мәселе ашып қарастырылуы қажет. Бұл топтағы өндірістік қорлардың құнын есептен шығару мерзімі болып, бір жағынан қолданысқа жіберу сәті саналуы мүмкін, ал екінші жағынан, активтің қызмет ету мерзімінің аяқталған, есептен шығарылған уақыты болуы мүмкін. Экономикалық көзқарастан бұл жерде бірінші нұсқаны пайдаланған дұрыс, себебі қолданысқа жіберілген шаруашылық құралдардың құны бірден дайын өнімге кеткен материалдық шығындар құрамына кіреді. Дайын өнімді сатқаннан кейін, қолданыстағы шаруашылық құралдарын, олардың қызмет ету мерзімі бітпей тұрып жаңа құралдармен алмастыру мүмкіндігі туындайды. Екінші нұсқаға қарағанда, бұл жерде қорларды тиімді пайдалануға мүмкіндік беретін, олардың айналым қарқыны өседі. Бірақ, біздің ойымызша, бірінші нұсқаның бір кемшілігі бар – ол қолданысқа жіберілген және сол сәтте есептен шығарылған шаруашылық құралдарына бақылаудың жеткіліксіздігі.

Нормативті құжаттарға сәйкес шаруашылық құралдарын қоймадан қолданысқа жібергеннен кейін, олардың бары мен қозғалысын бақылау жедел тәртібімен жүзеге асыру ұсынылады. Бірақ бақылаудың қандай әдістері мен тәсілдерін қолдану керек екендігі түсініксіз. Сонымен қатар активтердің жеке осы түрімен байланысты бастапқы құжаттар да қарастырылмаған.

Сонымен қатар қорлар есебін жетілдіру мақсатында реттелу дәрежесі бойынша шығындарды жіктеу және ұйымдарда есепті аналитикалық қамтамасыз етуді ұйымдастыруды жауапкершілік орталықтарына бөлумен қатар қолдануға болады.

Отандық және шетел әдебиеттерінде жауапкершілік орталықтары бойынша есепті жүргізуге көп көңіл бөлінеді.

– Жауапкершілік орталықтары бойынша есепті жүргізу жүйесін анықтауда А.Апчеч жұмыстары ерекше орын алады [1].

Өз жұмысында ол бюджеттік жоспарлау мен бақылаудың ішкі жүйесінің қызмет жасауы, әдетте менеджерлердің жауапкершілік аясына сәйкес келетін, оның ұйымдық құрылымымен анықталады. Барлық ұйымдарда (шағын кәсіпорындардан басқа) шешімдерді қабылдау құзыреттілікті бөлу арқылы жүзеге асырылады.

Жауапкершілік орталықтары бойынша есепті ұйымдастыру қағидасы – қаржылық бақылау процедуралары басқарушылар арасында жауапкершілікті бөлудің құрылымын көрсететіндей болып жасалуы тиіс дегенді білдіреді.

Жауапкершілік орталықтарын анықтауда В.Л.Назарова, М.С.Жапбарханова көзқарастарын атап көрсету қажет [2]. Авторлар, ең алдымен кәсіпорынның технологиялық құрылымын есепке алады, содан кейін оның тікелей және көлденең жолдарын бөліп көрсетеді. Бұл көзқарас ортақ мақсатқа жету үшін орталықтандырылған басқаруды кәсіпорынның құрылымдық бөлімше басшыларының барынша мүмкін ойларымен қатар қарастыруға мүмкіндік береді.

Жауапкершілік орталықтары бойынша есепті ұйымдастыруда әрбір орталық менеджерлерінің құқықтары, міндеттері және құзыреттіліктері аясын нақты белгілеу қажет, және олардың көпшілігінде тек шығындарды өлшеу ғана емес, сонымен қатар орталық қызметінің көлемін өлшеуге мүмкіндіктің болуына талпыну керек.

Тәжірибе көрсеткендей, жауапкершілік орталықтарын тиісті менеджерлердің міндеттері мен құзыреттерінің көлемі бойынша жіктейді.

Осы қағидаға сәйкес Б.А.Мархаева, Қ.П.Батырбеков жауапкершілік орталықтарын – ағымдағы шығындар орталығы, инвестиция орталығы, сату орталығы және пайда орталығы деп бөледі [3].

Шығындар орталығы – есепте берілген бірліктің шығындарын бақылауды жүзеге асыруға анықталған, ұйым қызметінің кез-келген бірлігі. Бұл бірлікте мөлшерлеуді, жоспарлауды, пайдаланылған ресурстарды есепке алуды, олардың пайдаланылуын бағалауды және шығындардың пайда болуына жауапты тұлғаны анықтауды ұйымдастыруға болады деп күтіледі.

Шығындар орталығы ретінде кәсіпорынның ұйымдық бірлігі (бөлімше, бригада және т.б) болуы мүмкін, немесе тиісті ұйымдық бірлік жеке шығын орталықтарына бөлінеді. Шығындар орталығын бөлудің негізі болып операциялар мен қызметтерді орындаудың бірегейлігі табылады.

Шығындар орталықтарын қалыптастыруды кәсіпорынның ұйымдық және технологиялық ерекшеліктерін зерттеу және талдау негізінде жүзеге асыру керек.

Шығындар орталықтары екі бағытта жұмыс жасай алады. Тиімділік қағидасына сәйкес келесі екі мақсаттың біреуін іске асыруға мүмкіндік беретін шешім тиімді болып табылады.

1) белгіленген шығындар деңгейінде ең көп нәтиже алу;

2) белгіленген нәтижеге жету үшін қажетті шығындарды ең төменгі деңгейге жеткізу.

Сату орталықтары – бұл басшылары өнімді, тауарды, қызметті сатудан түскен табысқа ғана жауап беретін бөлімшелер. Оларға өндірісте немесе сатып алуда пайдалы тауарлар туралы ақпарат ұсынылады, ал қызметінің нәтижелері сатудың көлемі мен құрылымы бойынша натуралды және құндық көрсеткіште бағаланады.

Пайда орталығы – бұл басшысы табыстар үшін де, шығыстар үшін де жауап беретін бөлімше.

Кәсіпорындағы есеп-аналитикалық басқару жүйесін жасақтауда – жауапкершілік орталықтарын бөліп, шығындар мен құзеттерді бөлістіру – негізгі пункт болып табылады.

Қорларды басқаруды есеп-аналитикалық қамтамасыз етуге қатысты ауыл шаруашылығы ұйымдарында келесі жауапкершілік орталықтарын бөлуге болады:

- Сатып алу орталығы – дайындау өндірісі, материалдық-техникалық жабдықтау бөлімі. Бұл бөлімшелер өндіріс пен басқарудың қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында, қорлармен үздіксіз қамтамасыз етуге жауапты.

- Шығындар орталығы – шикізат ресурстарының пайдалану мөлшерлерінің сақталуына, өндіріс процесі кестесінің сақталуына жауапты жеке бөлімшелер.

- Пайда орталығы - өндіріс бөлімшелері. Өнімнің шығуы, өндірілетін өнімнің өзіндік құны бағаланады.

- Сату орталықтары - өнімді өткізу қызметі (сату және маркетинг бөлімшелері). Бұл орталықпен сату көлемі, тауарлы өнімнің баға саясаты, тауарлы өнім портфелін қалыптастыру бақыланады.

Кәсіпорындарда таңдалған шығындар есебінің әдісіне қарамастан материалдық-өндірістік шығындар туралы ақпаратты қалыптастыру маңызды[4]. Түрлі мақсаттарға бюджет баптарымен байланыстағы тиімді материалдық шығындарды анықтау қажет, соның ішінде жеке жауапкершілік орталықтарына қатысты да. Ауыл шаруашылығы ұйымдарында маңызды шығын баптары болып өсімдік шаруашылығы, мал шаруашылығы өнімдерін өндіру барысында оларды материалдық шығындар деп тану табылады.

## ӘДЕБИЕТ

[1] Апчерч А. Управленческий учет: принципы и практика. Перевод с английского / под редакцией Я. В. Соколова, И. А. Смирновой. – М.: Финансы и статистика, 2002. - 952 с.

[2] Назарова В.Л., Жапбарханова М.С., Фурсов Д.А., Фурсова С.Д. Басқару есебі. Алматы: Экономика, 2007. -298б.

[3] Назарова В.Л. и др. Управленческий учет: Учебник – Алматы: Экономика, 2004. – 308 с.

[4] Соколов Я. В. и др. Бухгалтерский учет в зарубежных странах М.: ТК Велби, изд-во «Прспект», 2005. - 664с.

### Пути совершенствования учета запасов

**А.Т.Көкенова, А.Р.Калымбетова, А.А.Сапарова**

В данной статье рассматриваются пути совершенствования учета запасов в сельскохозяйственных организациях  
Ключевые слова: запасы, производственные запасы, учетная политика, центры ответственности, затраты.

А.Т.Көкенова. экономика ғылымдарының кандидаты, доцент ХГТУ

А.Р.Калымбетова. Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ доценті

А.А.Сапарова. Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ экономика ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы

Поступила 05.07.2015 г.

**NEWS**

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

**SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES**

ISSN 2224-5294

Volume 4, Number 302 (2015), 165 – 166

**УДК 657.044****ESTIMATING OF POSSIBLE PROBLEMS  
IN AGRICULTURAL PRODUCTS ACCOUNTING****A.T.Kokenova, A.R.Kalymbetova, A.A.Saparova**

This article discusses estimating of possible problems in agricultural products accounting in accordance with IFRS.

**Key words:** accounting, valuation, the fair value of biological assets.

**АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ӨНДІРІСІ ӨНІМІН БАҒАЛАУ ЖӘНЕ ЕСЕПКЕ АЛУ  
МӘСЕЛЕЛЕРІ****А.Т.Көкенова, А.Р.Калымбетова, А.А.Сапарова****Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ**

Бұл мақалада халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес ауылшаруашылығы өндірісі өнімін бағалау және есепке алу мәселелері қарастырылған.

Кілт сөздер: есеп, бағалау, әділ құн, биологиялық активтер.

**ПРОБЛЕМЫ ОЦЕНКИ И УЧЕТА  
ПРОДУКЦИИ СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННОГО ПРОИЗВОДСТВА**

В данной статье рассматриваются проблемы оценки и учета продукции сельскохозяйственного производства в соответствии с МСФО

Ключевые слова: учет, оценка, справедливая стоимость, биологические активы.

В настоящее время низкая доходность сельскохозяйственного производства обусловлена особенностями его положения, при котором отрасль обладает относительно низким потенциалом. Но целом сложившиеся условия в сельском хозяйстве, применение новых форм экономических взаимоотношений, позволяют повысить эффективность производства.

Одной из приоритетных направлений в настоящее время является программа развития собственного сельскохозяйственного производства, обеспечивающего продовольственную безопасность страны, занятость и снижение уровня бедности населения.

